

«ОРИОН ДИСТРИБЬЮШН» Renault Қазақстан ресми дистрибьюторы
Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылдық округі, Бесағаш ауылы,
Райымбек батыр к-сі, 165 ғимарат, Индекс 041600
www.renault-kazakhstan.kz

NU 1237-4 – 99 91 018 96S – 07/2021 – Edition Kaz



2N



Renault ARKANA

Пайдалану нұсқаулығы



Өз автокөлігіңізге қош келдіңіз

Бұл пайдаланушы нұсқаулығы Сізге келесіге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтиды:

- автокөлікпен танысу, оны дұрыс пайдалану және оның мүмкіндіктері мен оны құруда қолданылатын техникалық жетістіктерден барынша пайда алу;
- қарапайым, бірақ маңызды техникалық қызмет көрсету нұсқауларын қатаң сақтай отырып, автокөліктің ұзақ тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- маманның араласуын қажет етпейтін ұсақ ақауларды тез жою.

Осы нұсқаулықты оқуға кететін аз уақыт сіздің автокөлігіңіздің конструкциясында қолданылған функционалдық мүмкіндіктер мен техникалық жаңалықтар және оларды пайдалану ережелері туралы алынған мәліметтер арқасында өтеледі. Егер сізге автокөлік туралы қосымша ақпарат қажет болса, өндіруші компанияның сервистік станциясының мамандары кез-келген кеңес беруге қуанышты болады.

Көрнекілік үшін келесі таңбалар қолданылады:



және



Автокөліктің белгілі бір жабдығында қолданылатын бұл символдар пайдалану нұсқаулығында осы жабдық және/немесе онымен жұмыс істеу бойынша шектеулер туралы ақпаратпен танысу қажет екенін білдіреді.

➔ Осы нұсқаулықтың мәтінінің кез келген жеріндегі бұл белгі көрсетілген бетке көшуді білдіреді.



Нұсқаулықтың кез келген жерінде қауіп туралы ескертуді немесе қауіпсіз пайдалану жөніндегі ұсынысты көрсетеді.

Осы пайдалану нұсқаулығы құжатты жазу кезінде бар техникалық сипаттамаларына негізделген модельдің сипаттамасын қамтиды. Нұсқаулық осы модельдің автокөліктеріне орнатылған жабдықтың барлық түрлерін (сериялық және қосымша) қамтиды, бірақ оның сіздің автокөлігіңізде болуы жабдықтауға, таңдалған опцияларға және жеткізу еліне байланысты.

Нұсқаулықта осы модельдегі автокөліктерді оларды өндірудің алдағы кезеңінде жабдықтау жоспарланған жабдықтар туралы ақпарат болуы мүмкін.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер тек мысал ретінде келтірілген.

Мәтінде айтылған өндіруші компанияның «өкілдері» немесе «сервистік орталықтары» ресми Renault дилерлік желісін білдіреді.

Жаңа автокөлікпен сапарыңыз әрқашан сәтті болсын!!

Француз тілінен аударма. Осы құжатты немесе оның бөліктерін компанияның алдын ала жазбаша рұқсатынсыз кез келген тәсілмен аударуға және өзгеше көшірмелеуге тыйым салынады.

СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ

45264

Электр әйнек көтергіштер
➔3.15

Жел әйнегінің шыны тазартқышы
➔1.81

Булану ➔3.5 и ➔3.9

Артқы көрініс айналары
➔1.49

Кілт / қашықтан басқару © 1.2

Кілт-карта ➔1.5

Есік құлыптарын бұғаттау /
бұғаттан шығару ➔1.12

Автокөлік шанағына күтім ➔4.17

Шиналар ➔5.8

Жарықтандыру құрылғылары:
жұмыс:
➔1.76

Жарықтандыру құрылғылары:
алмастыру
➔5.12



Жанармай құю ➔1.83

САЛОНЫ

Жүргізуші орнын
реттеу ➔1.21

Заттық бөлімшелер / салон жабдықтары
➔3.22

Артқы көп орынды орындық
➔3.27


Артқы бас тірегіштер ➔3.26

Алдыңғы орындықтар ➔1.19

Алдыңғы орындықтардың бас тірегіштері
➔1.18


Балалардың қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жүйесі
➔1.32

Заттарды жүксалғыш бөлімшеде
тасымалдау ➔3.30



ЖҮРГІЗУШІ ОРНЫ

45270



АВТОКӨЛІКТІ БАСҚАРУҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ

45271

ABS (бұғаттауға қарсы жүйе – тежеу кезінде дөңгелектердің бұғатталуын болдырмайтын жүйе, АБС)

ESC (траекторияны тұрақтандыру жүйесі)

Төтенше тежеу жүйесі

Өрге көтерілгенде көмек көрсету

жүйесі ➔2.26

Соқыр аймақтарды басқару жүйесі

➔ 2.44

Тұрақ кезінде қашықтықты

бақылау жүйесі ➔2.41

Артқы көрініс камерасы ➔2.43

Айналмалы бейне шолу жүйесі

➔2.51



Жылдамдықты шектеу жүйесі
(«шектегіш») ➔2.30

Жылдамдықты реттеу жүйесі
(«реттегіш») ➔2.33

Шиналардағы қысымның
төмендеуін көрсету жүйесі ➔2.17

Трансмиссия: толық жетек
➔2.22


Алдыңғы қауіпсіздік
көпшіктері ➔ 1.25

Алдыңғы жолаушының
қауіпсіздік көпшігін
ажырату ➔ 1.46

Бүйірлік қауіпсіздік перделері
➔ 1.30

Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері
➔ 1.30

Қауіпсіздік белдіктері ➔ 1.21



АВТОКӨЛІКТІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ, ТАҚТАЙШАЛАР

45267

Автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасы
➔6.2



Қозғалтқыштың сәйкестендіру
тақтайшасы ➔6.3



Шиналардағы қысым көрсеткіші бар
затбелгі ➔2.17 ➔4.13


Әйнек жуғыштарға арналған
сұйықтық ➔4.9

Салқындатқыш сұйықтық деңгейі
➔4.9

Мотор майына арналған құю
мойнының қақпағы ➔4.6

Мотор майының деңгейін
бақылау сүңгіші ➔4.4

Капотты ашу ➔4.2



Тежегіш сұйықтығы ➔4.9
9..9

Акумулятор батареясы
➔5.25

КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ

Жел әйнегі
тазартқыштарының
щеткаларын ауыстыру
➔5.31


Фара шамдарын ауыстыру
➔5.12

Автокөліктің алдыңғы
жағындағы сүйреткіш
құлақшаны бекіту орны
➔5.32



Артқы шамдарды ауыстыру
➔5.15

Автокөліктің артқы
жағындағы сүйреткіш
құлақшаны бекіту орны ➔5.3



Шинаны жару

Құралдар ➔5.2

Қосалқы дөңгелек ➔5.3

Дөңгелекті ауыстыру
➔5.6



Сақтандырғыштар ➔5.21



М А З М Ұ Н Ы

Тараулар

Автокөлікпен танысу

1

Автокөлік жүргізу

2

Жайлылық

3

Техникалық қызмет көрсету

4

Практикалық кеңестер

5

Техникалық сипаттамалар

6

Әліпбилік көрсеткіш

7




1-тарау. Автокөлікпен танысу

Кілт, қашықтан басқару радиожиілікті пульті: жалпы ақпарат, пайдалану.....	1.2
Кілт-карта: жалпы ақпарат, пайдалану.....	1.5
Шанақтың ашылатын элементтерін бекіту және ашу	1.12
Қозғалысы кезінде құлыптарды автоматты түрде бекіту.....	1.15
Есіктерді ашу және жабу	1.16
Бас тірегіш. Орындықтар	1.18
Қауіпсіз белдіктері	1.21
Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының пассивті қауіпсіздігінің қосымша құралдары	1.25
бүйірлік қауіпсіздік құрылғылары	1.30
Пассивті қауіпсіздік құралдарына қатысты ескертулер	1.31
Балалар қауіпсіздігі: жалпы мәліметтер	1.32
Балалар орындығын орнатуды таңдау	1.35
Балалар орындығын орнату, жалпы мәліметтер	1.38
Балалар орындықтары: тұрақты қауіпсіздік белдігімен немесе ISOFIX жүйесімен бекіту.....	1.40
Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін өшіру / қосу	1.46
Артқы көрініс айналары	1.49
Жүргізуші орны	1.50
Құрылғы қалқаны: сигнал шамдары	1.52
Дисплейлер мен индикаторлар.....	1.58
Борттық компьютер	1.60
Рөл дөңгелегі, рөлдік басқару күшейткіші	1.71
Уақыт және сыртқы ауа температурасы	1.73
Дыбыстық және жарық дабыл қаққышы	1.75
Сыртқы жарықтандыру және дабыл қаққыш аспаптары.....	1.76
Фаралардың жарық бағытын тік түзету	1.80
Шыны тазартқыш, әйнекжуғы	1.81
Жанармай шаны (Жанармай құю)	1.83

КІЛТ, ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ РАДИОЖИІЛІКТІ ПУЛЬТІ: жалпы ақпарат (1/2)

409681



- 1 Шанақтың ашылатын элементтерін бекіту.
- 2 Шанақтың ашылатын элементтерін ашу.
- 3 Тұтану және алдыңғы есік кілті.
- 5 Тек жүксалғыш бөлімшені ашу / бекіту.

Жылжымалы кілт бар қашықтан басқару

- 4 Суыrmалы кілтпен бекіту және ашу. Пульттен кілт кірістірмесін алу үшін 4 түймесін басыңыз: кірістірме корпустан шығады. 4 түймесін басып, кірістірмені оның корпусының ішіне бағыттаңыз

Ұсыным

Қашықтан басқару пультін жылу, суық немесе ылғалдылық көзіне жақындатпаңыз.

Кілт пайдалану нұсқаулығында көрсетілгеннен өзге жағдайларда (бөтелкелерді ашу үшін және т.б.) пайдаланылмауы тиіс.



Автокөлікті қою немесе тоқтату жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз..

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында автокөлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

Ауыр жарақат немесе өлім қаупі бар.

КІЛТ, ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ РАДИОЖИІЛІКТІ ПУЛЬТІ: жалпы ақпарат (2/2)

Қашықтықтан басқару пультінің әрекет ету радиусы

Қашықтық қоршаған орта жағдайларына байланысты. Түймелерді кездейсоқ басудың салдарынан есіктерді байқаусызда ашуға немесе бекітуге жол бермеу үшін пультті абайлап ұстаңыз!

Ескерту: егер бүйірлік есік немесе жүксалғыш бөлімшесінің есігі ашық немесе тығыз жабылмаған болса, есіктерді бекітудің және кейіннен ашудың жылдам әдісі бар.

Радиокедергілер

Қашықтан басқару пультінің жұмысы бірдей жиілікте жұмыс істейтін әртүрлі нысандар немесе құрылғылар тудыратын кедергілерге байланысты бұзылуы мүмкін.

Кілтті немесе қашықтан басқару құралын ауыстыру немесе қосымша біреуіне тапсырыс беру қажеттілігі

Егер Сіз кілтті немесе қашықтан басқару пультін жоғалтып алған болсаңыз немесе қосымша тағы да біреу алғыңыз келсе, тек өндіруші компанияның қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кілтті немесе қашықтан басқару құралын ауыстырған жағдайда, бүкіл жинақты қайта инициализациялау үшін **автокөлікті және оның барлық қашықтан басқару пульттерін** өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына жеткізу керек. Бір автокөлік үшін 4 кілтке дейін немесе қашықтан басқару пульттерін пайдалануға болады.

Кілттің немесе қашықтан басқару құралының ақаулығы

Қуат элементі қажетті модель екендігіне, тоғы ажыратылмағанына және дұрыс орныққанына көз жеткізің. Қуат көзінің қызмет ету мерзімі шамамен 2 жыл.

Қуат элементін ауыстыру нұсқаулығы ➔ 5.27.

КІЛТ, ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ РАДИОЖИІЛІКТІ ПУЛЬТІ: пайдалану

А қашықтан басқару пульті бүйір есіктердің құлыптарын және автокөліктің жүксалғыш бөлімшесін бекіту және ашу үшін қызмет етеді.

Ол ауыстыруға болатын электр қуатымен жұмыс істейді.

© 5.27

Есіктерді бекіту

1 Есіктерді бекіту түймесін басыңыз.

Бекіту бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарын апаттық сигнал беру режимінде **екі рет қосумен** қатар жүреді.

Егер корпусың ашылатын элементтерінің бірі ашық немесе тығыз жабылмаса, бекіту орын алады, содан кейін ашылатын элементтер дабыл мен бұрылыс сигналдарының бүйірлік қайталағыштарының жыпылықтауынсыз тез ашылады.

Кілт пайдалану нұсқаулығында көрсетілгеннен өзге жағдайларда (бөтелкелерді ашу үшін және т.б.) пайдаланылмауы тиіс.



Есіктерді ашу

2 Есіктерді ашу түймесін басыңыз.

Ашу апаттық сигнал беру режимінде бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарын **бір рет қосумен** сүйемелденеді.

Егер автокөлік бұғаттан шығарылған болса, бірақ шанақтың ашылатын элементтерінің ешқайсысы ашық болмаса, автокөлік шамамен 2 минуттан кейін автоматты түрде бекітіледі

Тек жүксалғыш бөлімшесін ашу не бекіту

3 түймесін басыңыз.



Автокөлікті қою немесе тоқтату кезіндегі жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында автокөлікті салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

Ауыр жарақат немесе өлім қаупі бар.

43553



- 1 Шанақтың барлық ашылатын элементтерін ашу.
- 2 Шанақтың барлық ашылатын элементтерін бекіту.
- 3 Жүксалғыш бөлімшесінің есігін ашу / бекіту.
- 4 Қозғалтқышты қашықтан іске қосу.

Кілт-карта

Кілт картаның көмегімен :

- шанақтың ашылатын элементтерін (есіктерді, оның ішінде жүк бөлімшесінің есіктерін, жанармай шанының құятын аузының ойымшасын) бекітуге/ашуға;
- қозғалтқышты іске қосуға болады. ➔2.5

Қуат көзінің қызмет ету мерзімі

Қуат элементі қажетті модель екендігіне, тоғы ажыратылмағанына және дұрыс орныққанына көз жеткізің. Қуат көзінің қызмет ету мерзімі шамамен 2 жыл: аспаптар қалқанында "кілт-карта токтан ажыратылған" деген хабарлама пайда болған кезде оны ауыстыру керек . ➔5.29

Қозғалтқышты қашықтықтан іске қосу

Қозғалтқышты қашықтан іске қосу үшін 4 түймесін басыңыз. ➔2.5

Кілт-картаның әрекет ету аймағы

Қашықтығы қоршаған орта жағдайларына байланысты: батырмаларды кездейсоқ басқан кезде есіктердің бекітілуін немесе ашылуын болдырмау үшін кілт-картаны пайдаланған кезде мұқият болыңыз.

Ескерту: егер бүйірлік есіктердің кем дегенде біреуі немесе жүксалғыш бөлімшесінің есігі ашық немесе тығыз жабылмаған болса, бекітілгеннен кейін бірден ашылу орын алады.

Радиокедергілер

Қашықтан басқару пультінің жұмысы бірдей жиілікте жұмыс істейтін әртүрлі нысандар немесе құрылғылар тудыратын кедергілерге байланысты бұзылуы мүмкін.

Элемент токтан ажыратылған кезде сізде автокөлікті бекіту /ашу және қозғалтқышты іске қосу мүмкіндігі сақталады. ➔1.12 ➔2.5

КІЛТ-КАРТА: жалпы ақпарат (2/2)

Ұсыным

Кілт-картаны жылу, суық немесе ылғалдылық көзіне жақындатпаңыз.

Кілт-картаны кездейсоқ деформациялануы немесе бүлінуі мүмкін жерде (мысалы, шалбардың артқы қалтасында) сақтамаңыз

Кілт-картаны ауыстыру немесе қосымша біреуіне тапсырыс беру қажеттілігі

Егер Сіз кілт-картаны жоғалтып алған болсаңыз немесе қосымша тағы да біреу алғыңыз келсе, тек өндіруші компанияның қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кілт-картаны ауыстырған жағдайда, бүкіл жинақты қайта инициализациялау үшін автокөлікті және оның барлық қашықтан басқару пульттерін өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына жеткізу керек.

Бір автокөлік үшін 4 кілт-картаға дейін пайдалануға болады.



Автокөлікті қою немесе тоқтату кезіндегі жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында автокөлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.

«БОС ҚОЛДАР» ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ-КАРТА: пайдалану (1/5)

Сіз автокөлікті бекітудің/ашудың 2 режимін қолдана аласыз:

- «бос қолдар» режиміндегі кілт-карта;
- қашықтан басқару режиміндегі кілт-карта.



«Бос қолдар» режимінде кілт-картаны пайдалану

«Бос қолдар» режимінде кілт -карта 1 кіру аймағында болған кезде кілт-картадағы батырмаларды баспай-ақ автокөлікті бекітуге және ашуға болады.

Ескерту: егер автокөлік 8 күннен артық пайдаланылмаса, "бос қолдар" жүйесі күту режиміне өтеді. Оны қайта іске қосу үшін кілт-картадағы бұғаттан шығару батырмасын басыңыз

Кілт-картаны оның жұмысын бұзуы мүмкін басқа электрондық жабдықтың (компьютер, телефон және т.б.) жанында қалдырмаңыз.



Автокөлікті қою немесе тоқтату кезіндегі жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында автокөлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУІПІ БАР.

«БОС ҚОЛДАР» ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ-КАРТА: пайдалану (2/5)



«Бос қолдар» режимінде қашықтан ашу

Кілт-карта 1-аймаққа кірген кезде, автокөлік есіктері бұғаттан шығарылады.

Есік құлыптарын ашу апаттық сигнал беру режимінде бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарының **бір рет жыпылықтауымен** сүйемелденеді.

«Бос қолдар» режимінде қашықтан бекіту

Бүйірлік есіктер мен жүксалғыш бөлімшесінің есігін жауып, кілт-картаны ұстап, автокөліктен алыстаңыз: **1-ші** аймақтан шыққаннан кейін автокөлік автоматты түрде бекітіледі.

Ашу апаттық сигнал беру шамдарының (бұрылыс көрсеткіштерінің) **екі рет жыпылықтауымен** және алдыңғы және артқы габаритті оттардың қосылуымен сүйемелденеді.

Бекіту дыбыстық сигналмен қатар жүреді.

Автокөліктің жинақтауына байланысты мультимедиялық жүйенің экранында қашықтан бекітудің дыбыстық сүйемелдеуін қосуға немесе өшіруге болады (мультимедиялық жабдықты пайдалану нұсқаулығын қараңыз).

Ескерту: автокөлік есіктерінің құлыптары жабылатын қашықтық қоршаған орта жағдайларына байланысты.



Бекіту «бос қолдар» режимінде 2 батырмасы арқылы жүзеге асырылады

Егер Сіз кілт-карта автокөлік жанында болған кезде оны бекіткіңіз келсе немесе есіктер жабық, соның ішінде жүксалғыш бөлімшесінің есіктерінде дыбыстық сигнал қосылмаған кезде автокөлігіңізді бекіткіңіз келсе, алдыңғы 2 есіктің біреуінің тұтқасындағы **2** түймесін басыңыз. Автокөлік бекітіледі.

Ескерту: құлыптарды бекіту үшін кілт-карта 1-аймақта көліктің жанында болуы қажет.

«БОС ҚОЛДАР» ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ-КАРТА: пайдалану (3/5)



Бекіту жүйесінің ерекшеліктері

Егер есіктердің кем дегенде біреуі ашық немесе тығыз жабылмаған болса, онда Сіз автокөліктен кілт-картаның әрекет ету аймағынан тыс жерге алыстаған кезде, есіктер бекітілмейді.

Егер кілт-карта 1 табу аймағында шамамен 15 минут болса, қашықтан бекіту функциясы өшіріледі.

Егер кілт-карта 3-аймақта болса, автокөлікті қашықтан бекіту мүмкін емес.



2 батырмасы арқылы «бос қолдар» режимінде ашу

Егер кілт-карта 1-аймақта орналасса және автокөлік есіктері бекітілген болса, алдыңғы 2 есіктің біреуінің тұтқасындағы 2-түймесін басыңыз: құлыптар бұғаттан шығарылады.

Жүксалғыш бөлімшесінің есігіндегі батырманы басқан кезде автокөліктің барлық есіктері ашылады және жүксалғыш бөлімшесі ашылады.

Есіктерді ашу апаттық сигнал берудің бір рет жыпылықтауымен және алдыңғы және артқы габариттік оттардың қосылуымен сүйемелденеді.



Автокөлікті қою немесе тоқтату жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында автокөлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.

«БОС ҚОЛДАР» ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ-КАРТА: пайдалану (4/5)



«Бос қолдар» режимін өшіру

- 5 түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз;
- автокөліктің жинақталымына байланысты «бос қолдар» режимінде автокөлікке қолжетімділікті мультимедиялық жүйе экранында өшіруге болады (мультимедиялық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз).

«Бос қолдар» режимін қосу

- 4 түймесін басыңыз;
- автокөліктің жинақталымына байланысты «бос қолдар» режимінде автокөлікке қолжетімділікті мультимедиялық жүйе экранында қосуға болады (мультимедиялық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз).

4 немесе 5 батырмасы арқылы «бос қолдар» режимін қосу және өшіру дыбыстық сигналмен сүйемелденеді.

«Бос қолдар» қашықтан басқару функциясын өшіру / қосу

Автокөліктің жинақталымына байланысты «бос қолдар» режимінде автокөлікке қашықтықтан қолжетімділікті мультимедиялық жүйе экранында өшіруге болады (мультимедиялық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз).

«Бос қолдар» қашықтан басқару функциясын қосу үшін мультимедиялық жүйенің экранын қолданыңыз (мультимедиялық жабдықты пайдалану нұсқаулығын қараңыз) немесе 5 түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз, содан кейін 4 түймесін басыңыз.



Егер «бос қолдар» функциясы өшірілген болса, «бос қолдар» режимі тек 2 немесе 5 түймесін басқан кезде жұмыс істейді..

«БОС ҚОЛДАР» ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ-КАРТА: пайдалану (5/5)



Қашықтан басқару пульті ретінде кілт-картаны пайдалану

Кілт-картаның көмегімен ашу

4 түймесін басыңыз.

Есік құлыптарын ашу апаттық сигнал беру режимінде бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарының **бір рет жыпылықтауымен** сүйемелденеді.

Кілт-картаның көмегімен бекіту

Салонның және жүксалғыш бөлімшесінің есіктері жабық болғанда, 5 түймесіг басыңыз. Автокөлік бекітіледі. Апаттық сигнал беру оттарының (бұрылыс көрсеткішінің) **екі мәрте жыпылықтауы** автокөліктің бұғатталғаны туралы куәландырады.

Тек жүксалғыш бөлімшесін ашу және бекіту

Тек жүксалғыш бөлімшесінің есігін бекіту және ашу үшін 6 түймесін басыңыз.

Ескерту: автокөлік есіктерінің құлыптары жабылатын максималды қашықтық қоршаған ортаға байланысты.

Ерекшеліктер

Автокөлік бекітілмейді, егер:

- егер шанақтың бір немесе бірнеше ашылатын элементтері (салонның немесе жүксалғыш бөлімшесінің есігі) ашық болса немесе тығыз жабылмаса;
- Егер кілт-карта 3-аймақта (немесе кілт-картаны оқу құрылғысында) болса және сыртқы табу аймағында басқа кілт-карта болмаса, автокөлік тез бұғатталып, бірден бұғаттан шығарылады, бірақ апаттық сигнал беру шамдары мен бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде карта түймелері жұмыс істемейді.



«Бос қолдар» кілт-картасының табылмағандығы туралы құлақтандыру

Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және 3 әрекет аймағында кілт-карта болмаған кезде есіктердің бірін ашса және жапса, автокөлік салонында кілт-картаның жоқтығы туралы «Ключ-карта не найдена» деген хабарлама пайда болады. Бұл, мысалы, Сіз кілт-карта бар жолаушыны тастап, өзіңіз кеткііз келетін жағдайдың алдын алады. Ескерту хабары кілт-карта табылғаннан кейін жоғалады.

Қашықтан басқару пульті немесе автокөліктің жинақталымына байланысты кілт картасы жұмыс істемеген жағдайда

Кейбір жағдайларда радиожиілікті қашықтан басқару пульті немесе кілт-карта жұмыс істемеуі мүмкін:

- кілт-картаның зақымдануы, радиожиілікті қашықтан басқару пультіндегі немесе автокөліктің аккумуляторындағы қуат элементінің төмен заряды және т. б.;
- басқа радио құрылғы кілт-картасының жиілігінде жұмыс істеу (мысалы, ұялы телефон);
- күшті сыртқы электромагниттік кедергілер.

Егер бұл орын алса, онда:

- жинақтамаға байланысты, автокөліктің алдыңғы (жүргізуші) сол жақ есігін ашу үшін қашықтан басқару пультің немесе кілт-картаға салынған қосалқы кілтті пайдаланыңыз;
- есіктің ішкі бұғаттауын және бұғаттан шығарылуын қолданыңыз (келесі беттерді қараңыз).



Кілт-картаға кіріктірілген механикалық кілт

Кіріктірілген 2-кілт кілт-карта дұрыс жұмыс істемеген жағдайда алдыңғы сол жақ есікті ашу үшін қолданылады.

2-кілттің көмегімен автокөлікке кіру

A аймағында басу арқылы **1** корпусының артқы жағын төмен қарай сырғытыңыз.





Кілт-картаға кіріктірілген механикалық кілтті пайдалану


2 кілтін 3 құлыпқа салыңыз және алдыңғы сол жақ есікті жабыңыз немесе ашыңыз. Пайдаланғаннан кейін кілтті кілт-карта корпусына қайта салыңыз.



Қашықтан басқару пульті/ кілті бар автокөліктер

Кілтті пайдалану

4 кілтін 3 құлыпқа салыңыз және алдыңғы сол есікті жабыңыз немесе ашыңыз.



Есіктерді ішінен бекіту/ашу

Автокөліктің жинақталымына байланысты бұл батырма 4 бүйір есіктер мен багаж бөлімшесінің есіктерінің құлыптарын бір мезгілде бекітуді және ашуды басқарады. 5 қосқышын басу арқылы есіктерді бекітіңіз немесе ашыңыз.

Ескерту: егер бүйірлік есіктердің кем дегенде біреуі немесе жүксалғыш бөлімшесінің есігі ашық немесе тығыз жабылмаған болса, бекітілгеннен кейін бірден ашылады.

Шанақтың ашылатын элементтері құлыптарының жайкүйінің сигнал шамы

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Тұтану қосылған кезде 5-ауыстырып-қосқыштың үстіндегі сигнал шамы шанақтың ашылатын элементтерінің жай-күйі туралы хабарлайды:

- егер олар бекітілген болса, сигналдық шам жанып тұрады;
- егер олар бекітілмеген болса, сигнал шамы жанбайды.

Егер Сіз есіктерді бекітсеңіз, сигнал шамы қосұлы қалады, содан кейін сөнеді.



Жүргізушінің жауапкершілігі

Егер Сіз бекітілген есіктермен жүруге шешім қабылдасаңыз, бұл төтенше жағдайда салонға құтқарушылардың кіруін қиындатуы мүмкін екенін естен шығармаңыз.

Шанақтың ашылатын элементтерін кілт - картасыз немесе штаттық кілтсіз бекіту

Бұл, мысалы, қуат көзі таусылған кезде, кілт-карта немесе штаттық кілт уақытша істен шыққан кезде және т. б. қажет болуы мүмкін.

Қозғалтқыш ажыратылған және бір бүйір есігі немесе жүк бөлімшесінің есігі ашық болған кезде ауыстырып-қосқышты 5 секундтан артық басып тұрыңыз.

Есік жабылғаннан кейін шанақтың барлық ашылатын элементтері бекітілетін болады.

Сыртқы жағынан, автокөлікті тек автокөліктің жанында орналасқан жарамды кілт-картаның немесе штаттық кілттің көмегімен ғана ашуға болады.



Ешбір жағдайда автокөліктен шығарда салонда кілт немесе кілт-картаны қалдырмаңыз

ҚОЗҒАЛЫС КЕЗІНДЕ ШАНАҚТЫҢ АШЫЛАТЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БЕКІТУ



Әрекет ету принципі

Автокөлік орнынан қозғалғаннан кейін жүйе 7 км/сағ жылдамдыққа жеткенде шанақтың ашылатын элементтерін автоматты түрде бекітеді.

Ескерту: есікті ашқан немесе жапқан кезде ол 7 км/сағ жылдамдыққа жеткенде автоматты түрде қайта жабылады.

Функцияны қосу / өшіру

Қосу: жұмыс істеп тұрған қозғалтқышы бар тоқтап тұрған автокөлікте **1**-қосқышты басып, дыбыстық сигнал пайда болғанша ұстап тұрыңыз.

Өшіру: жұмыс істеп тұрған қозғалтқышы бар тоқтап тұрған автокөлікте **1**-ажыратқышты басып, дыбыстық сигнал пайда болғанша ұстап тұрыңыз.

Ақаулар

Ақаулық пайда болған кезде (есіктердің құлыптары автоматты түрде бекітілмейді, **1**-ажыратып-қосқыштағы сигнал шамы бүйір есіктер, жүксалғыш бөлімшесінің есіктері және т.б. бекітілген кезде жанбайды) қателіктен бекіту функциясы өшірілгеніне және есіктер, оның ішінде жүксалғыш бөлімшесінің есігі тиісті түрде жабылғанына көз жеткізіңіз.

Егер олар тығыз жабылған болса, бірақ ақаулық әлі де болса, ресми дилерге хабарласыңыз.



Жүргізушінің жауапкершілігі


Егер Сіз бекітілген есіктермен жүруге шешім қабылдасаңыз, бұл төтенше жағдайда салонға құтқарушылардың кіруін қиындатуы мүмкін екенін естен шығармаңыз.

ЕСІКТЕРДІ БЕКІТУ/АШУ (1/2)



Есіктерді сыртынан ашу

Егер есіктер бұғаттан шығарылса ➔1.12), төменнен **1** тұтқадан ұстап, оны өзіңізге қарай тартыңыз



Қауіпсіздік мақсатында есікті ашуға және жабуға тек көлік қозғалмаған кезде рұқсат етіледі.



Ішінен ашу

2 тұтқасын тартыңыз.



Балалардың қауіпсіздігі

Көліктің артқы есіктерін ішінен ашуға мүмкіндік бермеу үшін әр есіктің **3**-тұтқасын жылжытып, есіктерді жауып, олардың бұғатталуының сенімділігін тексеріңіз.

ЕСІКТЕРДІ БЕКІТУ/АШУ (2/2)

Өшірілмеген жарық туралы еске салудың дыбыстық сигналы

Егер Сіз сыртқы жарықтандыру құрылғыларын қосулы қалдырсаңыз және тұтануды өшірсеңіз, жүргізушінің есігі ашылған кезде аккумулятордың ықтимал зарядының бітуі туралы ескертетін дыбыстық сигнал естіледі..

Жабылмаған ашылатын шанақ элементі туралы ескерту

Егер тоқтап тұрған автокөлікте қандай да бір ашылатын элемент ашық болса немесе тығыз жабылмаса,  сигнал шамдары жанады.

Шамамен 20 км/сағ жылдамдыққа жеткенде,  сигнал шамы жанады және дыбыстық сигнал шығады.

Ерекшелігі

Автокөліктің жинақталымына байланысты қосымша жабдық (радио және т. б.) қозғалтқыш өшірілген кезде, жүргізушінің есіктерін ашқан кезде немесе есіктерді бұғаттаған кезде сөндіріледі.



Автокөлікті қою немесе тоқтату жүргізушінің жауапкершілігі


Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында көлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.

АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚТАРДЫҢ БАС ТІРЕГІШТЕРІ



Бас тірегішті көтеру

Бас тірегішті қажетті биіктікке дейін керіңіз. Оны бекітілгенін тексеріңіз.

Бас тірегішті түсіру

1 түймесін басып, бас тірегішті ұстап тұрып, оны қажетті биіктікке түсіріңіз. Оны бекітілгенін тексеріңіз.



Бас тірегішті алыптастау

1 түймесін басып, бас киімді босатқанша көтеріңіз (қажет болса, орындықтың артқы жағын артқа қарай бұраңыз).

Бас тірегішті орнату

Бас тірегіш біліктерін бағыттаушы төлкелердің тесіктеріне біліктердегі ойықтар автокөліктің алдыңғы жағына қарай бұрылатын етіп салыңыз да, бас тірегішті қажетті биіктікке орнатыңыз. Бекітудің дұрыстығын тексеріңіз.



Бас тірегіш қауіпсіздік жүйесінің элементі болғандықтан, оның болуы мен дұрыс орнатылуын қадағалаңыз: бас тірегіштің жоғарғы шеті бастың жоғарғы деңгейінде болуы керек, ал бастың артқы жағы мен **A** бөлігі арасындағы қашықтық минималды болуы керек

АЛДЫҒЫ ОРЫНДЫҚТАР (1/2)



Орындықты бойлық бағытта реттеу үшін баптаулар

Орындықты бұғаттан шығару үшін 1 тұтқасын көтеріп, ұстап тұрыңыз. Орындықты қалаған қыппқа қойып, тұтқаны босатыңыз және бекітудің сенімділігіне көз жеткізіңіз.

Орындықтың жастығын көтеру немесе төмендету үшін

2 тұтқасын қажетті қалыпқа жеткенше жоғары немесе төмен жылжытыңыз.

Орындықтың арқалығының көлбеуін реттеу үшін


3 тұтқасын көтеріп, орындықтың арқалығын қажетті күйге келтіріңіз. Орындықты қалаған қалыпқа қойып, тұтқаны босатыңыз және бекітудің сенімділігіне көз жеткізіңіз.



Қауіпсіздік мақсатында барлық реттеулерді тек тоқтап тұрған автокөлікте орындаңыз.

Қауіпсіздік белдіктерінің тиімділігін төмендетпеу үшін орындықтардың арқалықтарын тым артқа еңкейтпеу ұсынылады.

Жүргізушінің алдында еденде ешқандай заттар болмауы керек, өйткені кенеттен тежеу жағдайында олар педальдардың астына түсіп, олардың қозғалуына кедергі келтіруі мүмкін.




Жылытқышы бар орындықтар

Тұтану қосылу тұрған кезде:

- тиісті орындықтың **4** ажыратып-қосқышын бірінші рет басқан кезде максималды қыздыру режимі қосылады. Ажыратып-қосқыштағы екі сигналдық шам да жанады;
- екінші рет басқан кезде минималды жылыту режимі қосылады. Ажыратып-қосқыштағы бір сигналдық шам жанады;
- үшінші рет басқан кезде жылыту өшіріледі.

Температураны реттейтін жүйе жылытудың қажет немесе қажет еместігін анықтайды.



Бел тіректерін реттеу

Қолдауды күшейту немесе босату үшін **5** тұтқасын бұраңыз.

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІ 1/4

Қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әрқашан қауіпсіздік белдіктерімен қолданыңыз. Сонымен қатар, Сіз тұрған елдің жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтаңыз.

Артқы қауіпсіздік белдіктерінің тиімді және дұрыс жұмыс істеуі үшін артқы көп орынды орындықтың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

→3.27



Дұрыс реттелмеген немесе бұралған қауіпсіздік белдіктері апат кезінде жарақат алу қаупін тудыруы мүмкін.

Әр жолаушыға, ересек адамға немесе балаға жеке қауіпсіздік белдігін қолданыңыз.

Тіпті жүкті әйелдер де қауіпсіздік белбеуімен бекітілуі керек. Бұл жағдайда Сіз белбеудің жамбас бұтағы ішіңіздің төменгі жағына қатты қысым жасамайтынына, бірақ салбырамайтынына көз жеткізуіңіз керек.

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын, ең жақсы қорғауды қамтамасыз ету үшін жүргізуші орнын, содан кейін барлық жолаушыларға арналған орындарды реттеңіз.

Жүргізуші орнын реттеу

(автокөліктің модификациясына байланысты)

- **Орындыққа терең отырыңыз** (пальто, куртка және т.б. шешіп алыңыз). Бұл сіздің арқаңыздың дұрыс орналасуы үшін өте маңызды.
- **Басқыларға қатысты орындықтың қалпын реттеңіз.** Орындықты мүмкіндігінше артқа, бірақ іліну басқысы тірелгенше басу мүмкін болатындай итеру керек. Орындықтың арқалығы қолдар рөлде орналасқанда шынтақтарда сәл бүгілетін етіп орнатылуы керек.
- **Бас тірегіштің қалпын реттеңіз.** Қауіпсіздік үшін бас пен бас тірегіш арасындағы қашықтық минималды болуы керек.
- **Орындықтың қалпын биіктігі бойынша реттеңіз.** Бұл реттеу жүргізуші орнынан шолуды оңтайландыруға мүмкіндік береді.
- **Рөл дөңгелегінің қалпын реттеңіз.**



Қауіпсіздік белдіктерін реттеу

Толығымен артқа сүйеніп, орындыққа отырыңыз.

1 белдіктің иық тармағы мойынның түбіне мүмкіндігінше жақын орналасуы керек, бірақ оның үстінде жатпауы керек.

2 белбеуінің жамбас тармағы санда етпетінен жатып, жамбасқа перпендикуляр орналасуы керек. Белбеу денеге мүмкіндігінше тығыз орналасуы керек. Мысалы, автокөлікте жүргенде көлемді киім киюге болмайды, белдіктің астына заттарды салмаңыз және т. б.



Белдікті бекіту

Баяу, жүлқымай, белдікті тартыңыз және 3-белдікті 5 құлыпқа салыңыз (3-айылбасты тарту арқылы белдіктің құлыпта бекітілу сенімділігін тексеріңіз).

Белдік сыналған жағдайда, белдік бауын едәуір қашықтыққа артқа тартып, белдікті қайтадан керіңіз.

Егер сіздің қауіпсіздік белдігіңіз толығымен сыналған болса, баяу, бірақ белдікті қатты тартып, оны шамамен 3 см созыңыз. Белдік орауышқа тартылуы үшін белдікті босатыңыз, содан кейін белдікті қайтадан созыңыз.

Егер ақаулық сақталса, өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.




Қауіпсіздік белдігінің сигнал шамы

Автокөліктің жинақталымына байланысты, егер жүргізушінің және/немесе жолаушының қауіпсіздік белдігі бекітілмеген болса, қозғалтқышты іске қосу кезінде сигнал шамы жануы мүмкін. Қозғалыс кезінде қауіпсіздік белдігі бекітілмеген кезде сигнал шамы жанады және 2 минут ішінде дыбыстық сигнал естіледі.

Ескерту: егер жолаушы орындығының көпшігінде ауыр зат болса, кейбір жағдайларда сигнал шамы қосылуы мүмкін.

Бұғаттан шығару

5-құлып корпусындағы 4 түймесін басыңыз: белдік автоматты түрде инерциялық орауышқа тартылады. Оралуды жеңілдету үшін белдікті қолыңызбен бағыттаңыз.



Артқы орындық қауіпсіздік белдіктері

Қауіпсіздік белдіктерін тағу, ағыту және реттеу алдыңғы қауіпсіздік белдіктерімен жасалатын операцияларға ұқсас.


6 қауіпсіздік белдігін **A** құлыпына бекітіңіз.

7 қауіпсіздік белдігін **B** құлыпына бекітіңіз.

8 қауіпсіздік белдігін **C** құлыпына бекітіңіз.



Артқы орындықтарды әр жылжытқаннан кейін артқы қауіпсіздік белдіктерінің дұрыс орнатылуын және жұмыс істеуін тексеріңіз .



Жолаушыларсыз жол жүрген кезде **6** және **8** қауіпсіздік белдіктерінің айылбастарын **9** және **10** ұстағыштарға салу ұсынылады.

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІ 4/4

Төмендегі ақпарат автокөліктің алдыңғы және артқы орындықтарының қауіпсіздік белдіктеріне қатысты.



- Штаттық қауіпсіздік жүйесі элементтерінің: қауіпсіздік белдіктерінің, орындықтардың және олардың бекітпелерінің құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізуге үзілді-кесілді тыйым салынады. Ерекше жағдайларда (мысалы, балалар орындығын орнатқан кезде) өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Белдіктің денеге жанасуын босаңсыту үшін ешқандай заттарды пайдаланбаңыз (мысалы, киімдерге арналған қыстырғыштар, қысқыштар және т.б.): апат кезінде тым еркін тағылған қауіпсіздік белдігі жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Ешқашан белдіктің иық бұтағын қолыңыздық астынан немесе арқаңыздық артына өткізбеңіз.
- Бірнеше адамды бекіту үшін бір белдікті пайдаланбаңыз және сіздің тізеңізде отырған баламен бірге бір белдікті пайдаланбаңыз.
- Қауіпсіздік белдігін бұрауға болмайды.
- Апаттан кейін белдіктерді тексеріп, қажет болған жағдайда ауыстырыңыз. Егер белдіктерде тозу немесе зақымдану белгілері пайда болса, ауыстыру керек.
- Белдіктің айылбасы тиісті құлыпқа салынғанына көз жеткізіңіз.
- Артқы көп орынды орындықты қалыпты күйге қайтарған кезде, қауіпсіздік белдіктері мен құлыптарды тағайындауы бойынша қолдануға болатындай етіп, олардың дұрыс орналасуын қадағалаңыз.
- Қауіпсіздік белдігін бекіту блогы аймағында оның жұмысына әсер етуі мүмкін бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белдігінің құлыпының дұрыс орналасуын қамтамасыз етіңіз (оны жасыруға, сындыруға, заттармен немесе адамдармен қысуға болмайды).

ЖҮРГІЗУШІ МЕН АЛДЫҢҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚОСЫМША ҚҰРАЛДАРЫ (1/5)


Автокөлік жинақталымына байланысты, қауіпсіздік белдіктерінен басқа, пассивті қауіпсіздік жүйесі мыналарды қамтиды:

- алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің инерциялық орауыштарының көргіштері;
- қауіпсіздік белдіктерінің иық тармақтарының керу күшін шектегіштер;
- жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшіктері.

Бетпе-бет соққы болған жағдайда, бұл құрылғылар бір-бірінен бөлек және бір уақытта іске қосылуы мүмкін.

Бетпе-бет соққының күшіне байланысты жүйенің іске қосылуының келесі нұсқалары болуы мүмкін:

- қауіпсіздік белдігінің бұғатталуы;
- жолаушыны орындықта ұстап тұру үшін қауіпсіздік белдігінің алдын ала кергішінің және керу күшін шектегішінің іске қосылуы;
- қауіпсіздік көпшіктерінің ашылуы.



Қауіпсіздік белдігін алдын ала кергіштер

Алдын ала кергіштер қауіпсіздік белдіктерін денеге қысып, жолаушыны орындықта ұстайды және осылайша қорғаныс тиімділігін арттырады. Тұтану қосылу болған уақыттағы күшті бетпе-бет соққы кезінде, соққы күшіне байланысты, жүйе қауіпсіздік белдігін бірден тартып алатын 1 қауіпсіздік белдігінің орауыш құрылғысының алдын ала кергішініске қосуы мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктерін керу күшін шектегіш

Бұл құрылғы соққы күшінің белгілі бір деңгейінде денеге белдік қысымының күшін шектеу үшін іске қосылады.



- Жол-көлік оқиғасынан кейін барлық пассивті қауіпсіздік жүйесін тексеріңіз.

- Пассивті қауіпсіздік жүйесінің кез-келген бөлігінің жұмысына кез-келген араласуға (қауіпсіздік белдіктері, көпшіктер, электронды блоктар, сымдар) немесе оларды басқа автокөлікте, тіпті сол модельде пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Өздігінен іске қосылуды және ықтимал жарақаттануды болдырмау үшін қауіпсіздік көпшіктерімен барлық жұмыстарды ресми дилердің сервистік станциясының білікті персоналы ғана орындауы тиіс.
- Қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері тұтандырғышының электр сипаттамаларын тексеруді қажетті жабдықтары бар білікті персонал ғана орындауы керек.
- Автокөлікті кәдеге жарату кезінде газ генераторларын, алдын ала кергіштерді және қауіпсіздік көпшіктерін бөлшектеу үшін өндіруші компанияның сервистік станциясына хабарласыңыз.

ЖҮРГІЗУШІ МЕН АЛДЫҢҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚОСЫМША ҚҰРАЛДАРЫ (2/5)

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшіктері

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындары (А — жолаушының қауіпсіздік көпшігінің орналасқан орны) қауіпсіздік көпшіктерімен жабдықталуы мүмкін.

Рөл дөңгелегіндегі, бақылау тақтасындағы (А аймағында) «airbag» деген жазу, сондай-ақ автокөліктің жабдықтауына байланысты жел әйнегінің төменгі бөлігіндегі жапсырма осы жабдықтың автокөлікте болуын көрсетеді.

Жүйе құрамына мыналар кіреді:

- жүргізушіге арналған рөл дөңгелегінде және жолаушыға арналған аспаптық панелінде газ генераторлары бар көпшіктер;


- Газ генераторының электр тұтанғышымен басқарылатын ЭББ жүйесі;

- жалпы сигнал беру шамы  ;
- қашықтан орналасқан белгіштер.



Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінде пиротехникалық қағидат қолданылады. Бұл қауіпсіздік көпшігі іске қосылған кезде жылу пайда болатындығын, түтін пайда болатындығын (бұл өрттің белгісі емес) және тарсыл естілетінімен түсіндіріледі.

Бірден орын алатын көпшіктер ашылатын кезде, адам беткі зақымға немесе басқа жеңіл жарақаттарға ие болуы мүмкін.




Әрекет ету қағидаты

Жүйе тұтану қосылған кезде ғана іске қосылады.

Қатты бетпе - бет соққы кезінде көпшіктер тез қампайып кетеді. Бұл жүргізушінің басын немесе кеудесін рөлге, ал алдыңғы жолаушыны бақылау тақтасына соғылу күшін жұмсартады. Тікелей соққыдан кейін автокөліктен кедергісіз шығуды қамтамасыз ету үшін олардың желі тез шығып кетеді.


44446



Алдын ала кергіштер немесе қауіпсіздік көпшіктері келесі жағдайларда іске қосылады.


Қозғалмайтын кедергінің бүкіл өні бойынша **25 км/сағ-тан** үлкен немесе оған тең жылдамдықпен қатты (деформацияланбайтын) бетіне қарсы **маңдай соққысы**.

44448



Ұқсас немесе одан да ауыр салмақ санатындағы, соққы аумағы кемінде 40%, екі автокөліктің қозғалыс жылдамдығы кемінде **40 км/сағ** болатын басқа автокөлікпен **маңдай соқтығысуы**.

44452



Кемінде **50 км/сағ** жылдамдықпен ұқсас немесе одан да ауыр салмақ санатындағы басқа автокөлікпен **бүйірлік (көлденең) соқтығысу** (штаттық бүйірлік қауіпсіздік көпшігі болған кезде).


ЖҮРГІЗУШІ МЕН АЛДЫҢҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚОСЫМША ҚҰРАЛДАРЫ (4/5)



44449

Белдіктер алдын-ала кергіштері мен қауіпсіздік көпшіктері келесі жағдайларда да іске қосылуы мүмкін:


- автокөліктің төменгі бөлігімен соғылғанда, мысалы, тротуардың шетіне;
- шұңқырларға түскен кезде;
- құлау немесе қатты жерге түсу кезінде;
- тастарға соғылған кезде;
- басқа ұқсас жағдайларда.



44450

Келесі жағдайларда белдіктер алдын-ала кергіштері мен қауіпсіздік көпшіктері іске қосылмауы мүмкін:

- артқы жағынан, тіпті күшті соққы кезінде;;
- автокөлік төңкерілген кезде;



44451

- автокөліктің алдыңғы немесе артқы жағына бүйірден соққан кезде;
- жүк автокөлігінің немесе тіркеменің артқы бөлігіне соғылған кезде;
- бұрыш астында соқтығысу жағдайында немесе тар кедергіге соғылу кезінде;
- басқа ұқсас жағдайларда.

Ескерту: жоғарыда келтірілген барлық мысалдар жалпыланған сипатқа ие.

ЖҮРГІЗУШІ МЕН АЛДЫҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚОСЫМША ҚҰРАЛДАРЫ (5/5)

Төмендегі ескертулер қауіпсіздік көпшіктерінің кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және ауыр жарақат алу қаупін болдырмауға бағытталған.



Жүргізуші қауіпсіздік көпшігіне қатысты ескертулер

- Рөл дөңгелегі мен оның күпшегінің құрылымын өзгертпеңіз.
- Рөл дөңгелегінің күпшегін жабуға тыйым салынады.
- Рөл дөңгелегінің орталық панеліне бөгде заттарды (белгішелер, логотиптер, сағаттар, телефон ұстағыштары және т.б.)

тіркемеңіз.

- Рөл дөңгелегін өздігінен демонтаждауға тыйым салынады (бұл операцияны өндіруші компанияның сервистік станциясының білікті қызметкері орындауы керек).
- Автокөлікті жүргізу кезінде рөл дөңгелегіне тым жақын орналаспаңыз; рөл дөңгелегінде жатқан қолдар дұрыс орналасқан кезде, шынтақтарда сәл бүгілуі керек («Жүргізуші орындығының қалпын реттеу» тақырыбын қараңыз ➡ 1.21). Бұл қауіпсіздік көпшігінің ашылуына және дұрыс іске қосылуына жеткілікті орын береді.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігіне қатысты ескертулер

- Көпшіктің орналасқан жерінде бақылау тақтасына бөгде заттарды (белгішелер, логотиптер, сағаттар, телефон ұстағыштар және т.б.) тіркемеңіз немесе жабыстырмаңыз.
- Алдыңғы жолаушы мен бақылау тақтасының арасында ешқандай заттар (қолшатырлар, таяқтар, пакеттер және т.б.) және жануарлар болмауы керек.
- Аяғыңызды бақылау тақтасына немесе орындыққа қоймаңыз, себебі бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Жолаушыға денесінің барлық бөліктері (тізе, қол, бас және т.б.) бақылау тақтасынан жеткілікті қашықтықта орналасқандығын үнемі қадағалап отыру ұсынылады.
- Баланың орындығын жолаушы орнынан алып тастағаннан кейін, соққы болған жағдайда алдыңғы жолаушыны қорғау үшін қауіпсіздік көпшігін қайта қосу керек.

ЕГЕР АЛДЫҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ ӨШІРІЛМЕСЕ, АЛДЫҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ОРЫНДЫҒЫНА ҚОЗҒАЛЫС БАҒЫТЫНА ҚАРСЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРЫНДЫҚТЫ ОРНАТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ ➡ 1.46.

БҮЙІРЛІК ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері

Бұл алдыңғы орындықтарға орнатылатын және жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны есік жағынан қорғайтын өте күшті бүйірлік соққы кезінде іске қосылатын қауіпсіздік көпшіктері жайлы.

Қауіпсіздік перделері

Бұл автокөліктің бүйір жағынан жоғарғы бөлігінде орналасқан және алдыңғы және артқы әйнектер бойымен ашылатын жүргізуші мен жолаушыларды қатты соққылардан қорғау үшін орналасқан көпшіктер жайлы.

Автокөліктің жинақталымына байланысты, жел әйнегіндегі таңбалау автокөліктің қосымша пассивті қауіпсіздік құралдарымен (қауіпсіздік көпшіктері, қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала кергіштері және т.б.) жабдықталғанын еске салады.



Бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері туралы ескертулер

- **Орындық тыстарын орнату:** бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері бар орындықтар үшін арнайы тыстар қажет. Сатылымда осындай тыстардың болуы туралы ақпарат алу үшін ресми дилерге хабарласыңыз. Басқа тыстарды (немесе басқа автокөлікке арналған тыстарды) пайдалану қауіпсіздік көпшіктерінің қалыпты жұмысын бұзуы және сіздің қауіпсіздігіңізге теріс әсер етуі мүмкін.
- Салонның алдыңғы жағына орындықтың арқалығы, есік және салонның әрлеу элементтері арасына аксессуарларды, заттарды немесе үй жануарларын орналастыруға тыйым салынады. Орындықтың арқалығын заттармен немесе киіммен жаппаңыз. Бұл қауіпсіздік көпшіктерінің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін және олар ашылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Өндіруші компанияның сервистік станциясының білікті персоналының осы жұмыстарды орындауын қоспағанда, орындықтың құрылымын және салонды әрлеу элементтерін кез келген бөлшектеуге немесе кез келген өзгертуге тыйым салынады.

ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРАЛДАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Төменде келтірілген ескертулер төтенше жағдайда қауіпсіздік көпшіктерінің іске қосылмауын, сондай-ақ қауіпсіздік көпшіктері іске қосылған кезде, оның ішінде бөгде заттардан ауыр жарақат алу қаупін болдырмауға бағытталған.



Төтенше жағдайда қауіпсіздік көпшіктері қауіпсіздік белдігінің әрекетін толықтырады. Көпшіктер мен қауіпсіздік белдігі жалпы қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Осылайша, әрқашан қауіпсіздік белдігін бекіту керек. Қауіпсіздік белдігін тақпау жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізуші мен жолаушыларға ауыр жарақат әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, қауіпсіздік көпшіктері іске қосылған кезде жарақат алу қаупін арттырады, дегенмен қауіпсіздік көпшіктерінен жеңіл беткі зақым алу мүмкіндігі әрқашан бар.

Қауіпсіздік белдіктерінің алдын-ала кергіштері мен қауіпсіздік көпшіктері автокөліктің төңкерілуін немесе артқы жағынан соққы алған кезде (тіпті күшті болса да) кейде іске қосылмауы мүмкін. Керісінше, автокөліктің төменгі бөлігімен соғылғанда, мысалы, тас, шұңқыр, тас және т.б. соқтығысқан кезде, бұл жүйелер іске қосылуы мүмкін

- Жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік көпшіктері, электрондық басқару блоктары, электр сымдары және т.б.) ұрылымына кез келген араласуға немесе өзгерістер енгізуге қатаң тыйым салынады (ресми дилердің сервистік станциясының білікті персоналы орындаған жөндеуді қоспағанда).
- Жұмыс істеу қабілетін қамтамасыз ету және өздігінен іске қосылуын болдырмау үшін қауіпсіздік жүйесімен жұмыстарды өндіруші компанияның сервистік станциясының білікті персоналы ғана орындауы тиіс.
- Қауіпсіздік мақсатында жол-көлік оқиғасынан, айдап әкетуден немесе автокөлікке рұқсатсыз кіруден кейін автокөлік қауіпсіздігі жүйесінің жарамдылығын тексеру қажет.
- Автокөлікті сату немесе уақытша пайдалануға беру кезінде жаңа иесіне қауіпсіздік көпшіктеріне қатысты барлық аталған жағдайлар туралы хабарлаңыз, сонымен қатар оған осы нұсқаулықты беріңіз.
- Автокөлікті кәдеге жарату кезінде газ генераторын (ларды) жою рәсімін жүргізу үшін өндірушінің сервистік станциясына хабарласыңыз.

Ақаулар

Тұтану бірнеше секундқа қосылған кезде, құрылғылардың қалқанында орналасқан



сигнал шамы жанады

Егер тұтану қосылған кезде шам жанбаса немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл жүйенің дұрыс жұмыс істемеуін білдіреді. Бұл жағдайда балалар креслоларын алдыңғы жолаушының орындығына орнатуға ТЫЙЫМ салынады.

Өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына шұғыл хабарласыңыз. Уақытылы жолықпау қорғаныс тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: жалпы ақпарат (1/2)

Балаларды тасымалдау

Өз еліңіздің заңдарын сақтаңыз.

Жол жағдайына қарамастан, бала, ересек жолаушы сияқты, орындықта дұрыс орналасуы керек. Сіз автокөлікте орналасқан балалар үшін жауап бересіз.

Бала миниатюрадағы ересек адам емес. Оның бұлшықеттері мен сүйектері өсу сатысында болғандықтан, басқа зақым түрін алу қаупі бар. Баланы тасымалдау үшін тұрақты қауіпсіздік белдігі жеткіліксіз. Қажетті балалар креслоларын алыңыз және оны дұрыс орнатыңыз.



Есіктердің ашылуына жол бермеу үшін есіктің ішкі тұтқаларының «балалардан» бұғаттау функциясын қолданыңыз. ➔ 1.12



Автокөліктің 50 км / сағ жылдамдықпен кедергіге соғылуы 10 метрлік биіктіктен құлаумен тең. Баланы белдікпен бекітпей тасымалдау-оны төртінші қабаттың балконында қоршаусыз, ересектердің қарауынсыз ойнауға қалдырумен тең!

Баланы қолда ұстауға тыйым салынады. Апат болған жағдайда, Сіз оны өзіңіз бекітілген болсаңыз да, оны ұстай алмайсыз. Егер сіздің автокөлігіңіз жол-көлік оқиғасының нысаны болса, балалар орындығын алмастырыңыз және ISOFIX қауіпсіздік белдіктері мен бекітпелерін тексеру үшін ресми дилерге хабарласыңыз.



Автокөлікті қою немесе тоқтату кезіндегі жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз..

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында автокөлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: жалпы ақпарат (2/2)

Балаға арналған орындықты пайдалану

Балалар отыратын орындық ұсынатын қорғаныс деңгейі оның сіздің балаңызды ұстап тұру қабілетіне және дұрыс орнатылуына байланысты. Дұрыс орнатпау сіздің балаңызды қатты тежеу немесе соққы кезінде қорғауды нашарлатады.

Балаға арналған орындықты сатып алмас бұрын, ол сіздің орналасқан еліңіздің нормаларына сәйкес келетініне және сіздің автокөлігіңізге орнатылуы мүмкін екеніне көз жеткізіңіз. Автокөлігіңізге ұсынылған балалар орындықтары туралы кеңес алу үшін өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Балаға арналған орындықты орнатпас бұрын, осы нұсқаулықты оқып, соған сәйкес әрекет етіңіз. Орнату кезінде қиындықтар туындаған жағдайда, жабдық өндірушісіне хабарласыңыз. Нұсқаулықты орындықпен бірге сақтаңыз.

Қауіпсіздік белдігін өзіңізге бекіту арқылы мысал келтіріңіз және баланы:

- қауіпсіздік белдігін дұрыс бекітуге;
- автокөлікке кіруге және одан қозғалысқа қарама-қарсы жақтан шығуға үйретіңіз.

Бұрын пайдаланылған немесе пайдалану нұсқаулығы жоқ балалар орындығын пайдаланбаңыз. Балалар орындығының жанында ешқандай бөгде зат оның орнатылуына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.



Ешбір жағдайда баланы автокөлікте жалғыз қалдырмаңыз.

Әрқашан балаңыздың бекітілгенін және балалардың арнайы қауіпсіздік белдіктері немесе оның қауіпсіздік белдігі дұрыс реттелгенін және бекітілгенін тексеріңіз. Ешқашан баланы тым көлемді киімге киіндірмеңіз, себебі бұл белдіктердің денеге тығыз жанасуына кедергі келтіреді.

Балаңыздың басын немесе қолын терезеден шығаруына жол бермеңіз.

Автокөлік қозғалысы кезінде, атап айтқанда ұйқы кезінде баланың дұрыс қалпын қамтамасыз етіңіз.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: балалар орындығын таңдау



Қозғалыс бағытына қарсы орнатылған балалар креслосы

Баланың басы денеге қатысты пропорциясында ересек адамның басынан ауыр, ал мойны өте нәзік. Баланы осындай креслода мүмкіндігінше ұзағырақ тасымалдау керек (кем дегенде 2 жасқа дейін). Бұл бас пен мойынды ұстауға көмектеседі. Жақсы бүйірлік қорғаныс үшін орамды орындықты таңдаңыз және баланың басы орындықтың шегінен шыға бастағанда оны ауыстырыңыз.



Қозғалыс бағыты бойынша орнатылатын балалар креслосы

Балалардың басы мен іш қуысын бірінші кезекте қорғау керек. Автокөлікке қозғалыс бағыты бойынша жақсы бекітілген балалар орындығы бастың жарақат алу қаупін азайтады. Баланы арнайы балалар қауіпсіздік белдіктері бар орындықта, егер оның бойы сәйкес келсе, қозғалыс бағыты бойынша тасымалдаңыз. Бүйір жақтан жақсы қорғаныс үшін терең орындықты қолданыңыз.



Арнайы жастықтар (бустерлер)

Егер бала салмағы 15 кг-нан асса немесе 4 жастан асқан болса, оны арнайы жастықпен тасымалдауға болады, бұл сізге қауіпсіздік белдігін дененің ерекшеліктеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік береді. Бустерде баланың іш жағында емес, белінде қауіпсіздік белдігі бар бағыттағыштар болуы керек. Қауіпсіздік белдігін иықтың ортасына орналастыруға мүмкіндік беретін қауіпсіздік белдігі бар арқалығы реттелетін орындықты қолданған дұрыс. Белдік мойынға немесе білекке жанаспауы керек. Бүйір жағынан жақсы қорғаныс үшін орамды орындықты таңдаңыз.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: балалар орындығының бекіткішін таңдау (1/3)

Балаларға арналған орындықтарды бекітетін 2 жүйе бар: қауіпсіздік белдігі немесе ISOFIX жүйесі.

Қауіпсіздік белдігімен бекіту

Қауіпсіздік белдігі төтенше тежеу немесе соққы жағдайында өз функциясын орындайтын етіп реттелуі керек.

Белдіктің балалар креслосының өндірушісі көрсеткен жолмен өтетініне көз жеткізіңіз.

Әрқашан қауіпсіздік белдігінің бекітілуін алдымен тартып тексеріңіз, содан кейін оны балалар орындығын ұстап тұрып мүмкіндігінше қатайтыңыз.

Балаға арналған орындықты солға/оңға және алға/артқа жылжытуға тырысып, сенімді бекітілгенін тексеріңіз: орындық мықтап бекітілуі керек.

Балалар креслосының бұрыш астында орнатылмағанына және автокөлік есігінің әйнегіне тірелмегеніне көз жеткізіңіз.



Қауіпсіздік белдігін ағытып жіберетін балалар орындығын пайдаланбаңыз: орындықтың негізі белдік айылбасына және/немесе қауіпсіздік белдігінің құлыпына сүйенбеуі керек.



Қауіпсіздік белдігін ешбір жағдайда босатуға немесе бұрауға болмайды. Ешбір жағдайда белдікті қолыңыздың астынан немесе арқаңыздың артынан өткізбеңіз.

Қауіпсіздік белдігі өткір жиектермен зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белдігі дұрыс жұмыс істемесе, ол баланы қорғай алмайды. Өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Қауіпсіздік белдігін жөндегенге дейін бұл жолаушылар орнын пайдаланбаңыз.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: балалар орындығының бекіткішін таңдау (2/3)

ISOFIX жүйесімен бекіту

ISOFIX сертифициратталған балалар орындықтарының құрылымы келесі 4 жағдайға арналған қолданыстағы заңнамаға сәйкес стандартталған:

- әмбебап ISOFIX 3-нүктелі, өңімен автокөліктің қозғалыс бағыты бойынша;
- жартылай әмбебап ISOFIX 2-нүктелі;
- арнайы.

Соңғы екі типтегі орындықтарды орнатпас бұрын, оларды орнатуға рұқсат етілген автокөліктердің тізімін қарап, осы мүмкіндікті тексеріңіз.

Бар болған жағдайда, ISOFIX құлыптарымен балалар орындығын бекітіңіз. ISOFIX жүйесі жылдам, жеңіл және сенімді орнатуды қамтамасыз етеді.


ISOFIX жүйесі 2 сақинадан тұрады және кейбір жағдайларда үшінші сақина бар.



Штаттық жүйе элементтерінің: қауіпсіздік белдіктерінің, ISOFIX жүйесінің, орындықтардың және олардың бекітпелерінің құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізуге үзілді-кесілді тыйым салынады.




Басқа автокөлікке сатып алынған ISOFIX балалар орындығын пайдаланбас бұрын, оны орнатуға рұқсат етілгеніне көз жеткізіңіз. Жабдық өндірушісіне хабарласыңыз және осы орындыққа арналған автокөліктердің тізімін тексеріңіз.



Екі **1** сақиналары арқалық және орындық жастығының арасында орналасқан және таңбаланған.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: балалар орындығының бекіткішін таңдау (3/3)



Әр бүйірлік орынға арналған үшінші сақина кейбір балалар орындықтарының жоғарғы белдігін бекіту үшін қолданылады.

Орындықтың арқалығы мен артқы сөренің арасында белдікті өткізіп жіберіңіз (артқы сөрені алу үшін → 3.32 қараңыз).

Белбеу ілгегін 2 сақиналарының біріне бекітіңіз.

Балалар орындығының арқалығы автокөлік орындығының арқалығына тиіп тұратындай етіп, белдікті тартыңыз.



Ескерту: таңбамен белгіленген сақиналарды пайдалану керек



ISOFIX бекіткіштері тек ISOFIX бекіту жүйесі бар балалар орындықтарына арналған. Бұл бекіткіштерді басқа балалар орындықтарын, қауіпсіздік белдіктерін немесе басқа заттарды бекіту үшін пайдаланбаңыз.

Бекіту орындарында бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.

Егер сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраса, ISOFIX бекіткіштерін тексеріп, балалар орындығын ауыстырыңыз



Қозғалыс бағыты бойынша орнатылған балалар креслосының арқалығы автокөлік орындығының арқалығына тығыз орналасқанына көз жеткізіңіз. Бұл жағдайда балалар орындығы автокөлік орындықтарының жастығына әрдайым сүйенуі міндетті емес.



Балалар креслосының белдігін тиісті сақинаға бекітуді **ұмытпаңыз**.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: балалар орындығын орнату, жалпы ақпарат (1/2)

Барлық жолаушылар орындықтарына балалар креслоларын орнатуға рұқсат етілмейді. Келесі беттегі схема балалар орындығын қай жерде орнатуға болатындығын көрсетеді.



Балалар креслосын артқы орындыққа орнату ең қолайлы болып табылады.

Балалар орындығы мен аяғы алдыңғы орындықты сенімді бекітуге кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз

➡ 1.19

Автокөлікке балалар креслоларын орнату кезінде оның тірек бетінен ажырамайтынына көз жеткізіңіз.

Егер бас тірегішті алып тастау қажет болса, оның сенімді жерге қойылғанына және кенеттен тежеу немесе соққы кезінде ұшып кетпейтініне көз жеткізіңіз.

Егер Сіз балалар орындығын қатты тежеу немесе соққы кезінде жарақат алмау үшін оны пайдаланбасаңыз да, мықтап бекітіңіз.

Балалар орындықтарының бұл түрлері сатылымда болмауы мүмкін. Балаға арналған басқа орындықты пайдаланбас бұрын, оның өндірушісіне оның бұл автокөлікке сәйкестігін білу үшін хабарласыңыз.

Алдыңғы жолаушы орындығында

Баланы алдыңғы жолаушы орынығында тасымалдау әрбір ел үшін ерекшеліктерге ие. Қолданыстағы заңнаманы тексеріп, келесі беттердегі кестелер мен схемалардың нұсқауларын орындаңыз.

Балаға орындығын осы орынға орнатпас бұрын (егер рұқсат етілсе және автокөліктің жинақталымына сәйкес келсе):

- қауіпсіздік белдігін мүмкіндігінше төмендетіңіз;
- орындықты артқа қарай итеріңіз;
- орындықтың арқалығын тігінен сәл еңкейтеңіз (25°);
- орындықтың жастығын толығымен көтеріңіз.

Балалар орындығы аймағында болмайтындай орындықтың бас тірегішін толығымен көтеруді **ұмытпаңыз**. ➡ 1.18

Балалар креслосын орнатқаннан кейін, алдыңғы жолаушының орындығын кем дегенде бір позицияға сырғытыңыз. Балалар креслосын автокөліктің жүрісі бойынша артқа қаратып орнатқан жағдайда, ол ешқандай жағдайда аспап панеліне тиіп кетпегуі тиіс.

Балалар креслосын орнатқаннан кейін орындалған реттеуді өзгертпеңіз.



ӨЛІМ ҚАУПІ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ:

алдыңғы жолаушының орнына балалар орындығын қозғалыс бағытына қарсы орнатпас бұрын, оның осы модельге рұқсат етілгеніне және жолаушының қауіпсіздік көпшігі ажыратылғанына көз жеткізіңіз. ➡ 1.46

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ: балалар орындығын орнату, жалпы ақпарат (2/2)

Артқы орындықта

Бесік автокөлікке көлдеңінен орнатылады және кем дегенде екі орын алады. Баланы басымен есікке қарама-қарсы жаққа қойыңыз.

Баланың орындығын алға қарай орнату үшін автокөліктің алдыңғы орындықты мүмкіндігінше алға қарай сырғытыңыз, содан кейін оны баланың орындығына тигізбестен максималды қашықтыққа жылжытыңыз.

Автокөлік қозғалысы бағыты бойынша отырған баланы қорғау үшін, бала отырған орындықты мүмкіндігінше артқа, ал баланың алдындағы орындықты мүмкіндігінше алға қарай сырғытыңыз және баланың аяғы үшін бос орын жасау үшін орындықтың артқалығын алға қарай еңкейтіңіз.

Барлық жағдайларда балалар орындығы орнатылған артқы орындықтың бас тірегішін алып тастау керек. ➔3.26 Балалар орындығы автокөлік орындығының арқалығына сүйенетініне көз жеткізіңіз.



Еденге тірегі бар балалар креслосын артқы орындықтың ортаңғы орнына орнатуға тыйым салынады.

ӨЛІМ ҚАУПІ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ.



Балалар креслоларын (2 немесе 3-топтағы бустерді) орнату кезінде штаттық қауіпсіздік белдігінің дұрыс жұмыс істеуін (оралуын)

тексеріңіз. ➔ 121

Қажет болған жағдайда автокөлік орындығының қалпын реттеңіз.



Балалар креслосы немесе баланың аяқтары алдыңғы орындықты сенімді бекітуге кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.

➔ 1.19 немесе ➔ 3.27

БАЛАЛАР ОРЫНДЫҚТАРЫ: қауіпсіздік белдігімен бекіту (1/3)

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес біз төменде алдыңғы беттерде берілген ақпаратты қайталайтын кесте ұсынамыз.

Балалар орындығының түрі	Бала салмағы	Алдыңғы жолаушы орындығы (1)		Артқы бүйір жақты орындық	Артқы ортаңғы орындық
		Қауіпсіздік көпшігі жоқ немесе қауіпсіздік көпшігі дезактивацияланған	Белсендірілген қауіпсіздік көпшігімен		
Көлденең бесік 0 топ	< 10 кг	X	X	U (2)	X
Қозғалыс бағытына қарсы себет түріндегі орындық 0 немесе 0 +топтары	< 10 кг и < 13 кг	X	X	U (3)	U (5)
Қозғалыс бағыты бойынша себет түріндегі орындық 0+ және 1 топтар	< 13 кг и 9-18 кг	X	X	U (3)	U (5)
Қозғалыс бағыты бойынша орындық 1 топ	9 - 18 кг	X	X	U (3) (4)	U (5)
Балаға арналған арнайы көпшік 2 және 3 топтар	15-25 кг и 22-36 кг	X	X	U (3) (4)	U



(1) ӨЛІМ ҚАУПІ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ. Балалар орындығын алдыңғы жолаушының орындығына орнатпас бұрын, оның осы модель үшін рұқсат етілгеніне және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігі ажыратылғанына көз жеткізіңіз. ©1.46

БАЛАЛАР ОРЫНДЫҚТАРЫ: қауіпсіздік белдігімен бекіту (2/3)

X = Балалар орындығының осы түрін орнатуға тыйым салынған орын.

U = орын бөлек сатылатын белдікпен бекітілуі бар әмбебап балалар орындығын орнатуға жарамды; орындықты орнату мүмкін екеніне көз жеткізіңіз.


- (2) Бесік автокөлікке көлдеңінен орнатылады және кем дегенде екі орын алады. Баланы басымен есікке қарама-қарсы жаққа қойыңыз
- (3) Баланың алдындағы орындықты мүмкіндігінше алға қарай сырғытыңыз және баланың аяғы үшін бос орын жасау үшін орындықтың артқалығын алға қарай еңкейтіңіз
- (4) Барлық жағдайларда балалар орындығы орнатылған артқы орындықтың бас тірегішін алып тастау керек. Бұл балалар креслоларын орнатпас бұрын жасалуы керек. ➡ 3.27



(5) ӨЛІМ ҚАУПІ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ. Еденге тірегі бар балалар орындығын орнатуға тыйым салынады.

БАЛАЛАР ОРЫНДЫҚТАРЫ: қауіпсіздік белдігімен бекіту (3/3)

Орнату сызбасы



45062



Балалар орындығын орнатуға тыйым салынған орын.

Қауіпсіздік белдігімен бекітілген балалар орындығы



Орын сертификатталған әмбебап балалар орындығының белбеуімен бекітуге жарамды



ӨЛІМ ҚАУПІ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ.


Балалар орындығын алдыңғы жолаушының орындығына орнатпас бұрын, оның осы модель үшін рұқсат етілгеніне және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігі ажыратылғанына көз жеткізіңіз. ©1.46



Автокөлікке сәйкес келмейтін балаларға арналған қауіпсіздік жүйесін пайдалану жаңа туған нәрестені немесе баланы тиісті түрде қорғай алмайды. Бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

БАЛАЛАР ОРЫНДЫҒЫ: ISOFIX жүйесінің көмегімен орнату (1/3)

Орнату сызбасы



Балалар орындығының осы түрін орнатуға тыйым салынған орын .



Балалар үшін дұрыс емес қауіпсіздік жүйесін пайдалану жаңа туған нәрестені немесе баланы тиісті түрде қорғай алмайды. Ол ауыр немесе өлімге душар болуы мүмкін.

ISOFIX бекіткіштері арқылы бекітілген балалар орындығы



ISOFIX балалар орындығын бекітуге рұқсат етілген орын.



Артқы орындарда әмбебап балалар орындығын қозғалыс бағыты бойынша ISOFIX бекіткіштерін қолдана отырып бекітуге мүмкіндік беретін бекіткіштер бар.

ISOFIX балалар орындығының өлшемі әріп бойынша анықталады:

- А, В және В1 [F3, F2, F2X]: 1-топтағы креслолар (салмағы 9-дан 18 кг-ға дейінгі балалар үшін) арқалығымен артқа қарап орнатылады;
- С және D [R3, R2]: 0+ тобының (13 кг-нан аз) немесе 1-топтың (9-дан 18 кг-ға дейін) бесіктері немесе креслолары, арқалығымен алға қарап орнатылады;
- Е [R1]: арқалығымен артқа қарап орнатуға арналған 0 (10 кг-нан кем) немесе 0+ (13 кг-нан кем) топтағы бесіктер немесе креслолар;
- F and G [L1, L2]: 0-топтың бесіктері (10 кг-нан аз);
- [B2]: 2 және 3 топтағы балаларға арналған бустер-көпшіктер (салмағы 15-тен 25 кг-ға дейін және 25-тен 36 кг-ға дейінгі балалар үшін).

БАЛАЛАР ОРЫНДЫҒЫ: ISOFIX жүйесінің көмегімен орнату (2/3)

Төменде келтірілген кесте қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін алдыңғы бетте графикалық түрде ұсынылған ақпаратты жинақтайды.

Балалар орындығының түрі	Бала салмағы	ISOFIX орындығының өлшемі [Биіктігі]	Алдыңғы жолаушы орны	Артқы бүйір жақ орындар	Артқы ортаңғы орын
Көлденең бесік 0 топ	< 10 кг	F, G [L1, L2]	X	X	X
Қозғалыс бағытына қарсы себет түріндегі орындық 0 немесе 0 +топтары	< 13 кг	E [R1]	X	IL (1)	X
Қозғалыс бағыты бойынша себет түріндегі орындық 0+ және 1 топтар	< 13 кг және 9-18 кг	C, D [R3, R2]	X	IL (1)	X
Қозғалыс бағыты бойынша орындық 1 топ	9 - 18 кг	A, B, B1 [F3, F2, F2X]	X	IUF - IL (2)	X
Балаға арналған арнайы көпшік 2 және 3 топтар	15-25 кг және 25-36 кг	[B2]	X	IUF - IL (2)	X
i-Size орындығы			X	X	X


БАЛАЛАР ОРЫНДЫҒЫ: ISOFIX жүйесінің көмегімен орнату (3/3)

X = ISOFIX бар балалар орындығын орнатуға тыйым салынған орын.

IUF/IL = Орын әмбебап / жартылай әмбебап немесе ISOFIX бекіткіштері бар арнайы орындықты орнатуға жарамды (осы жүйемен жабдықталған автокөліктер үшін); орынды орнатуға болатындығына көз жеткізіңіз.

- (1)** Қажет болса, автокөліктің орындығын артқа қарай сырғытыңыз. Алдыңғы орындықты мүмкіндігінше алға қарай жылжытыңыз, балалар орындығын арқалығымен алға қарай орнатыңыз, содан кейін алдыңғы орындықты мүмкіндігінше артқа қарай ол балалар орындығына тиіп кетпейтіндей етіп жылжытыңыз.
- (2)** Барлық жағдайларда балалар орындығы орнатылған артқы орындықтың бас тірегішін алып тастау керек. Бұл балалар креслоларын орнатпас бұрын жасалуы керек. ➡ 3.27 Баланың алдындағы орындықты алға жылжытыңыз және баланың аяғы үшін бос орын жасау үшін орындықтың арқалығын алға қарай еңкейтеңіз.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ: алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін өшіру және қосу (1/3)



Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін өшіру

(автокөліктің

жинақталымына

байланысты)

Балалар креслоларын алдыңғы жолаушының орындығына орнатар алдында:

- бұл орынға балалар креслоларын орнатуға рұқсат етілгеніне көз жеткізіңіз;
- егер алдыңғы жолаушы орындығына балалар креслосын арқалығымен алға қарай орнату қажет болса, жолаушының қауіпсіздік көпшігін **міндетті** түрде өшіріңіз.



Қауіпсіздік көпшігін өшіру үшін: тұтану өшірілген кезде **1** қосқышты басып, оны **OFF** күйіне бұраңыз.

Тұтану қосылғаннан кейін, 2 аспаптар

қалқаншасында  сигнал шамы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Бұл сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады, бұл балалар орындығын орнатуға болатындығын растайды



Балалар орындығын алдыңғы орындыққа арқалығымен алға қарай орнату алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігі қосылған кезде қауіпті болғандықтан, **ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІ ҚОСЫЛҒАН** орындыққа балалар орындығын қозғалыс бағытына қарсы (арқалығымен алға қарай) қойып орнатпаңыз.

Бұл **БАЛАНЫҢ ӨЛІМІНЕ** немесе **АУЫР ЖАРАҚАТҚА** әкелуі мүмкін.




Жолаушының қауіпсіздік көпшігін қосу және өшіру тек **тоқтап тұрған автокөлікте және тұтану ажыратылған кезде** ғана орындалуы тиіс.

Егер бұл манипуляциялар қозғалыс

кезінде жасалса,  және  сигнал шамдары жанады. Қауіпсіздік көпшігінің жұмыс режимі ажыратып-қосқыштың күйіне қайта сәйкес келуі үшін, тұтануды өшіріп, қосыңыз.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ: алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін өшіру және қосу (2/3)



НАЗАР аударыңыз!

Балалар орындығын алдыңғы


орындыққа арқалығымен алға қарай орнату алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігі қосылған кезде қауіпті болғандықтан, **ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚАУІПСІЗДІК КӨПШІГІ ҚОСЫЛҒАН** орындыққа балалар орындығын қозғалыс бағытына қарсы (арқалығымен алға қарай) қойып орнатпаңыз.

Бұл **БАЛАНЫҢ ӨЛІМІНЕ** немесе **АУЫР ЖАРАҚАТҚА** әкелуі мүмкін.



Құрылғы панеліндегі таңбалау және **3** күнқағардың екі жағындағы **A** жапсырмасы да осыны еске салады (жапсырма үлгісі жоғарыда көрсетілген).

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ: алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін өшіру және қосу (3/3)



Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін қосу (автокөліктің жинақталымына байланысты)

Алдыңғы жолаушының орындығынан балалар орындығын алып тастағаннан кейін соққы болған жағдайда жолаушыны қорғауды қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік көпшігін қайта қосу керек.

Қауіпсіздік көпшігін қосу үшін: **автокөлік тоқтап тұрған кезде және тұтану өшірілген кезде 1** қосқышты басып, оны **ON** күйіне бұраңыз.

Тұтану қосылған кезде, 2 құрылғыларының панеліндегі сигнал шамының сөніп қалғанына көз жеткізіңіз.



Ақаулар

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін қосу/өшіру жүйесі жарамсыз болған жағдайда, балалар креслосын алдыңғы жолаушының орындығына арқалығын қозғалыс бағыты бойынша қаратып қоюға тыйым салынады.

Бұл жерге жолаушыны отырғызу ұсынылмайды.

Өндіруші компанияның сервистік станциясына шұғыл жүгініңіз.




Жолаушының қауіпсіздік көпшігін қосу және өшіру тек **тоқтап тұрған автокөлікте және тұтану ажыратылған кезде** ғана орындалуы тиіс.

Егер бұл манипуляциялар қозғалыс

кезінде жасалса,  және  сигнал шамдары жанады.

Қауіпсіздік көпшігінің жұмыс режимі ажыратып-қосқыштың күйіне қайта сәйкес келуі үшін, тұтануды өшіріп, қосыңыз.

АРТҚЫ КӨРІНІС АЙНАЛАРЫ




Электр жетегі бар сыртқы артқы көрініс айналары

Тұтануды қосқаннан кейін 1 ажыратқышты бұраңыз:

- 2-позиция - артқы көріністің сол жақ сыртқы айнасын реттеу;
- 3-позиция-артқы көріністің оң жақ сыртқы айнасын реттеу.

Электр жылытқышы бар сыртқы артқы айналар

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде айналар жылытқышы артқы әйнек жылытқышымен бір уақытта қосылады. ➔3.5 ➔3.9



Жиналмалы сыртқы артқы айналар

Қалай болғанда да, артқы көрініс айналарын бүктеуге болады (B күйіндегі 4 қосқыш) немесе жаюға болады (A күйіндегі 4 қосқыш).



Қауіпсіздік мақсатында барлық реттеулерді тоқтап тұрған автокөлікте жасаңыз.



Артқы көріністің ішкі айнасы


Салондағы артқы көрініс айнасының қалпын реттеуге болады. Тәуліктің қараңғы уақытында қозғалу кезінде артыңыздан келе жатқан автокөлік фараларының жарығы көзіңізді шағылдырмас үшін 5 кішкене тұтқышты басыңыз.



Сыртқы артқы көрініс айналарында көрсетілген нысандар іс жүзінде көрінгеннен гөрі жақын.

Қауіпсіздік мақсатында маневр кезінде қашықтықты дұрыс бағалау үшін бұл туралы әрдайым есте сақтаңыз.

РӨЛДІК СОЛ ЖАҚТЫ БАСҚАРУ КЕЗІНДЕГІ ЖҮРГІЗУШІНІҢ ОРНЫ (1/2)



РӨЛДІК СОЛ ЖАҚТЫ БАСҚАРУ КЕЗІНДЕГІ ЖҮРГІЗУШІНІҢ ОРНЫ (2/2)

Жабдықтың құрамы АВТОКӨЛІКТІҢ ОРЫНДАЛУ НҰСҚАСЫНА, СОНДАЙ-АҚ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.

- 1 Бүйірлік дефлектор.
- 2 Жоғары жиілікті дауыс зорайтқыш.
- 3 Рөл асты ажыратып-қосқышы:
 - бұрылыс көрсеткіштерінің,
 - сыртқы жарықтандырудың,
 - тұманға қарсы фаралардың,
 - артқы тұманға қарсы шамның.
- 4 Дыбыстық сигнал.
- 5 Аспаптар қалқаншасы.
- 6 Жүргізушінің қауіпсіздік көпшігінің орналасуы.
- 7 Жел әйнегі шыны тазартқышы/әйнеюжуғышының рөл асты ажыратып-қосқышы.
- 8 Қозғалтқышты іске қосу түймесі.
- 9 Жылыту және желдету жүйелерінің ауа ағындарының орталық дефлекторлары.
- 10 Радио-мультимедиялық жүйені, навигация жүйесін орналастыру орны
- 11 Жолаушының қауіпсіздік көпшігі орналасқан орын.
- 12 Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік көпшігін қосу және өшіру ажыратып-қосқышы.
- 13 Қолғап қорабы.
- 14 Ажыратқышы:
 - айналмалы бейне шолу жүйесін қосу және өшірудің,
 - тұрақ кезінде қашықтықты бақылау жүйесін қосу және өшірудің,
 - құлыптарды орталық бұғаттауды қосу және өшірудің,
 - апаттық дабылды қосу және өшірудің,
 - алдыңғы орындықтар жылытқышын қосу және өшірудің,
 - ЕСО экономикалық режимін қосу және өшірудің,
 - автокөліктің жинақталымына байланысты Multi-sense баптаулар жүйесін қосу және өшірудің.
- 15 Жылыту және ауа баптағышты басқару органдары.
- 16 Электр аксессуарларына арналған розетка немесе тұтатқыш.
- 17 Мультимедиялық жалғағыштар.
- 18 Тұрақ тежегіші.
- 19 **4x2 (2WD)** және **4x4 (4WD)** режимдерін ауыстырып қосқыш .
- 20 Беріліс ауыстыру тұтқасы.
- 21 радио-мультимедиялық жүйені қашықтан басқару пульті.
- 22 Ажыратып-қосқышы:
 - борттық компьютер дисплейінде ақпаратты көрсетудің,
 - мультимедиялық жүйені дауыстық басқарудың.
- 23 Басқару элементтері және қозғалыс жылдамдығын реттегіш/шектегіштің негізгі ажыратып-қосқышы.
- 24 Сақтандырғыш блогы.
- 25 Капот құлпы жетегінің тұтқасы.
- 26 Ажыратқышы:
 - ESC траекторияны тұрақтандыру жүйесін қосу және өшірудің,
 - соқыр аймақты басқару функциясын қосу және өшірудің,
 - рөл дөңгелегі жылытқышын қосу және өшірудің,
 - жел әйнегінің электр жылытқышы функциясын қосу және өшірудің.

СИГНАЛ ШАМДАРЫ (1/6)

Сигналдық шамдардың болуы және жұмысы автокөліктің жинақталымына және жеткізу еліне байланысты



А аспаптар қалқаншасы



Егер сигнал шамдары жанбаса немесе дыбыс сигналдары берілмесе, бұл аспаптар қалқаншасының ақаулығын көрсетеді. Бұл жағдайда қозғалыс шарттарына байланысты мүмкіндігінше тез арада тоқтау керек.

Автокөлікті тоқтатылғанына көз жеткізіп, өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

Сигнал шамы  сақтық шараларын сақтай отырып, машинаны өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына дереу жеткізуді талап етеді. Бұл нұсқаулықты сақтамау автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.



Сигнал шамы  сізге қауіпсіздік мақсатында автокөлікті қозғалыс жағдайларына байланысты мүмкіндігінше тез арада тоқтатуды бұйырады.

Қозғалтқышты өшіріңіз және оны іске қоспаңыз. Өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

СИГНАЛ ШАМДАРЫ (2/6)

Сигналдық шамдардың болуы және жұмысы автокөліктің жинақталымына және жеткізу еліне байланысты



Тежегіш жүйесінің ақаулығы туралы сигнал шамы

Шам тұтану немесе қозғалтқыш іске қосылған кезде жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді.

Егер тежеу кезінде шам **STOP** сигнал шамымен бір уақытта жанса және дыбыстық сигналмен сүйемелденсе, бұл тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін немесе тежегіш жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді. Қозғалыс шарттарына байланысты мүмкіндігінше бірден тоқтаңыз, қозғалысты өз бетіңізше тоқтатыңыз және ресми дилерге хабарласыңыз.

Жедел тоқтау қызыл сигнал шамы

Тұтану қосылған кезде шам жанады және қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін сөнеді. Шам басқа сигнал шамдарымен бір уақытта жанады және дыбыстық сигналмен сүйемелденеді. Қауіпсіздік мақсатында бұл сигнал шамы жанған кезде, қозғалыс шарттарына байланысты мүмкіндігінше, автокөлікті дереу тоқтату керек. Қозғалтқышты тоқтатыңыз және оны іске қоспаңыз. Өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

Ескерту қызғылт сары сигнал шамы

Тұтану қосылған кезде шам жанады және қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін сөнеді. Ол аспаптар қалқаншасындағы басқа сигналдық шамдармен бір мезгілде қосылуы мүмкін.

Бұл сигнал шамы жанған кезде, **қозғалыс кезінде сақтық шараларын сақтай отырып**, ресми дилердің қызмет көрсету станциясына мүмкіндігінше тезірек хабарласу керек. Бұл нұсқаулықты сақтамау автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.



Салқындатқыш сұйықтығы температурасының сигнал шамы

Бұл индикатор тұтану немесе қозғалтқыш іске қосылған кезде көк түспен жанады.

Егер ол қызыл түске айналса, тоқтап, қозғалтқышты 1-2 минут бос жүріспен жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз.

Температура төмендейді, ал индикатор сөнеді немесе қайтадан көк түспен жанады. Егер бұл болмаса, қозғалтқышты тоқтатыңыз. Қозғалтқышты суытып, салқындатқыш сұйықты деңгейін тексеріңіз.

Салқындатқыш сұйықтық болмаса немесе жетіспесе, қозғалтқышты іске қосу мүмкін емес. Салқындатқыш сұйықтықтың қалыпты деңгейінде қозғалтқыштың қызып кетуі басқа себеппен болуы мүмкін. Қозғалтқышқа зақым келтірмеу үшін оны іске қоспаңыз және автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету орталығына апару үшін шаралар қолданыңыз.

СИГНАЛ ШАМДАРЫ (3/6)

Сигналдық шамдардың болуы және жұмысы автокөліктің жинақталымына және жеткізу еліне байланысты



Қозғалтқыштағы май қысымының төмендеуінің сигнал шамы

Тұтану қосылған кезде шам жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді.

Егер бұл шам қозғалыс кезінде сигналдық шаммен бір уақытта жанса шам және дыбыстық сигналмен сүйемелденсе, автокөлікті дереу тоқтатып, тұтануды өшіріңіз. **STOP** Май деңгейін тексеріңіз ➔ 4.4. Егер деңгей нормаға сәйкес келсе, шам қосылуының себебі басқа ақаулық болуы мүмкін. Сіз дереу ресми дилерге хабарласуыңыз керек. Майдың қысымы жеткіліксіз болған кезде қозғалтқыштың жұмысын жалғастыруға жол берілмейді. Автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету орталығына эвакуациялау шараларын қабылдаңыз.



Қауіпсіздік жүйесінің ақаулық индикаторы

Тұтану қосылған кезде жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді. Егер тұтану қосылған кезде сигнал шамы жанбаса, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанбаса немесе жыпылықтаса, бұл жүйенің істен шыққанын көрсетеді.

Өндіруші компанияның ресми дилерінің қызмет көрсету станциясына шұғыл хабарласыңыз.



Бақтағы жанармайдың ең төменгі деңгейінің индикаторы

Ол тұтану қосылған кезде немесе қозғалтқыш іске қосылған кезде (автокөліктің жинақталымына байланысты) қызғылт сары түспен жанады, содан кейін бірнеше секундтан кейін сөнеді немесе ақ түспен жануды жалғастырады. Егер ол қозғалыс кезінде қызғылт сары түспен жанса және дыбыстық сигналмен сүйемелденсе, мүмкін болған кезде жанармай бағын толтырыңыз. Қалған жанармай 50 км-ден аспайтын қашықтыққа жетеді.



Беріліс ауыстыру индикаторлары

(автокөліктің механикалық беріліс қорабымен жинақталымы кезінде)

Олар жоғары (жоғары көрсеткі) немесе төменгі (төмен көрсеткі) беріліске өту үшін ұсыныс ретінде жанады ➔ 211.



Бұғаттауға қарсы жүйенің ақаулығы туралы сигнал шамы

Тұтану қосылған кезде шам жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді.

Егер шам тұтанғаннан кейін сөнбесе немесе қозғалыс кезінде жанбаса, бұл АБС-тің дұрыс жұмыс істемеуін білдіреді. Бұл жағдайда тежеу АБС-тің қатысуынсыз жүзеге асырылады. Өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына шұғыл хабарласыңыз.

СИГНАЛ ШАМДАРЫ (4/6)

Сигналдық шамдардың болуы және жұмысы автокөліктің жинақталымына және жеткізу еліне байланысты



Аккумулятор батареясы зарядының сигналдық шамы

Шам тұтану немесе қозғалтқыш іске қосылған кезде жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді..

Егер ол қозғалыс кезінде **STOP** сигнал шамымен бір уақытта жанса және дыбыстық сигнал естілсе, бұл зарядтың жоғарылағанын немесе төмендегенін көрсетеді.

Өндіруші компанияның ресми дилерінің қызмет көрсету станциясына шұғыл хабарласыңыз.



Траекторияны тұрақтандыру жүйесінің (ESC) және сырғуға қарсы жүйенің сигналдық шамы

- Тұтану қосылған кезде шам жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді.

Сигнал шамының қосылуының бірнеше себептері бар →2.26.



ESC өшірудің сигнал шамы

→2.26



Ашық есік сигнал шамы

→1.16



Жылдамдық реттегішінің сигнал шамдары

→2.33



Жылдамдық шектегішінің сигналдық шамы

→2.30



Адаптивті рөлдік басқару күшейткішінің сигналдық шамы

Шам тұтану немесе қозғалтқыш іске қосылған кезде жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді.

Сондай-ақ, ол аккумулятор батареясын қайта қосқаннан кейін қосылуы мүмкін, бұл ретте электронды жүйені («орталық нүкте») баптау қажет: →1.72 қараңыз.

Егер бұл шам **STOP** сигнал шамымен бірге қозғалыс кезінде жанса, бұл жүйенің дұрыс жұмыс істемейтіндігін білдіреді.

Дереу ресми дилерге хабарласыңыз.



Шинаның қысымын бақылау жүйесі

→2.17

СИГНАЛ ШАМДАРЫ (5/6)

Сигналдық шамдардың болуы және жұмысы автокөліктің жинақталымына және жеткізу еліне байланысты



Габариттік оттарды қосатын
сигналдық шамогней



Фаралардың алыс жарығын
қосудың сигнал шамы



Фаралардың жақын жарығын
қосудың сигнал шамы



Тұманға қарсы шамдарды
қосудың сигнал шамы



Артқы тұманға қарсы шамды
қосудың сигнал шамы



Сол жақ бұрылыс көрсеткіштерін
қосу сигнал шамы



Оң жақ бұрылыс көрсеткіштерін
қосу сигнал шамы



Уыттылықты төмендету
жүйесінің сигнал шамы

Осы жүйемен жабдықталған автокөліктерде тұтану қосылған кезде сигнал шамы жанады

- Егер шам тұрақты жарықпен жанса, шұғыл түрде ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Егер шам жыпылықтаса, қозғалтқыштың иінді білігін жыпылықтау тоқтағанша төмендетіңіз. Мүмкіндігінше ресми дилерге хабарласыңыз ➔ 2.15.



Тұрақ тежегішінің қосылған
сигнал шамы
➔ 2.21



4WD
LOCK
Толық жетек жүйесінің сигнал
шамы.
➔ 2.22



2WD
Бір оське жетек режимінің
сигналдық шамы.
➔ 2.22

СИГНАЛ ШАМДАРЫ (6/6)

Сигналдық шамдардың болуы және жұмысы автокөліктің жинақталымына және жеткізу еліне байланысты



В дисплейінде



Жолаушының қауіпсіздік көпшігі қосулы (**Airbag ON**).

→ 1.46



Жолаушының қауіпсіздік көпшігі өшірулі (**Airbag OFF**).

→ 1.46



Жүргізушінің бекітілмеген қауіпсіздік белдігінің және автокөліктің жинақталымына байланысты жолаушы қауіпсіздік белдігінің сигналдық шамы


Ол тұтану қосылған кезде жанады, содан кейін жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігі бекітілмеген болса (егер орын бос болмаса), шамамен 20 км/сағ жылдамдыққа жеткенде шам жыпылықтай бастайды және шамамен 2 минут ішінде ескерту сигналы естіледі.

Ескерту: егер жолаушы орындығының көпшігінде ауыр зат болса, шам қосылуы мүмкін.

ДИСПЛЕЙЛЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАР (1/2)



Тахометр 1 (айн./мин. x 1000)




**Автоматты беріліс қорабының
дисплейі 2**

Қосұлы берілісті көрсетеді ➔ 2.37.



Спидометр 3

ДИСПЛЕЙЛЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАР (2/2)



Борттық компьютер А


→ 1.60

Жанармай деңгейінің көрсеткіші 4

Тікбұрышты бөлімдердің саны жанармай деңгейін көрсетеді. Жанармайдың минималды деңгейінде тікбұрышты бөліктер сөніп, жанармай минималды қалдығының сигнал шамы жыпылықтай бастайды немесе автокөліктің жинақталымына байланысты тұрақты жарық жанады.

Тегіс емес жолда **4x4 (4WD)** жүйесін қолданған кезде Сіз жанармай деңгейі туралы қате ақпарат ала аласыз. Жанармай деңгейін дұрыс анықтау үшін жолдың тегіс болуын және көрсеткіш белгілерінің тұрақтануын күтіңіз.

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: жалпы ақпарат (1/2)



Борттық компьютер және сигнал беру жүйесі 1

Автокөліктің жинақталымына байланысты ол келесі көрсеткіштерді көрсетеді:

- өткен жол;
- сапар туралы деректер;
- ақпараттық хабарламалар;
- ақаулар туралы хабарламалар ( сигнал шамдарын қосуден бір мезгілде)
- ескерту хабарламалары ( сигнал шамын қосуден бір мезгілде).

Аталған функциялардың толық сипаттамасын төменде қараңыз.

2 немесе 3 индикацияны таңдау пернелері

2 немесе 3 түймесін кезекпен басу арқылы келесі ақпаратты қарап шығыңыз (ақпаратты көрсету автокөліктің жинақталымына және жеткізілетін елге байланысты болады):

- a) жалпы жүріс және бір реттік жол жүріс санауышы;
- b) сапар туралы деректер:
 - жанармайдың орташа шығыны;
 - жанармайдың ағымдағы шығыны;
 - бақта қалған жанармай жүрісінің есептік қоры;
 - өткен жол;
 - Орташа жылдамдық;
- c) ағымдағы жылдамдық;
- d) кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс;
- e) шиналардағы берілген қысымды қайта орнату;
- f) борт журналы, ақпараттық хабарламалар мен ақаулар туралы хабарламаларды жүйелі түрде шығару;
- g) қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы;
- h) сыртқы ауа температурасы мен уақыт;
- i) жалпы баптаулар.



Бір реттік жол жүру жүрісі есептегішін нөлдеу

«Счетчик пробега за поездку» индикаторын қосқаннан кейін, көрсеткіштер қалпына келтірілгенге дейін 2 немесе 3 түймесін басып тұрыңыз.

Сапар туралы деректерді нөлдеу (көрсеткіштерді нөлдеу батырмасы)

Сапар параметрлерінің бірінің индикациясын қосып, көрсеткіштерді нөлдегенге дейін 2 немесе 3 батырмаларының бірін басып тұрыңыз.

Есептік көрсеткіштерді нөлдендіргеннен кейін дисплейде көрсетілетін кейбір деректердің түсіндірмесі

Соңғы нөлдеу операциясынан бері өткен қашықтық неғұрлым көп болса, орташа жылдамдық, орташа отын шығыны және бакта қалған отын қорының көрсеткіштері соғұрлым тұрақты және сенімді болады.

Отынның орташа шығыны келесі жағдайларда төмендеуі мүмкін:

- автокөлік үдеуін аяқтады;
- қозғалтқыштың температурасы нормаға жетті (ал есептік көрсеткіштер суық қозғалтқыш кезінде нөлдендірілді);
- Сіз қаладан шығып, қала сыртындағы көлік ағыны режимінде қозғалудасыз.

Сапар туралы деректерді автоматты нөлдеу

Жад сыйымдылығы сақтау құрылғыларының бірінен асып кетсе, нөлдеу автоматты түрде жүреді.

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: сапар параметрлері (1/6)
Аспаптар қалқаншасындағы төменде көрсетілген ақпараттың индикациясы АВТОКӨЛІКТІҢ
ЖИНАҚТАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Дисплейдегі көрсеткіштерді таңдау мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктеме
101778 km 112.4 km	⇒ а) Жалпы жүріс және бір реттік жол жүрісінің санауышы. ⇒ б) Сапар туралы деректер.
жанармайдың орташа шығыны  5.8 L/100	⇒ Жанармайдың орташа шығыны. Жанармайдың орташа шығынының мәні автокөлік 400 м жолдан өткеннен кейін, есептік көрсеткіштердің соңғы нөлденуінен бастап дисплейде бейнеленеді.
Лездік жанармай шығыны  7.4 L/100	⇒ Жанармайдың ағымдағы шығыны. Мән 20 км / сағ жылдамдыққа жеткенде көрсетіледі (автокөліктің жинақталымына байланысты).

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: сапар параметрлері (2/6)

Аспаптар қалқаншасындағы төменде көрсетілген ақпараттың индикациясы АВТОКӨЛІКТІҢ ЖИНАҚТАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Дисплейдегі көрсеткіштерді таңдау мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктеме
Жүріс қоры  541 km	⇒ b) Сапар туралы деректер (жалғасы) Бақта қалған жанармай жүрісінің есептік қоры. Автокөлік 400 м жолдан өткеннен кейін мән дисплейде көрсетіледі.
Жүріс  522 km	⇒ Көрсеткіштердің соңғы нөлдену сәтінен бастап өткен қашықтық.
Орташа жылдамдық  123.4 km/H	⇒ Көрсеткіштердің соңғы нөлдену сәтінен бастап орташа жылдамдық. Автокөлік 400 м жолдан өткеннен кейін мән дисплейде көрсетіледі.
90 км/сағ	⇒ с) Ағымдағы жылдамдық (автокөліктің жинақталымына байланысты).

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: сапар параметрлері (3/6)

Аспаптар қалқаншасындағы төменде көрсетілген ақпараттың индикациясы АВТОКӨЛІКТІҢ ЖИНАҚТАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Дисплейдегі көрсеткіштерді таңдау мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктеме
Жоспарланған техникалық қызмет көрсету туралы хабарламасы бар борттық компьютер	
ИНТЕРВАЛ МЕЖДУ ТО ⇒ ТО через 15 000 Km / 12 мес. ⇒ Предусмотреть ТО через 300 Km / 24 дней ⇒ Необходимо провести ТО	d) Кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс. Тұтану қосылған кезде, қозғалтқыш өшірілген кезде және экранда «ИНТЕРВАЛЫ МЕЖДУ ТО» хабары болған кезде 3 немесе 4 батырмасын басыңыз және автокөліктің келесі техникалық қызмет көрсетуіне дейін жүріс немесе уақыт мәнін өшіру үшін оны шамамен 5 секунд басып тұрыңыз. Қызмет көрсету мерзімі жақындаған кезде келесі нұсқалар болуы мүмкін: – техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге дейінгі аралық 1500 км-ден кем немесе бір ай: «Предусмотреть ТО через» хабарламасы және таяу кезең (жүріс немесе уақыт) пайда болады; – кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейін 0 км жүріс қалды немесе қызмет көрсету күні келді:  сигнал шамын қосумен сүйемелденетін «Необходимо провести ТО» хабарламасы көрсетіледі. Автокөлік шұғыл техникалық қызмет көрсетуді қажет етеді.
Қайта орнату: келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін жүріс мәнін қайта орнату үшін 2 немесе 3 түймесін басып, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін жүріс мәнін үздіксіз көрсеткенге дейін шамамен 10 секунд ұстап тұрыңыз. Ескерту: егер осы техникалық қызмет көрсету майды ауыстырмай жүзеге асырылатын болса, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс пен уақытты ғана қайта орнату қажет. Майды ауыстыру кезінде майды ауыстыру және жоспарланған техникалық қызмет көрсету туралы деректерді бір уақытта қайта орнату керек.	

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: сапар параметрлері (4/6)

Аспаптар қалқаншасындағы төменде көрсетілген ақпараттың индикациясы АВТОКӨЛІКТІҢ ЖИНАҚТАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Дисплейдегі көрсеткіштерді таңдау мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктеме
Жоспарланған техникалық қызмет көрсету туралы хабарламасы бар борттық компьютер (жалғасы)	
ИНТЕРВАЛ МЕЖДУ ТО → ТО через 15 000 Km / 24 мес. → Предусмотреть ТО через 300 Km / 24 дней → Необходимо провести ТО	d) Кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс (жалғасы). Келесі майды ауыстыруға дейін жүріс. Тұтану қосулы, қозғалтқыш өшірулі және экранда «ИНТЕРВАЛЫ МЕЖДУ ТО» хабары болған кезде 3 немесе 4 түймесін басып, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін жүгіріс мәнін көрсету үшін оны шамамен 5 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін жүрісті келесі майды ауыстыруға дейін көрсету үшін 2 түймесін басыңыз (километрмен қашықтық немесе келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі уақыт). Қызмет көрсету мерзімі жақындаған кезде келесі нұсқалар болуы мүмкін: - техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге дейінгі аралық 1500 км-ден кем немесе бір ай: «Предусмотреть ТО через» хабарламасы және таяу кезең (жүріс немесе уақыт) пайда болады; - кезекті майды ауыстыруға дейін 0 км жүріс қалды немесе қызмет көрсету күні келді:  сигнал шамын қосумен сүйемелденетін «Необходимо провести ТО» хабарламасы көрсетіледі. Автокөлік майды шұғыл ауыстыруды қажет етеді.
Автокөліктің жинақталымына байланысты кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс жүргізу стиліне байланысты (шағын жылдамдықпен және қысқа қашықтыққа жиі жүру, төмен жылдамдықта ұзақ жүру, тіркемені сүйреу және т.б.). Кейбір жағдайларда майдың келесі ауыстырылуына дейінгі көрсетілген арақашықтық тезірек азаюы және шын мәнінде жүріп өткен қашықтыққа сәйкес келмеуі мүмкін. Қайта орнату: келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін жүріс мәнін қайта орнату үшін 2 немесе 3 түймесін басып, келесі майды ауыстыруға дейін жүріс мәнін үздіксіз көрсеткенге дейін шамамен 10 секунд ұстап тұрыңыз. Ескерту: егер осы техникалық қызмет көрсету майды ауыстырмай жүзеге асырылатын болса, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүріс пен уақытты ғана қайта орнату қажет. Майды ауыстыру кезінде майды ауыстыру және жоспарланған техникалық қызмет көрсету туралы деректерді бір уақытта қайта орнату керек.	



БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: сапар параметрлері (5/6)

Аспаптар қалқаншасындағы төменде көрсетілген ақпараттың индикациясы АВТОКӨЛІКТІҢ ЖИНАҚТАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Дисплейдегі хабарламалар мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктеме
Откалибруйте систему контроля давления в шинах Сообщений нет	⇒ е) Шиналардағы бақылау қысымын орнату. ⇒ 2.17 ⇒ ф) Борттық журнал. Көрсеткіштерді дәйекті түрде шығару: – ақпараттық хабарламалар (ESC жүйесі қосулы немесе өшірулі туралы және т. б.); – ақаулар туралы хабарламалар (бұрку жүйесін, қауіпсіздік көпшіктерін және т.б. тексеру қажеттілігі).

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: сапар параметрлері (6/6)

Аспаптар қалқаншасындағы төменде көрсетілген ақпараттың индикациясы **АВТОКӨЛІКТІҢ ЖИНАҚТАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ**

Дисплейдегі хабарламалар мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктеме
	➞ g) Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы.
	➞ h) Уақыт және сырты ауа температурасы. ➞ 1.73
	➞ i) Жалпы баптаулар. Дисплей тілін таңдау үшін 3 немесе 4 түймесін шамамен 5 секунд басып тұрыңыз.
	➞ «Жалпы баптаулар» мәзіріне өту үшін автокөлікті тоқтату керек.

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: ақпараттық хабарламалар

Олар қозғалтқышты қосқан кезде кеңес рөлін атқара алады немесе автокөлікті басқару жүйелерін таңдау немесе қазіргі жағдайы туралы ақпарат бере алады..

Келесі беттерде ақпараттық хабарламалардың мысалдары келтірілген.

Хабарламалар мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктемелер
«Стояночн. тормоз включен»	Тұрақ тежегіші қосулы екенін көрсетеді.
«Проверка функций»	Тұтану қосылған кезде пайда болады және автокөлік өзін-өзі диагностикалаытынын білдіреді.
«Поверните руль + нажмите Start»	Рөлдік дік басқару бағанын бұғаттан шығару үшін іске қосу түймесін бір уақытта басқан кезде рөл дөңгелегін аздап бұраңыз.
«Руль не заблокирован»	Рөлдік басқару бағаны бұғатталмағанын көрсетеді.

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: жұмыстың бұзылуы туралы хабарламалар

Олар  сигнал шамын қосумен бірге шығарылады және сақтық шараларын сақтай отырып, автокөлікті өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына дереу жеткізуді талап етеді. Бұл нұсқаулықты сақтамау автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.

Олар Индикацияны таңдау пернесін басу арқылы немесе бірнеше секундтан кейін өшіріліп, борттық журналдың жадына енгізіледі.

Басқару шамы  сөнбейді. Келесі беттерде ақаулық туралы хабарламалардың мысалдары келтірілген.

Хабарламалар мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктемелер
«Проверить автомобиль»	Басқыш белгіштерінің бірінің, аккумулятор батареясының және электрмен қоректендірудің жай-күйін бақылау жүйесінің немесе май деңгейі белгіішінің ақаулығы туралы куәландырады.
«Провер. подушки безопасности»	Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің ақаулары туралы куәландырады. Апат болған жағдайда олар ашылмауы мүмкін.

БОРТТЫҚ КОМПЬЮТЕР: ескерту хабарламалары


Олар **STOP** сигнал шамын қосумен бірге жарықтандырылады және сізге қауіпсіздік мақсатында, қозғалыс шарттарына байланысты мүмкіндігінше, автокөлікті дереу тоқтатуға нұсқау береді. Қозғалтқышты өшіріңіз және оны іске қоспаңыз. Өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

Келесі беттерде ескерту хабарламаларының мысалдары келтірілген..

Ескерту: хабарламалар дисплейде жеке-жеке немесе бір-бірін ауыстыру арқылы пайда болады (егер бірнеше хабарлама болса) және сигнал шамымен және/немесе дыбыстық сигналмен сүйемелденуі мүмкін.

Хабарламалар мысалдары	Таңдалған дисплей көрсеткіштеріне түсініктемелер
«Риск повреждения двигателя»	Бұрку жүйесінің ақаулығын, қозғалтқыштың қызып кетуін немесе елеулі ақаулығын көрсетеді.
«Рулевое управл. неисправно»	Рөлдік басқарудың ақаулығын көрсетеді..
«Тормоза неисправны»	Тежегіш жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді. Автокөлікті тұрақ тежегішімен қолмен тежеңіз және дөңгелектерді таяныштармен бұғаттап, автокөліктің қозғалмауын қамтамасыз етіңіз.
«Неисп. эл. сист. ОПАСНОСТЬ!»	Автокөліктің аккумуляторлық батареясын зарядтау тізбегіндегі ақаулықты көрсетеді (генератор және т.б.).
«Риск поломки коробки передач»	Автоматты беріліс қорабының дұрыс жұмыс істемеуін білдіреді.

РӨЛ ДӨҢГЕЛЕГІ / РӨЛДІК БАСҚАРУ КҮШЕЙТКІШІ (1/2)



Рөл дөңгелегінің қалпын реттеу колеса

Автокөліктің жинақталымына байланысты рөл дөңгелегінің орнын биіктігі мен тереңдігі бойынша реттеуге болады.

Иінтіректі **1** түсіріп, рөл дөңгелегін қажетті қалыпқа қойыңыз; рөл дөңгелегін осы қалыпта бекіту үшін иінтіректі көтеріңіз.

Рөл дөңгелегін бекіту сенімділігін тексеріңіз.



Қауіпсіздік мақсатында бұл түзетуді тоқтап тұрған автокөлікте жасаңыз.



Рөл дөңгелегін жылыту

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Бұл функция рөл дөңгелегін **3** және **4** аймақтарында жылытуға арналған.

Әрекет ету қағидаты

Қажетті температураға жеткенде, жүйе жылыту аймағының температурасын шамамен 30 минут реттейді, содан кейін автоматты түрде өшеді.



Ешқашан құламада және жалпы қозғалыс кезінде тұтануды өшірмеңіз (бұл тежегіш күшейткіштері мен рөлдік басқаруды өшіреді).

Жүйені қосу

Тұтану қосылған кезде **2** ажыратып-қосқышты басыңыз, содан кейін онда сигнал шамы жанады.

Функцияны өшіру

Автоматты түрде

Функция шамамен 30 минут бойы жылыту аймақтарын реттегеннен кейін автоматты түрде өшеді. **2**-ажыратып-қосқыштағы сигнал шамы өшірілмейді.

Ескерту: егер функция автоматты түрде өшірілсе, оны қайта қосу үшін **2** ажыратып-қосқышын екі рет басыңыз.

Егер **2** ажыратып-қосқышын баспасаңыз, келесі тұтану қосылған кезде функция қайтадан қосылады.

Қолмен атқарылатын

Реттеу кезеңінде функцияны өшіру үшін **2** ажыратып-қосқышын басыңыз. **2** ажыратқышына орнатылған жарық индикаторы сенеді.

РӨЛ ДӨҢГЕЛЕГІ / РӨЛДІК БАСҚАРУ КҮШЕЙТКІШІ (2/2)

Рөлдік басқару күшейткіші

Аккумулятор батареясын әдейі немесе кездейсоқ ажыратқан кезде немесе оның заряды толық таусылғанда оны қайта зарядтап, электрондық жүйені («орталық нүкте») баптау қажет.

Аспаптар қалқаншасында



сигнал

шамы жанады.

Бағдарламалау режимі

Автокөлік тоқтап тұрғанда, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған және жолаушылар болмаған кезде, рөл дөңгелегін солға, содан кейін оңға қарай бұраңыз, содан кейін оны орташа қалыпқа қайтарыңыз.


Сигналдық шамы өшеді



Рөл дөңгелегін ұзақ уақыт тірелген қалыпта ұстамаңыз және автокөлікті қозғалтқышы тоқтаған және дөңгелектері тірелгенге дейін бұрылған күйде қалдырмаңыз

Рөлдік дөңгелекті қозғалтқыш өшірулі болса да немесе жүйе дұрыс жұмыс істемесе де, әрқашан бұруға болады. Бұл жағдайда талап етілетін күш көп болады.

УАҚЫТ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ (1/2)



А Дисплейі

3 уақытты орнату экранына өту үшін **1** немесе **2** түймесін бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Сағат мәні жыпылықтай бастайды - бұл уақытты орнату режимі; сағат мәнін орнату үшін **1** немесе **2** түймесін басып тұрыңыз.


Бірнеше секундтан кейін минут мәндері жыпылықтай бастайды: минут мәнін орнату үшін **1** немесе **2** түймесін басып тұрыңыз.

Уақытты орнату аяқталғаннан кейін, басқа экранға өтпес бұрын бірнеше секунд күтіңіз.



Электр қорегі бұзылған жағдайда (аккумуляторлық батарея заряды таусылған, қорек сымы үзілген және т.б.) сағаттарда ағымдағы уақытты қайта орнату керек.

Бұл әрекетті автокөлік қозғалысы кезінде орындау ұсынылмайды.



В Дисплейі

Мультимедиялық сенсорлық экранмен, навигациялық жүйемен, телефонмен және т. б. жабдықталған автокөліктер.

Осындай жабдықтары бар автокөліктердің жұмыс ерекшеліктері туралы білу үшін осы жабдыққа қоса берілген нұсқауларды қараңыз.

УАҚЫТ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ (2/2)

Сыртқы температура көрсеткіші

Ерекшелігі

Көліктің сыртындағы температура -3°C -ден 3°C -қа дейін болған кезде, $^{\circ}\text{C}$ индикаторы жыпылықтайды (көктайғақтың ықтималдығы туралы сигнал).




Сыртқы температура көрсеткіші

Көктайғақтың пайда болуы жердің биіктігімен, ылғалдылығымен және қоршаған ауаның температурасымен байланысты болғандықтан, жолда мұздың бар-жоғын тек сыртқы ауа температурасы бойынша бағалау мүмкін емес.

Электр қорегі бұзылған жағдайда (аккумуляторлық батарея заряды таусылған, қорек сымы үзілген және т.б.) сағаттарда ағымдағы уақытты қайта орнату керек.

Бұл әрекетті автокөлік қозғалысы кезінде орындау ұсынылмайды.

ДЫБЫСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАРЫҚТЫҚ СИГНАЛ БЕРУ



Дыбыстық сигнал

1-учаскелердің бірін басыңыз.

Фаралардың алыс жарығымен сигнал беру

Фаралардың алыс жарығымен сигнал беру үшін 2 рөл асты қосқыштың иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз және оны босатыңыз.



Бұрылыс көрсеткіштері

Бұрылыс көрсеткіштерін қосу үшін рөл дөңгелегінің жазықтығындағы 2 рөл асты ажыратып-қосқышының иінтірегін жоспарланған бұрылыстың бағыты бойынша жылжытыңыз.

Импульстік режим

Кейде автокөлікті басқару кезінде рөл дөңгелегін бұру ажыратып-қосқышты бастапқы қаыпта автоматты түрде қайтару үшін жеткіліксіз болады.


Бұл жағдайда рөл астындағы ажыратып-қосқыштың 2 иінтірегін бекітілген қалыпқа көлтірместен бұрылу бағытына қарай сырғытыңыз да, оны босатыңыз: ол бастапқы қалыпқа оралады, ал тиісті бұрылу көрсеткіші 3 рет жыпылықтайды.



Апаттық сигнал беру

3 ажыратқышын басыңыз. Сонымен қатар, барлық 4 бұрылыс көрсеткіштері мен бүйірлік бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтайды.

Апаттық сигнал беруді қосу қозғалыстың басқа қатысушыларына Сіз жөнсіз және тіпті тыйым салынған жерде тоқтауға мәжбүр екеніңізді немесе автокөлік жүргізу кезінде немесе жол қозғалысы кезінде ерекше жағдайға тап болғаныңызды ескерту үшін қажет.



Ауқым шырағы

2 сақинасын осы таңба 3 белгісіне қарама-қарсы орнатылғанша бұраңыз.

Аспаптар қалқаншасында тиісті сигнал шамы жанады.

Сол жақ рөлдік басқаруы бар автокөлікті сол жақ қозғалысы бар жолдарда (немесе керісінше пайдалану кезінде жүргізу кезеңінде фаралардың тиісті реттелуін орындау қажет. ➔ 1.80



Күндізгі жүріс шырағының функциясы

(тек алдыңғы фаралар)

Егер автокөліктің жинақталымына күндізгі жүріс оттары кіретін болса, олар қозғалтқышты іске қосу кезінде автоматты түрде (1-ажыратып-қосқышқа әсер етпей) қосылады және ол тоқтаған кезде сөндіріледі.

Ескерту: күндізгі жүріс оттары ауқым шырағы қосылған кезде автоматты түрде сөнеді.



Қараңғы уақытта сапарға шықпас бұрын, электр жабдықтарының жарамдылығын тексеріп, фаралардың жарық бағытын реттеңіз (егер автокөліктің жүктемесі әдеттегіден өзгеше болса).

➔ 1.80 Автокөліктің сыртқы жарықтандыру құрылғыларының жабылмауын қамтамасыз ету қажет (мысалы, балшық, қар немесе тасымалданатын жүктер).



Фаралардың жақын жарығы



Қол режимі

2 сақинасын осы таңба3 белгісімен біріктірілгенге дейін бұраңыз. Аспаптар қалқаншасында тиісті сигналдық шам жанады.

Автоматты режим

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

2 сақинасын AUTO таңбасын 3 белгісімен біріктірілгенге дейін бұраңыз: қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, фардың жақын жарығы сыртқы жарық деңгейіне байланысты, 1 иінтірегіне әсер етпестен автоматты түрде өшеді.



Фаралардың алыс жарығы

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және фаралардың жақын жарығы қосулы болса, 1 ажыратып-қосқышын басыңыз. Аспаптар қалқаншасында тиісті сигнал шамы жанады.

Фаралардың жақын жарығын қайта қосу үшін 1 ажыратып-қосқыш иінтірегін қайтадан өзіңізге қарай жылжытыңыз.


Фаралардың жақын жарығын өшіру

2 тәсіл бар:

- қолмен 2 сақинаны  қалпына немесе автокөліктің жинақталымына байланысты 0 қалпына келтіріңіз;
- фаралар қозғалтқыш тоқтағаннан кейін, жүргізушінің есігін ашқанда немесе автокөлік бұғатталғанда автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда қозғалтқышты іске қосқан кезде фаралар рөл астындағы ажыратып-қосқыш иінтірегіне әсер етпестен 2-сақинаның қалпына сәйкес қайта қосылады. Бұл жағдайда сыртқы жарықтандыру деңгейі де ескеріледі.

Өшірілмеген жарық туралы еске салудың дыбыстық сигналы

Жүргізушінің есігін ашқан кезде қосылған сыртқы жарық туралы ескертетін дыбыстық сигнал естіледі.



Тұманға қарсы фаралар

Берілген таңбаны **3** белгісімен біріктіргенге дейін **1** рөл астындағы ажыратып-қосқыштың **4** иінтірегінің ортаңғы сақинасын бұраңыз, содан кейін сақинаны босатыңыз.

Артқы тұманға қарсы шам, егер сыртқы жарықтандыру аспаптары қосылған болса, қосылады; бір мезгілде аспаптар қалқаншасында тиісті сигнал шамы жанады.



Артқы тұманға қарсы фонарь

4 ажыратып-қосқыштың ортаңғы сақинасын **3** белгісі осы таңбамен үйлесетін қалыпқа бұраңыз, содан кейін сақинаны босатыңыз

Автокөліктің жинақталымына байланысты, ажыратып-қосқыш бастапқы қалыпқа қайтарылады немесе ағымдағы қалыпта қалады.

Егер сыртқы жарықтандыру аспаптары қосылған болса, тұманға қарсы шам қосылады; қалқаншадағы тиісті сигнал шамы бір мезгілде жанады.

Басқа қозғалыс қатысушыларына кедергі келтірмеу үшін артқы тұманға қарсы шамды қажет болмаған кезде өшіруді ұмытпаңыз.

Тұман, қар жауған кезде немесе шатырдан асатын заттарды тасымалдау кезінде фаралардың автоматты түрде қосылуы тұрақты болмауы мүмкін.

Тұманға қарсы фаралар мен шамды қосуды / өшіруді жүргізушінің өзі жүзеге асырады: аспаптар қалқаншасындағы сигнал шамдары олардың қосылғанын (сигнал шамы жанғанын) немесе өшірілгенін (сигнал шамы жанбағанын) куәландырады.


Тұманға қарсы шамдарды өшіру

2 тәсіл бар:

- автокөліктің жинақталымына байланысты, осы таңбаға қарама-қарсы **3** белгісін орнатып, **4** орталық сақинаны қайтадан қолмен бұраңыз. Аспаптар қалқаншасындағы тиісті сигнал шамы сөнеді;
- фаралар қозғалтқыш тоқтағаннан кейін немесе автокөлік құлыпталғаннан кейін, ал тұманға қарсы шамдар жүргізушінің есігін ашқанда автоматты түрде өшеді.

Сыртқы жарықтандыру аспаптары өшірілген кезде тұманға қарсы фаралар мен артқы тұманға қарсы фонарь бір мезгілде сөндіріледі.

СЫРТҚЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ СИГНАЛИЗАЦИЯ АСПАПТАРЫ (4/4)



«Жарықпен сүйемелдеу» функциясы

(автокөліктің жинақталымына
байланысты)

Бұл функция сізге, мысалы, үйдің есігін ашқан кезде жарықтандыру үшін қысқа уақытқа жақын фаралар жарығын қосуға мүмкіндік береді.

Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, сыртқы жарық сөніп, AUTO белгісіндегі 2 сақинаның қалпы, 1 рөл астындағы ажыратып-қосқышты өзіңізге қарай тартыңыз: фаралардың жақын жарығы шамамен 30 секундқа қосылады.

Осы кезеңді ұлғайту үшін ажыратып-қосқыш иінірегін 4 ретке дейін (жалпы уақыт 2 минутпен шектелген) тартуға болады. Бұл әрекетті растау үшін аспаптар қалқаншасында «Сопроводит. свет» хабарламасы және фаралардың жануын жалғастыру уақыты пайда болады. Содан кейін сіз автокөлікті құлыптай аласыз. Жарықты автоматты түрде өшірмес бұрын өшіру үшін 2 сақинасын кез-келген қалыпқа бұраңыз, содан кейін оны **AUTO** қалпына қайтарыңыз.

Сәлемдесу және қоштасу функциясы

(автокөліктің жинақталымына
байланысты)

Егер осы функция іске қосылған болса, кілт-картаны тану немесе автокөлікті ашу кезінде күндізгі жүріс оттары мен артқы ауқым шырақтары автоматты түрде қосылатын болады.

Олар автоматты түрде өшіріледі:
қосқаннан кейін шамамен 1 минуттан
кейін;

– қозғалтқышты рөл астындағы
ажыратып-қосқыштың жағдайына
байланысты іске қосу кезінде;

немесе

– автомобильді құлыптау кезінде.

ФАРАЛАРДЫҢ ЖАРЫҚ БАҒЫТЫН ТІК ТҮЗЕТУ


Фаралар автокөлік жүктемесіне байланысты автоматты түрде реттеледі.

Уақытша реттеу

Қозғалтқыштың капотын ашып, алдыңғы фаралардың бірінен **A** таңбасын табыңыз.


Фаралар жарығы бумасын түсіру үшін әр фараның **1** бұрандасын «-» символына қарай бұрауышпен айналым ширегіне бұраңыз.

Сапар аяқталғаннан кейін бастапқы баптауды қалпына келтіріңіз: фаралар жарығы бумасын көтеру үшін **1** бұранданы «+» жағына айналым ширегіне бұраңыз.



Сол жақ қозғалысы бар (немесе керісінше) жолдарда рөлдің сол жақ орналасуы бар автокөлікті пайдалану кезінде жүргізу кезеңінде жарықтандыру аспаптарының тиісті реттелуін орындау ұсынылады.

ШЫНЫ ТАЗАРТҚЫШ, ӘЙНЕКЖУҒЫ (1/2)



Жел әйнегінің тазартқышы

Тұтану қосылған кезде, 1 рөл астындағы ажыратып-қосқыштың иінітірегін жылжытыңыз.

A Шыны тазартқыштардың айналымы.

Қысқа басу арқылы шыны тазартқыштар 1 жұмыс айналымын жасайды.

B Өшірулі.

C Шыны тазартқыштардың автоматты қосылуы.

Иінітіректі осы қалыпқа орнатқаннан кейін, жел әйнегінде су тамшылары пайда болған кезде, шыны тазартқыш автоматты түрде қосылады және тиісті жиілікте жұмыс істейді.



D Үзілмелі режим.

Әр жұмыс циклынан кейін щеткалар бірнеше секундқа тоқтайды.

E Қалыпты жиілікпен үздіксіз жұмыс.

F Үздіксіз жылдам режим.



Жел әйнегінің жуғышы

Тұтану қосылған кезде, 1 рөл астындағы ажыратып-қосқыштың иінітірегін өзіңізге қарай тартыңыз.

Әйнекжуғыштан басқа, шыны тазартқыштың қысқа қайтарымды-ілгерілемелі қозғалысы қосылады.

Ұзақ әсер ету кезінде әйнек жуғыш қосылады және шыны тазартқыштар 3 сермеу жасайды.

Жылытылатын үрлеу шүмектері

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Еріту мен терлеуді тездету үшін шүмектер жел әйнегінің үрлеуі қосылған кезде қызады.



Жел әйнегімен кез келген іс-қимыл алдында (автокөлікті жуу, қардан тазалау, жел әйнегін жуу және т.б.) 1 ажыратып-қосқышын **B** қалпына ауыстырыңыз (өшіру).

Әйтпесе, сіз өзіңізді жарақаттап, немесе жел әйнегіне зақым келтіре аласыз.



Капот астындағы кеңістікте кез-келген әрекетті жасамас бұрын, шыны тазартқыштың ажыратып-қосқышын **B** қалпына келтіріңіз (өшірулі).

Жарақат алу қаупі.

ШЫНЫ ТАЗАРТҚЫШ, ӘЙНЕКЖУҒЫ (2/2)

Шыны тазартқыштың тиімділігі

Шыны тазартқыш щеткалардың жағдайын бақылаңыз. Олардың қызмет ету мерзімі сізге байланысты:

- олар таза болуы керек: щеткалар мен әйнектерді үнемі сабынды сумен жуыңыз;
- шыны тазартқыш щеткаларының құрғақ әйнекке үйкелуіне жол бермеңіз;
- әр щетканы әйнектен бұрып жібергеннен кейін, егер шыны тазартқыштар ұзақ уақыт қосылмаған болса, щеткалар әйнекке жабысып немесе қатып қалмайтынына көз жеткізіңіз.

Шыны тазарту сапасы нашарлай бастаған кезде щеткаларды әрдайым ауыстырыңыз (жылына бір рет). ➡ 5.31

Щеткаларды қолдану кезіндегі сақтық шаралары

- Аязды немесе қарлы ауа-райында әйнектерді шыны тазартқыштар қосылғанға дейін уақтылы тазалаңыз (олардың жетекті Электр қозғалтқыштарының қызып кетуіне жол бермеу үшін).
- Щеткаларды шынылар бойымен жылжуы үшін қандай да бір кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.

Егер жел мен артқы әйнектерде шыны тазартқыштардың жұмысына кедергілер болса (кір, қар, мұз және т. б.), оларды қоспас бұрын әйнекті алдын-ала тазалаңыз (оның ішінде артқы көріністің ішкі айнасына қарама-қарсы орталық ақ аймақты қоса), әйтпесе қызып кету және жетекті электр қозғалтқыштарға зақым келуі мүмкін.


Егер шыны тазартқыштардың жұмысына бөгде зат кедергі келтірсе, олар жұмыс істемей қалуы мүмкін. Бөгде затты алып тастаңыз және ажыратып-қосқыш көмегімен шыны тазартқыштарды қайта қосыңыз.




Капот астындағы кеңістікте кез-келген әрекетті жасамас бұрын, шыны тазартқыштың ажыратып-қосқышын **A** қалпына келтіріңіз (өшірулі).

Жарақат алу қаупі.

ЖАНАРМАЙ ШАНЫ (1/3)




Жанармай шанының пайдалы сыйымдылығы: 50 литр (шамамен).
А толтыру мойнының ойымшасын ашу үшін 1 иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз.



Ойымшаны ашып, 2 жанармай шанының қақпағын бұрап алыңыз.
Жанармай құю кезінде А ойымша қақпағындағы 3 тығын ұстағышын 2 тығынын іліп қою үшін қолданыңыз.

Толтырғаннан кейін тығын мен ойымша қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.



Жанармай шанының құю қылтасының тығыны арнайы конструкцияға ие.

Егер оны ауыстыру қажет болса, жаңа тығын бұрынғыға ұқсас екеніне көз жеткізіңіз. Бұл мәселе бойынша ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Ешқашан жанармай шанының құю қылтасының тығынын ашық отқа немесе жылу көзіне жақын қоймаңыз.

Құю қылтасының айналасын жоғары қысымды су беру құрылғысымен жууға болмайды.

ЖАНАРМАЙ ШАНЫ (2/3)

Жанармай сапасы

Өрқашан автокөлікті пайдалану елінде қолданылатын стандарттардың талаптарына сәйкес келетін **сапалы жанармайды ғана пайдаланыңыз**. Ол жанармай шанының құю қылтасының ойымшасы ішіндегі **В** затбелгісінде көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс. ➡ 6.5.

Тек этилдендірілмеген бензинді қолданыңыз. Жанармайдың октандық саны жанармай шаны ойымшасының артқы жағындағы **В** затбелгісінде көрсетілген мәнге сәйкес келуі тиіс. ➡ 6.5.

Еуропалық стандарттарға сәйкес келетін және Еуропада сатылатын автомобильдерге жарамды жанармай түрлері ➡ 6.5.



Дизель жанармайын бензинмен (этилдендірілмеген немесе E85) тіпті өте аз мөлшерде араластырмаңыз.

Егер автомобиль оған бейімделмеген болса, этанол негізіндегі жанармайды пайдаланбаңыз. Жанармайға ешқандай зат қоспаңыз (қоспалар, реагенттер және т.б.), себебі бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.



жанармайның тұрақты иісі

Жанармай иісі пайда болған жағдайда келесі әрекеттерді орындаңыз:

- автокөлікті жол жағдайларына сәйкес тоқтатыңыз және тұтануды өшіріңіз;
- апаттық сигнал беруді қосыңыз және барлық жолаушылардан автокөліктен шығып, жүргін бөліктен алшақ тұруын сұраңыз
- өндіруші компанияның ресм дилерінің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

ЖАНАРМАЙ ШАНЫ (3/3)

Жанармай құю

Пистолетті ішкі қақпақшаны сығып, толығымен құю қылтасына салыңыз, содан кейін жанармай беруді қосыңыз (шашырату қаупі бар).

Жанармай құйылғанша дейін оны осы қалыпта ұстаңыз. Жанармай құю кезінде жанармай беруді бірінші автоматты тоқтатқаннан кейін, шанда температура көтерілген кезде жанармайды кеңейту үшін қажетті бос көлем қалатындай етіп, жанармай беруді 2-ден артық емес қосуға болады.

Жанармай құю кезінде жанармай шанына су кірмейтініне көз жеткізіңіз. Қақпақша мен оның айналасындағы аймақ таза болуы керек.

Этилдендірілген бензинді пайдалану пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінің істен шығуына және дайындаушы кепілдігінің қолданылуын

тоқтатуға әкелуі мүмкін. Этилдендірілген бензинді құю мүмкіндігін болдырмау үшін жанармай шанының құю қылтасында **жанармай құю үшін тек этилдендірілмеген бензинге арналған жанармай үлестіргіш пистолетті пайдалануға мүмкіндік беретін тарылту бар.**



Жанармай жүйесімен рұқсатсыз жұмыс істеу (электронды басқару блоктары, сымдар бумасы, жанармай құбырлары, бүріккіштер, қорғаныс және т.б.) немесе оның құрылымына кез-келген араласуға қатаң тыйым салынады, өйткені бұл сіздің өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін (өндіруші компанияның ресми дилерлік желісінің қызмет көрсету станцияларының мамандары орындаған жұмыстардан басқа).



Қозғалтқышқа жақын жерде жұмыс істеу кезінде оның ыстық болуы мүмкін екеніне назар аударыңыз. Сондай-ақ, салқындату жүйесінің желдеткіші кез келген уақытта қосылуы мүмкін екенін ұмытпаңыз. Бұл туралы қозғалтқыш бөліміндегі

сигнал шамы  еске түсіреді.

Жарақат алу қаупі



2-тарау. Автокөлікті жүргізу

(автокөлікті үнемді және экологиялық қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстар)


Сынау, тұтану құлпы	2.2
Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату: тұтану кілті бар автокөлік	2.3
Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату: кілт-карта бар автокөлік	2.5
Бензин қозғалтқышы бар автокөліктердің ерекшеліктері	2.10
Жүргізу бойынша ұсыныстар, ЕСО үнемді жүргізу режимі	2.11
Техникалық қызмет көрсету және қоршаған ортаның ластануын азайту бойынша ұсыныстар	2.15
Қоршаған ортаны қорғау	2.16
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	2.17
Берілісті ауыстыру иінтірегі/ тұрақ тежегіші	2.21
Трансмиссия: толық жетек (4x4)	2.22
Жүргізу кезіндегі басқаруды түзету және көмек жүйелері	2.26
Жылдамдықты шектеу жүйесі («шектегіш»)	2.30
Жылдамдықты реттеу жүйесі («реттегіш»)	2.33
Автоматты беріліс қорабы	2.37
Тұрақ кезінде қашықтықты бақылау жүйесі	2.41
Артқы көрініс камерасы	2.43
Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі	2.45
Айнала шолу жүйесі	2.51
Жедел жәрдем шақыру	2.55

СЫНАУ, ТҰТАНУ ҚҰЛПЫ

Автокөлікпен алғашқы 1000 км жүру кезінде жоғары берілісте 130 км/сағ жылдамдықты асырмаңыз және қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін 3000 – 3500 айн./мин. арттыруға жол бермеңіз.

Сіздің автокөлігіңіз алғашқы 3 000 км жүрістен кейін өзінің жұмыс сипаттамаларын толығымен жүзеге асыра алады.

Ауыстыру кезеңділігі: автокөлікке техникалық қызмет көрсету бағдарламасын қараңыз.



Тұтану кілтінің қалпы «Рөлдік басқаруды бұғаттау және тұрақ» A

Рөл білігін бұғаттау үшін тұтану құлпынан 1 кілтін алып, рөл дөңгелегін рөл бағанының құлпы бұғатталғанға дейін бір жаққа немесе басқа жаққа бұру керек.

Рөл білігін бұғаттан шығару үшін тұтану құлпындағы кілтті және рөл дөңгелегін сәл бұраңыз.

«Қосымша жабдық» ережесі B

Тұтану өшірілген кезде қосымша жабдық (радио және т.б.) жұмысын жалғастырады.

«Тұтану қосылған» тұтану кілтінің қалпы C

Тұтану қосулы, қозғалтқышты іске қосуға болады.

«Қозғалтқышты іске қосу» тұтану кілтінің қалпы D

Егер қозғалтқыш бірінші әрекеттен іске қосылмаса, стартерді қайта қоспас бұрын, кілтті бастапқы күйіне орнату керек.

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден тұтану кілтін босатыңыз.

Автоматты беріліс қорабы бар автокөліктердің ерекшеліктері

→ 2.37

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: тұтану кілті бар автокөлік (1/2)

Қозғалтқышты іске қосу

Автокөліктің жинақталымына байланысты, механикалық беріліс қорабы бар автокөлік қозғалтқышын іске қосу үшін беріліс іске қосылған кезде ілінісу басқышына тоқтағанша басу немесе беріліс қорабының иінтірегін бейтарап күйге ауыстыру қажет. Борттық компьютер экранында хабарлама пайда болады «Вкл. нейтраль + нажмите Start».

Қозғалтқышты өте төмен сыртқы температурада (-20 °C-тан төмен) іске қосуды жеңілдету үшін стартерді қоспас **бұрын** бірнеше секундқа тұтануды қосу керек.

Қозғалтқышты өте төмен температурада іске қосқан кезде (-10 °C-тан төмен): қозғалтқышты іске қоспас бұрын ілінісу басқышын басып тұрыңыз.

Бензин қозғалтқышы бар автокөлік

- **Акселератор басқышын баспай**, стартерді қосыңыз.
- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден тұтану кілтін босатыңыз.



Ешқандай жағдайда қозғалтқышты автокөлікті сүйреп, итеріп немесе еңіс астына сырғанау арқылы іске қосуға тырыспаңыз. Қозғалтқыш жұмыс істемеген кезде рөлдік басқару күшейткіштері мен тежегіштер жұмыс істемейді.

Жол-көлік оқиғаларының қаупі бар.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: тұтану кілті бар автокөлік (2/2)

Автоматты беріліс қорабы бар автокөліктер

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын иінтірек Р қалпына орнатылуы тиіс ➔2.37.



Ешқандай жағдайда тұтануды өшірмеңіз және кілтті тұтану құлыпынан автокөлік толық тоқтағанға дейін шығармаңыз, өйткені қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде тежегіштің вакуумдық күшейткіші, рөлдік басқару күшейткіші, сондай-ақ пассивті қауіпсіздік құрылғылары жұмысын тоқтатады. Қозғалтқышты өшірген кезде (тежегіштер, рөлдік басқару және т. б.) күшейткіштер мен пассивті қауіпсіздік құралдары – қауіпсіздік көпшіктері, қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала кергіштері және т. б. өшіріледі.

Қозғалтқыштың тоқтауы

Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде тұтану кілтін **А «Стоп»** күйіне бұраңыз.

Ерекшелік

Автокөліктің жинақталымына байланысты қосымша жабдық (радио және т.б.) қозғалтқыш өшірілген кезде, жүргізушінің есіктерін ашқан кезде немесе есіктерді бұғаттаған кезде өшіріледі.



Автокөлікті тоқтатпаңыз және жанғыш материалдар (мысалы, құрғақ шөптер мен жапырақтар) пайдаланылған газды шығару жүйесінің қыздырылған бөлшектерімен байланыста болуы мүмкін жерлерде қозғалтқыштың жұмысына жол бермеңіз.



Автокөлікті қою немесе тоқтату жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында көлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: кілт-карта бар автокөлік (1/5)




45105

Кілт-карта **1**-әрекет аймағында болуы тиіс.

Қозғалтқышты іске қосу:

- автоматты беріліс қорабы бар автокөліктер: беріліс қорабының тұтқасын **P** күйіне орнатыңыз, тежегіш басқышты басып, **2** түймесін басыңыз;
- в механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте: тежегіш басқышты және беріліс қорабының жағдайына байланысты ілінісу басқышын басып, **2** түймесін басыңыз
Егер еханикалық беріліс қорабында берілістердің біреуі қосылған болса, іске қосу тек ілінісу басқышын басқанда ғана мүмкін болады.



45108

Ерекшеліктер

- Қозғалтқышты іске қосу шарттары сақталмаған жағдайда, аспаптар қалқаншасында «Нажмите тормоз + нажмите Start» немесе «Выжать сцепление + нажать Start» немесе «Селектор в P + нажмите Start» хабарламасы пайда болады;
- кейбір жағдайларда рөл бағанын бұғаттан шығару үшін рөл дөңгелегін **2** іске қосу түймесін басу арқылы сәл бұру керек; «Поверните руль + нажмите Start» хабары сізге бұл туралы ескертеді.

Жұқсалғыш бөлімшесінің есігі ашық кезде «бос қолдар» жүйесінің көмегімен қозғалтқышты іске қосу

Бұл жағдайда кілт-карта жұқсалғыш бөлімшеде болмауы тиіс.



Автокөлікті қою немесе тоқтату жүргізушінің жауапкершілігі кезіндегі


Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында көлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.


ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: кілт-карта бар автокөлік (2/5)



«Қосымша жабдық» функциясы (тұтануды қосу)

Көлік ашылғаннан кейін сіз оның кейбір жүйелерін (радио, навигация жүйесі, шыны тазартқыштар және т.б.) қолдана аласыз.

Басқа функцияларды пайдалану үшін: салонда кілт-картаны тапқан кезде, басқышты баспай, 2 түймесін басыңыз.



Ақаулар

Кейбір жағдайларда «бос қолдар» функциясы бар кілт-карта жұмыс істемеуі мүмкін:

- картаның қуат көзі таусылды, аккумулятор батареясының заряды таусылды және т. б.;
- бірдей жиілікте жұмыс істейтін электрондық құрылғының жақындығы (ұялы телефон, видео ойын және т. б.);
- автокөлік күшті электромагниттік кедергі аймағында орналасқан.

Аспаптар қалқаншасында «Поднести карту к символу + START» хабары пайда болады.

Тежегіш немесе ілініс басқышын басыңыз, содан кейін 4 таңбасына 3 кілт-картасын салыңыз. Қозғалтқышты іске қосу үшін 2 түймесін басыңыз. Хабар жоғалады.



Автокөлікті қою немесе тоқтату кезіндегі жүргізушінің жауапкершілігі

Мүмкіндігі шектеулі ересек адамды, баланы немесе жануарды тіпті қысқа уақыт ішінде автокөлігіңізде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Олар өздеріне немесе басқа адамдарға, мысалы, қозғалтқышты іске қосу, әйнек көтергіштер сияқты құрылғыларды қосу немесе есіктерді бекіту арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, жылы және/немесе күн шуақты ауа-райында көлік салонындағы температура өте тез көтерілетінін ескеру қажет.

АУЫР ЖАРАҚАТ НЕМЕСЕ ӨЛІМ ҚАУПІ БАР.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: кілт-карта бар автокөлік (3/5)



Қозғалтқышты өшіру шарттары

Автокөлік тоқтап тұруы тиіс, беріліс қорабының иінтірегі автоматты беріліс қорабы бар ар автокөліктер үшін **P** қалпында болуы тиіс.

Салонда да кілт-картаны тапқан кезде 2 батырмасын басыңыз: қозғалтқыш тоқтайды. Рөлдік баған жүргізушінің есігі ашылған кезде немесе автокөлік бұғатталған кезде бұғатталады.

Егер қозғалтқышты өшіру кезінде автокөлік салонында кілт-картасы болмаса, «Нет ключа-карты Нажать и держать» хабарламасы пайда болады: 2 түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз. Егер салонда кілт-картасы болмаса, түймені басып ұстап тұрар алдында, автокөлікті бұғаттағаннан кейін кілт-картаны қайтадан ала алатындығыңызға көз жеткізіңіз. Әйтпесе, кілт-карта болмаса, қозғалтқышты қайта іске қоса алмайсыз.

Қозғалтқыш тоқтаған кезде қосымша жабдық (радио және т.б.) шамамен 10 минут жұмысын жалғастырады. Жүргізушінің есігін ашқан кезде қосымша жабдық өшіріледі.



Ешқандай жағдайда тұтануды өшірмеңіз және кілтті тұтану құлыпынан автокөлік толық тоқтағанға дейін шығармаңыз. Қозғалтқышты өшірген кезде (тежегіштер, рөлдік басқару және т. б.) күшейткіштер мен пассивті қауіпсіздік құралдары — қауіпсіздік көпшіктері, қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала кергіштері және т. б. өшіріледі



Автокөлікті тоқтатпаңыз және жанғыш материалдар (мысалы, құрғақ шөптер мен жапырақтар) пайдаланылған газды шығару жүйесінің қыздырылған бөлшектерімен байланыста болуы мүмкін жерлерде қозғалтқыштың жұмысына жол бермеңіз.



Автокөліктен шығар алдында, әсіресе, егер сіз кілт-картаны өзіңізбен бірге алып жүрсеңіз, қозғалтқыш өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: кілт-карта бар автокөлік (4/5)



Қозғалтқышты қашықтан іске қосу

Инициализация

Егер бұл жүйе автомобильдің жинақталымына кіретін болса, оны іске қосу үшін **6** бұғаттан шығару батырмасын, содан кейін **5** қашықтан іске қосу батырмасын әр басқан сайын шамамен 3 секунд ұстап тұрып, қатарынан екі рет басу керек. Екі рет басу арасындағы уақыт 5 секундтан аспауы керек. 3 секунд бойы апаттық сигнал беру оттарының қосылуы және тұрақты жануы кезінде жүйенің инициализациясын растаңыз.

Ескерту: функцияны инициализациялағаннан кейін оны деактивациялау мүмкін болмайды.

Өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Іске қосу операциясы

Бұл функция қозғалтқышты қашықтан іске қосуға мүмкіндік береді.

Жылыту және желдету жүйесінің алдынала қажетті режимін орнатыңыз (жылыту, еріту).

Қозғалтқышты қашықтан іске қосу үшін **7** бұғаттау түймесін, содан кейін 2 секундтан кешіктірмей — **5** қашықтан іске қосу түймесін басып, оны шамамен 3 секунд басып тұрыңыз. Апаттық сигнал беру оттары шамамен 3 секунд бойы үздіксіз жанып тұрады. Осыдан кейін қозғалтқыш іске қосылады..

Қозғалтқыш 10 минут бойы жұмыс істейді. Қозғалтқыштың жұмыс уақытын қашықтан іске қосу **5** түймесін тағы бір рет басу арқылы 10 минутқа ұзартуға болады. Апаттық сигнал беру оттарын қосу және олардың 3 секунд ішінде үздіксіз жануы қозғалтқыштың жұмысын ұзартуды растайды.



Сонымен қатар, сіз автокөлікті қолданар алдында 24 сағатқа дейін салонды жылыту немесе желдету үшін қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу уақытын бағдарламалай аласыз.

Автокөліктің жинақталымына байланысты, конфигурациялау және бағдарламалау **8** мультимедиялық дисплейдің көмегімен орындалады, автокөліктің мультимедиялық жабдығын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ: кілт-карта бар автокөлік (5/5)

Қозғалтқышты қашықтан іске қосу тиімділігіне келесі қоршаған орта жағдайының факторлары әсер етеді:

- кедергілердің, ғимараттардың, қабырғалардың, басқа автокөліктердің болуы және т. б.;
- радио кедергілері (теледидар, радио, ұялы телефондар, басқа қашықтан басқару пульті және т. б.);
- қашықтан басқару пультінің немесе автокөлік кілт-картасының қуат элементінің күйі.



Егер сіз осы функцияны қолдануды жоспарласаңыз, онда автокөліктен шықпас бұрын, барлық электр қуатын тұтынушылар (шыны тазартқыштар, сыртқы жарықтандыру құрылғылары, дыбыстық жүйе, орындық жылытқыштары, рөл дөңгелектерін жылыту және т.б.) өшіріліп, барлық электр аксессуарлары розеткалардан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Жану қаупі бар.

Қозғалтқышты қашықтан немесе автоматты түрде іске қосудың жұмыс істеу шарттары:

- иінтірек қол немесе роботтандырылған беріліс қорабы бар автокөліктер үшін бейтарап қалыпта орналасқан;
- иінтірек автоматты беріліс қорабы бар автокөліктерге арналған **Р** қалпында орналасқан;
- тұтану өшірілген;
- капот жабық;
- сіз автокөліктен шыққан кезде шанақтың барлық ашылатын элементтері (есіктер мен жүксалғыш бөлімшесі) жабылып, құлыптаулы болады;
- қозғалтқышты іске қосу үшін қолайсыз жағдайларда (экстремалды ауа-райы жағдайлары, автокөліктің тиісті техникалық жай-күйі, сапасыз жанармай мен май, заряды таусылған аккумулятор батареясы және т.б.) қозғалтқышты бағдарламаланған автоматты немесе қашықтықтан іске қосу жүзеге асырылмауы мүмкін.

Егер жоғарыда аталған шарттардың біреуі сақталмаса, апаттық сигнал беру оттары шамамен 3 секунд бойы жыпылықтайды.



Қозғалтқышты қашықтан іске қосуды немесе оны бағдарламалауды келесі жағдайларда пайдаланбаңыз:

- автокөлік гаражда немесе жабық жерде орналасқан.

Бұл пайдаланылған газдардан улану немесе тұншығу қаупін тудырады;

- автокөлік қорғаныс қабымен жабылған.

Жану қаупі бар;

- капот жартылай ашық немесе толығымен ашық.

Күйік немесе ауыр жарақат алу қаупі бар.

Кейбір елдерде қозғалтқышты қашықтықтан іске қосу функциясы немесе тиісті бағдарламалау қолданыстағы заңнамамен және/немесе басқа нормалар мен ережелермен тыйым салынуы мүмкін.

Бұл мүмкіндікті пайдаланбас бұрын, автокөліктерді пайдалану еліндегі заңмен және/немесе қолданыстағы нормалармен және ережелермен тыйым салынбағанын тексеріңіз.

БЕНЗИН ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР АВТОКӨЛІКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автокөлікті пайдаланудың келесі шарттары:

- шандағы жанармайдың ең төменгі деңгейінің сигнал шамы қосылған ұзақ қозғалыс;
- этилдендірілген бензинді пайдалану;
- мотор майына арналған қоспаларды немесе өндіруші мақұлдамаған жанармай сорттарын пайдалану,

немесе, келесі сияқты ақаулар:

- тұтану жүйесінің ақаулығы немесе жанармайдың толық өндірілуі, немесе жүру кезінде тұтануды жіберу мен жұлқынулармен көрсетілетін оталдыру білтесінің ажыратылуы;
- қуаттың жоғалуы,

каталитикалық бейтараптандырғыштың шамадан тыс қызуына әкеліп соғады, бұл оның тиімділігін төмендетеді және қызып кетуден туындаған автокөліктің бұзылуына және зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Егер сіз жоғарыда сипатталған дұрыс емес пайдалану шарттары мен ақаулардың белгілерін байқасаңыз, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін өндіруші компанияның ресми дилерінің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Егер сіз барлық ұсыныстарды орындасаңыз және автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету бағдарламасына сәйкес өндіруші компанияның ресми дилерлік желісінде автокөлікке тұрақты техникалық қызмет көрсетсеңіз, жағымсыз салдардан аулақ бола аласыз.

Қозғалтқышты іске қосу кезіндегі қиындықтар

Каталитикалық бейтараптандырғышқа, сондай-ақ стартерге және аккумуляторлық батареяға зақым келтірмеу үшін, ақаулықтың себебі орнатылып, жойылғанға дейін қозғалтқышты (стартермен, автокөлікті итеріп немесе сүйреп) **іске қосудың ұзақ немесе қайталанатын сәтсіз әрекеттерін жасамаңыз.**

Егер ақаулықтың себебі анықталмаса, өндіруші компанияның ресми дилеріне дереу хабарласыңыз.




Автокөлікті тоқтатпаңыз және жанғыш материалдар (мысалы, құрғақ шөптер мен жапырақтар) пайдаланылған газды шығару жүйесінің қыздырылған бөлшектерімен байланыста болуы мүмкін жерлерде қозғалтқыштың жұмысына жол бермеңіз.

ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР, ЕСО ҮНЕМДІ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІ (1/4)

Жанармайдың бақылау шығыны стандартты бекітілген әдіспен анықталады. Бұл әдісті барлық өндірушілер қолданады және автокөліктерді бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік береді. Жанармайдың нақты шығыны автокөліктің жұмыс жағдайына, жабдыққа және жүргізу режиміне байланысты. Төменде жанармай шығынын оңтайландыру бойынша ұсыныстар берілген.

Жинақталымға байланысты автокөлік жанармай шығынын бақылау және азайту үшін бірқатар функциялармен жабдықталуы мүмкін:

- тахометр;
- берілістердің өзгеру индикаторы;
- **ЕСО** батырмасымен қосылатын, **ЕСО** режимі.



Берілістерді ауыстыру индикаторы 1

Жанармай шығынын оңтайландыру мақсатында қолмен берілісті ауыстырып қосатын автокөліктердегі А аспаптар қалқаншасындағы сигнал шамдары жоғары немесе төмен беріліске ауыстырып қосу үшін ең жақсы мезгіл туралы хабардар етеді:




жоғары берілісті қосыңыз;



төменгі берілісті қосыңыз.

ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР, ЕСО ҮНЕМДІ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІ (2/4)




ЕСО режимі

ЕСО режимі жанармай шығынын оңтайландыру функциясы болып табылады.

Ол кейбір энергияны көп қажет ететін автокөлік жүйелерінің жұмысын түзету үшін (жылыту, ауаны баптау, күшейткіші бар рөлдік басқару және т.б.) және қозғалыс кезінде кейбір басқару әрекеттері үшін (екпін, беріліс ауыстыру, жылдамдықты басқару жүйесінің жұмысы, баяулау және т. б.) қолданылады.

Екпін қарқындылығының шектелуі қалалық және қала сыртындағы жол қозғалысы жағдайларында жанармай шығынын азайтуға мүмкіндік береді. ЕСО режимі қосылған кезде жылыту режимін өзгерту қалыпты жағдай болып табылады.



Функцияны қос

3 ажыратқышын басыңыз.

A аспаптар қалқаншасындағы **2 ECO** сигнал шамының жануы осы режимнің қосылғанын растайды.

Қозғалыс кезінде сіз қажет болған жағдайда ЕСО режимінен уақытша шығып, қозғалтқыштың толық қуатын пайдалана аласыз.

Мұны істеу үшін Сіз газ басқышын қатты және тірелгенге дейін басыңыз керек.


Акселератор басқышын босатқан кезде ЕСО режимі автоматты түрде қайта қосылады.

Жүйені өшіру

3 ажыратқышын басыңыз .

2 ECO сигнал шамы режим өшірілген кезде аспаптар қалқаншасында сөнеді.

ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР, ЕСО ҮНЕМДІ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІ (3/4)



Көлік жүргізу бойынша ұсыныстар және ЕСО үнемді жүргізу режимі

Жүріс-тұрыс

- Қозғалтқышты толық қыздырғанға дейін төмен жылдамдықпен ұқыпты жүру қозғалтқышты тұрақта тұрып бос жүрісте қыздырғаннан артық болады.
- Жылдамдық-қымбат рахат.
- Жиі екпінмен және тежелумен динамикалық жүру жанармай шығынын арттырады, бұл уақытты үнемдеумен ақталуы екіталай.

- Аралық берілістерде қозғалыс кезінде де акселератор басқышына қатты баспаңыз. Әрқашан мүмкін болатын ең жоғары берілісті қолдануға тырысыңыз.
- Тым қарқынды үдетпеңіз.
- Жолдағы жағдайды алдын-ала бағалауға тырысыңыз (кедергі немесе бұрылыс), содан кейін жылдамдықты азайту үшін акселератор басқышынан аяғыңызды алып тастау жеткілікті болады.
- Өрлерде қозғалған кезде бұрынғы жылдамдықты сақтауға ұмтылмаңыз; акселератор басқышын жолдың көлденең бөлігі бойынша қозғалғаннан артық баспаңыз: акселератор басқышында аяғыңызды сол қалпында ұстаңыз.
- Іліністі екі рет өшіру және берілістерді ауыстыру кезінде және қозғалтқышты тоқтатпас бұрын «қайта газдау» қазіргі заманғы автокөлікте мүлдем орынсыз болып табылады.
- Автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте қозғалыс кезінде беріліс селекторының иінтірегін әрқашан **D** қалпына қойған жөн.



Қолайсыз ауа-райында және су басқан жолда қозғалу кезінде, егер су деңгейі деңгелек дискілерінің төменгі жиегінен жоғары болса, су басқан жерге кірмеңіз.




Басқаруға кедергі

Жүргізуші жағында тек осы автокөлікке арналған және бекітілген бөлшектермен

жабдықталған кілемшелерді пайдаланыңыз; олардың бекітілуінің сенімділігін үнемі тексеріп отырыңыз. Оларды бір-бірінің үстіне қою арқылы бірнеше кілемшені пайдаланбаңыз.

Басқыштардың қысылу қаупі.

ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР, ЕСО ҮНЕМДІ ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІ (4/4)




Шиналар

- Шиналардағы ауа қысымының тым төмен болуы жанармай шығынын арттыруға әсер етеді.
- Автокөлікке дайындаушы ұсынғандардан өзгеше шиналарды орнату жанармай шығынының артуына алып келуі мүмкін.



4x2 (2WD) түрленімдері

Автокөлікті жолдан тыс жерлерде пайдалануға тыйым салынады.



Пайдалану бойынша кеңестер

- ЕСО режимін қолдануға тырысыңыз.
- Электр қуатын тұтыну жанармай шығынын арттырады, сондықтан әрдайым қажет емес электр құрылғыларын өшіріңіз. Алайда, қауіпсіздік мақсатында фараларды нашар көріну кезінде қосулы қалдырыңыз («көру және көріну» үшін).
- Салонның штаттық желдету жүйесін пайдаланыңыз. 100 км/сағ. жылдамдықпен ашық терезелермен жүру жанармай шығынын 4% -ға арттырады.
- Жанармайдың төгілуіне жол бермеу үшін жанармай құю кезінде шанды толтырмаңыз.

- Ауаны баптау жүйесі бар автокөліктерде оны пайдалану кезінде, әсіресе қалалық көлік ағынында қозғалыс кезінде жанармай шығынының артуы байқалады. Автоматты режимі жоқ ауа баптағышы бар автокөліктерде, қажет болмаған кезде ауа баптағышты өшіріңіз

Жанармай шығынын азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға көмектесетін кеңестер

- Егер сіздің автокөлігіңіз тұрақта өте ыстық ауа райында немесе тікелей күн сәулесі астында тұрса, қозғалтқышты іске қоспас бұрын оның салонын желдетуді ұсынамыз.
- Шатырға орнатылған бос жүксалғышпен жүрмеңіз.
- Үлкен жүктерді тіркемеде тасымалдаңыз.
- Тұрғын тіркемесін тіркеп сүйреген кезде қосымша аэродинамикалық дефлекторды пайдаланыңыз; оның қалпын реттеуді ұмытпаңыз.
- Автокөлікті ұзақ аялдамалары бар жиі және қысқа сапарлар үшін пайдаланудан аулақ болыңыз-бұл қозғалтқыштың қалыпты жұмыс температурасына дейін жылынуына жол бермейді.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗДАРДЫҢ УЫТТЫЛЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

Сіздің автокөлігіңіз 2015 жылдан бастап жарамды пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін қайта өңдеу және кәдеге жарату өлшемдеріне сәйкес келеді.

Автокөліктің кейбір бөліктері кейінгі өңдеуді ескере отырып жасалған. Бұл бөлшектер кейіннен тиісті кәсіпорындарда жинау және қайта өңдеу үшін оңай бөлшектеледі.

Сонымен қатар, құрылымы, зауыттық реттеу және жанармай шығыны бойынша Сіздің автокөлігіңіз қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қолданыстағы нормаларға сәйкес келеді. Ол автокөліктің пайдаланылған газдарының уыттылығын төмендетуге және энергияны үнемдеуге белсенді түрде ықпал етеді. Жанармай шығыны және сіздің автокөлігіңіздегі газдардың уыттылық деңгейі сізге де байланысты. Тиісті техникалық қызмет көрсетуді жүргізіңіз және автокөлікті дұрыс пайдаланыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Автокөліктің оның пайдаланылған газдарының уыттылығын анықтайтын нормаларға сәйкес келмегені үшін жауапкершілік оның иесіне жүктелетінін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, қозғалтқыш бөлшектерін, қуат жүйесін немесе пайдаланылған газды шығару жүйесін бастапқы емес бөлшектермен ауыстырған жағдайда, сіздің автокөлігіңіз пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жөніндегі қолданыстағы нормаларға сәйкес келмеуі мүмкін.

Сіздің автокөлігіңіздің техникалық қызмет көрсету бағдарламасына сәйкес барлық тексерістері мен реттеулері өндіруші компанияның ресми дилерлік желісінде жасалуы керек. Ресми дилерлердің сервистік станцияларында сіздің автокөлігіңізде қажетті операцияларды орындауға мүмкіндік беретін барлық қажетті жабдықтар бар.

Қозғалтқышқа қызмет көрсету

– **Оталлдыру білтелері:** оңтайлы жанармай шығыны, тиімділігі мен қуаты өндіруші белгілеген талаптарды қатаң сақтауға байланысты.

Оталдыру білтелерін ауыстыру кезінде тек автокөлік қозғалтқышына арналған білтелерді қолданыңыз. Қызмет көрсетуді ресми дилерлік желіде жүргізіңіз.

- **Ауа сүзгісі, жанармай сүзгісі:** ластанған сүзгі қуатты азайтады. Мұндай сүзгі элементтерін ауыстыру керек.
- **Зажигание и холостой ход:** плановая регулировка не требуется.

Пайдаланылған газдарды бақылау

Пайдаланылған газдарды басқару жүйесі автокөліктердің пайдаланылған газдарын тазарту құрылғысының ақауларын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл ақаулар улы заттардың шығарылуына, сондай-ақ механикалық және термиялық зақымға әкелуі мүмкін.



Аспаптар қалқаншасындағы сигнал шамы жүйенің мүмкін болатын ақауларын көрсетеді.

Тұтану қосылған кезде шам жанады және қозғалтқыш іске қосылған кезде сөнеді.

- Егер шам тұрақты жарықпен жанса, шұғыл түрде өндірістік компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Егер шам жыпылықтаса, жыпылықтау тоқтағанша қозғалтқыш жылдамдығын төмендетіңіз. Өндіруші компанияның сервистік станциясына шұғыл жүгініңіз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Сіздің автокөлігіңіз бүкіл қызмет мерзімі ішінде **қоршаған ортаны қорғау** талаптарын сақтауды ескере отырып жасалған: өндіріс, пайдалану және кәдеге жарату процесінде.

Өндіріс

Сіздің автокөлігіңіз табиғатқа және іргелес аумаққа зиянды әсерді азайтуды (су мен энергияны тұтынуды азайту, дыбыстық және көрнекі зиянды факторларды азайту, атмосфераға және су қоймаларына шығарындыларды азайту, қалдықтарды сұрыптау және өңдеу) қамтамасыз ететін заманауи технологияларды қолдана отырып, өнеркәсіптік аймақта дайындалған.

Пайдаланылған газдар

Сіздің автокөлігіңіз жұмыс кезінде атмосфераға парниктік газдарды (CO_2) аз шығаратын және сәйкесінше жанармайды аз тұтынатын етіп жасалған.

Сонымен қатар, автокөліктер уыттылықты төмендету жүйесімен жабдықталған, оның құрамына каталитикалық бейтараптандырғыш, оттегі белгішесі және белсендірілген көмір сүзгісі кіреді (соңғысы жанармай шанынан бензин буларының атмосфераға түсуіне жол бермейді).

Сіз де қоршаған ортаны қорғауға өз үлесіңізді қосыңыз

- Сіздің автокөлігіңізге жоспарлы техникалық қызмет көрсету барысында тозған және ауыстырылған бөлшектер (аккумулятор батареясы, май сүзгісі, ауа сүзгісі, қуат элементтері және т.б.), сондай-ақ май құтылары немесе құйылған майы бар құтылар арнайы қабылдау пункттеріне тапсырылуы тиіс.

- Өз мерзімін өткерген автокөлік осы үшін уәкілетті орталыққа қайта өңдеуге берілуі тиіс.
- Әрқашан жергілікті заңнама талаптарын сақтаңыз.


Материалдарды қайта өңдеу

Сіздің автокөлігіңіздің құрамдас бөліктері 85% қайта өңдеуге және 95% кәдеге жаратуға жарамды.

Осы сипаттамаларға қол жеткізу үшін автокөліктің көптеген бөлшектері оларды қайта өңдеу мүмкіндігін ескере отырып жасалған. Құрамдас бөліктер мен материалдар арнайы желілерде бөлшектеу мен өңдеуді жеңілдету үшін арнайы ойластырылған.


Табиғи ресурстар мен шикізатты сақтау үшін автокөлікте қайта өңделетін пластиктен немесе жаңартылатын ресурстардан (мақта мен жүн сияқты өсімдік және жануар тектес) жасалған бөлшектер кеңінен қолданылады.

ШИНАДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (1/4)



Егер автокөлік осы жүйемен жабдықталған болса, онда ол бір немесе бірнеше шиналардағы қысымның жоғалуы туралы хабарлайды.

Егер автокөлікте **A** жапсырмасы болса, онда ол осы жүйемен жабдықталған. Жапсырманың бар-жоғын тексеру үшін жүргізушінің есігін ашыңыз, жапсырманың орналасқан жері **1** санымен белгіленеді.



Әрекет ету қағидаты

Бұл жүйе қозғалыс кезінде дөңгелектердің айналу жылдамдығын өлшеу арқылы шиналардың біріндегі қысымның төмендеуін анықтайды.



2 сигнал шамы жанады және жүргізушіге шиналардағы ауа қысымының жеткіліксіздігі туралы ескертіп, жануды жалғастырады (ауасы шығып кеткен дөңгелек, шинаны жару және т.б.).



ШИНАДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (2/4)

Пайдалану шарттары

Жүйе шиналардағы қысымды кестеде көрсетілген шиналардағы қысым мәндеріне жеткізгеннен кейін қайта іске қосылуы тиіс. Әйтпесе, қысым айтарлықтай жоғалған жағдайда жүйе дұрыс сигнал бере алмайды. ➔ 4.13

Келесі (және басқа ұқсас) жағдайларда жүйе дұрыс жұмыс істемеуі немесе кешігіп жұмыс істеуі мүмкін:

- шиналарды ауамен толтырғаннан кейін немесе дөңгелектермен басқа да операциялардан кейін жүйені қайта инициализациялау жүргізілмеген;
- жүйені қайта инициализациялау сәтсіз болды: шиналардағы ауа қысымы ұсынылғаннан өзгеше;
- жүктеменің елеулі өзгеруі немесе жүктеменің автокөліктің бір жағына бөлінуі;
- күшті үдеулермен спорттық жүріс стилі;
- қар басқан немесе тайғақ жол бойынша қозғалыс;
- сырғанауға қарсы тізбектері бар қозғалыс;

- тек бір жаңа шинаны орнату;
- өндіруші ұсынбаған шиналарды пайдалану.



Бұл жүйе көлік жүргізуді жеңілдететін қосымша құрал болып табылады.

Бұл функция жүргізушіні алмастырмайды.. Ешқандай жағдайда ол жүргізушінің ұқыптылығы мен жауапкершілігін алмастыра алмайды.

Айына бір рет шиналардағы қысымды, соның ішінде қосалқы дөңгелектегі шинаны тексеріңіз.

Шиналардағы қысымның эталондық мәнін орнату


Оны келесі жағдайларда жүргізу керек:

- әр ауа толтырғаннан кейін немесе шиналардағы қысымды реттегеннен кейін;
- егер шиналардағы эталондық қысым жұмыс жағдайларына сәйкес өзгерсе (бос автокөлік, жүк тиелген автокөлік, автокүрежол бойындағы қозғалыс және т. б. үшін);
- дөңгелекті ауыстырғаннан кейін;
- дөңгелектердің орнын ауыстырғаннан кейін.

Эталондық мәнді орнату әрдайым ауа қысымын тексергеннен кейін суық шинада жүргізілуі керек.

Шиналардағы қысым автокөліктің жұмыс жағдайларына сәйкес келуі керек (бос автокөлік үшін, жүк тиелген автокөлік үшін, автокүрежол бойындағы жылдам қозғалыс үшін және т. б.).

ШИНАДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (3/4)



Қайта инициализация процесі

Тұтану қосылған кезде:

- функцияны таңдау үшін 4 немесе — автокөліктің жинақталымына байланысты — 3 аспаптар қалқаншасында «Проверить давл-е и иниц. систему» хабарламасы шығуы үшін 4 түймесін бірнеше рет басыңыз;

— инициализацияны бастау үшін 4 түймесін басып тұрыңыз (шамамен 3 секунд). «Процедура завершена» хабарламасының пайда болуы шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін орнату туралы сұраныстың қабылданғанын көрсетеді.

Қайта инициализация бірнеше минуттық жүруден кейін пайда болады

Жүйе қысымның кенеттен күрт төмендеуін байқамауы мүмкін шинаның жарылуы және т.б.).

Хабарламалар

«Накачайте шины»



Сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады.

Ол дөңгелектердің кем дегенде біреуі тегістелгенін немесе ауасы шығып кеткендігін көрсетеді. Егер дөңгелек ауа жіберсе, оны ауамен толтырыңыз. Дөңгелек жарылған жағдайда дөңгелекті ауыстырыңыз немесе өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз. Суық машинада төрт дөңгелектегі қысымды тексеріп, реттеңіз және шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін орнатыңыз. Шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін қайта инициализациялау процесі

басталғаннан кейін  сигнал шамы сенеді



Сигнал шамын **STOP** іске қосу қауіпсіздік жол қозғалысы жағдайлары мүмкіндік берген сәтте автомобильді дереу тоқтату қажеттігін көрсетеді.

ШИНАДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (4/4)

«Шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін орнатуды қайта іске қосу»



Сигнал шамы үздіксіз жарықпен жанады.

Бұл шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін орнату процедурасын қайталау керек екенін көрсетеді.

«Жүйе қолжетімсіз»



Сигнал шамы «Проверьте СКДШ» хабарламасының пайда болуымен бірге жанады.

Бұл автокөлікте мөлшері басқа дөңгелектердің өлшемінен өзгеше қосалқы дөңгелектің орнатылғанын көрсетуі мүмкін.

«Жүйені тексеру»



Сигнал шамы қызғылтсары сигнал шамымен бірге жанады.

Олар жүйенің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді. Өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

Шиналардың қысымын тексеру және толтыру . Қысым суық шиналарда қалыпқа келтірілуі керек (жүргізуші есігінің соңғы жағындағы жапсырманы қараңыз)

Егер суық шиналардағы қысымды өлшеу мүмкін болмаса, ұсынылған мәндерді **0,2 - 0,3 барға (3 PSI) арттыру** керек.

Қысымды қалыпқа келтіру үшін ешқашан қыздырылған шиналардан ауаны шығармаңыз.

Шинаның қысымын әр реттегеннен немесе ауасын толтырғаннан кейін, шинадағы ауа қысымының эталондық мәнінің қайта инициализациясын бастаңыз.

Дөңгелектер мен шиналарды ауыстыру


Ресми дилерлік желі ұсынған жабдықты ғана пайдаланыңыз, әйтпесе жүйенің кеш қосылуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. ➡ 5.8.

Әр дөңгелекті/шинаны ауыстырғаннан кейін, шинадағы қысымды реттеңіз және шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін бастаңыз.

Қосалқы дөңгелек

Егер автокөлік дөңгелектерінің біреуі штаттық қосалқы дөңгелекке ауыстырылса, қысымды реттеп, шиналардағы ауа қысымының эталондық мәнін қайта инициализациялауды бастаңыз.

БЕРІЛІС АУЫСТЫРУ ИІНТІРЕГІ / ТҰРАҚ ТЕЖЕГІШІ



Беріліс ауыстыру иінтірегі

Кері жүрісті қосу

(автокөлік тоқтап тұрған кезде ғана)

Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктер: 1 иінтіректің басындағы схеманы орындаңыз; кері жүрісті қосу үшін алдымен иінтіректегі бұғаттау сақинасын көтеріңіз.

Автоматты беріліс қорабы бар автомобильдер ➡ 2.37

Иінтіректі кері жүріс жағдайына ауыстыру кезінде керіс жүріс оттары (тұтану қосылған кезде) жанады.

Тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішін өшіру

2 иінтірегін жоғары қарай аздап тартыңыз және 3 түймесін басып, иінтіректі шеткі төменгі қалыпқа түсіріңіз.

Аспаптар қалқаншасындағы сигнал шамы сөнеді.



Егер сіз тұрақ тежегішін толық сөндірмей қозғала бастасаңыз, аспаптар қалқаншасында қызыл сигнал шамы жанады.



Шанақтың тіреуіш негізіне соққы болған жағдайда (мысалы: жиектасқа, көтеріңкі тротуарға немесе қалалық жайластырудың өзге объектісіне соқтығысу) сіз автокөлікті зақымдай аласыз (жүріс бөлігінің бөлшектері деформациялануы мүмкін).

Соқтығысудың қауіпті салдарын болдырмау үшін автокөлікті өндіруші компанияның қызмет көрсету орталығында тексеріңіз.

Тұрақ тежегішін қосу

2 иінтірегін жоғары қарай тартыңыз және автокөліктің сенімді тежелгеніне көз жеткізіңіз.

Аспаптар қалқаншасында индикатор жанады.




Қозғалыс басталған сәтте тұрақ тежегішінің толық сөндірілгеніне (қызыл сигнал шамы жанбайды) көз жеткізіңіз, әйтпесе бөлшектердің қызып кетуі және зақымдануы ықтимал.



Автотұрақта жолдың көлбеуіне және/немесе автокөліктің жүктемесіне байланысты тұрақ тежегішін қосымша кем дегенде тағы 2 рет басу қажет болуы мүмкін, механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте – берілісті қосу (1-ші немесе кері жүріс), ал автоматты беріліс қорабы бар автомобильде – P қалпына іріктеу иінтірегін орнату қажет болуы мүмкін.

ТРАНСМИССИЯ: 4 жетекші дөңгелектер (4WD) (1/4)



Жолсыздықта автокөлік жүргізудің жабдықталған жолмен жүруге ешқандай қатысы жоқ екенін ескеріңіз.

Жүргізу стилін таңдалған трансмиссия режиміне бейімдеуді ұмытпаңыз (4x2, 4x4, AUTO).

Сіздің жеке қауіпсіздігіңіз бен жолаушылар қауіпсіздігіңіз сізге, автокөлік жүргізу кезінде сіздің дағдыларыңыз бен назарыңызға байланысты.

4x2 (2WD), 4x4 (4WD) режимін таңдаңыз

Жол жағдайына байланысты сіз **1** ажыратып-қосқышты бұру арқылы келесі режимдердің бірін таңдай аласыз:

- 2WD;
- AUTO;
- 4WD Lock.

AUTO режимі

Для включения этого режима поверните переключатель **1** в положение **AUTO**.

Әрекет ету қағидаты

AUTO режимінде айналу сәті автокөліктің жол жағдайына және жылдамдығына байланысты алдыңғы және артқы дөңгелектер арасында автоматты түрде бөлінеді. Бұл позиция автокөліктің жолдағы тұрақтылығын жақсартады. Бұл режимді кез келген жолда (құрғақ жабу, қар, тайғақ жол және т.б.) немесе тіркемені, тұрғын тіркемені және т. б. тіркеп сүйреген кезде пайдаланыңыз.

2WD режимі

Бұл режимді қосу үшін **1** ажыратып-қосқышты 2WD қалпына бұрыңыз. Аспаптар қалқаншасында сигнал **2WD** шамы жанады.

Әрекет ету қағидаты

2WD режимінде тек алдыңғы дөңгелектер жетекші ретінде қолданылады. Бұл режимді жақсы ілінісуі бар құрғақ жолдарда қолданыңыз.

Бұл режимді өшіру үшін **1** ажыратып-қосқышты auto қалпына келтіріңіз.

2WD

Сигнал шамы аспаптар қалқаншасында сөнеді.

ТРАНСМИССИЯ: 4 жетекші дөңгелектер (4WD) (2/4)

«4WD Lock» режимі

Бұл режимді қосу үшін 1 ажыратып-қосқышын 4WD Lock қалпына бұраңыз. Содан кейін ажыратып-қосқыш AUTO күйіне оралады. Аспаптар

қалқаншасында **4WD LOCK** сигнал шамы жанады.

Әрекет ету қағидаты

4WD Lock режимінде айналу сәті жолсыз жағдайда автокөлік қозғалысы үшін оңтайлы болатын алдыңғы және артқы дөңгелектер арасында пропорцияда бөлінеді. Бұл режимді тек жолдан тыс жерлерде қолдану керек (мысалы: балшық, тік беткейлер, құм). Бұл режимді өшіру үшін 1 ажыратып-қосқышын 4WD Lock күйіне қайта бұраңыз. Сигналдық шам аспаптар қалқаншасында сөніп қалады. Қозғалтқыш тоқтаған кезде 4WD Lock режимі 1 минут ішінде қосылады.

Бір минуттан кейін жүйе ажыратып-қосқыштың жағдайына байланысты 2WD немесе auto режиміне өтеді.

Ескерту: егер автокөлік 4WD Lock режимінде 80 км/сағ жылдамдықпен немесе 60-80 км/сағ жылдамдықпен 1 минуттан астам уақыт бойы қозғалса, жүйе автоматты түрде қайта AUTO режиміне ауысады. **4WD LOCK** Сигналдық шамы өшеді.

Толық жетекті трансмиссияның ерекшеліктері

Авто көлік AUTO немесе 4WD Lock режимдері қосылған кезде жоғары шу шығаруы мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі емес. Егер жүйе алдыңғы және артқы дөңгелектердің өлшемдеріндегі айырмашылықты анықтаса (мысалы, шиналардағы қысым жеткіліксіз болса, осьтердің бірінде шиналардың айқын тозуы және т.б.), ол автоматты түрде 2WD режиміне өтеді.

Сигнал шамы  жанады және автокөліктің жинақталымына байланысты аспаптар қалқаншасында "Проверьте сист. полного привода" деген хабарлама пайда болады. Қол жетімді болған кезде ресми дилердің қызмет көрсету станциясына төмен жылдамдықпен барыңыз.

Бұл мәселенің шешімі шиналарды ауыстыру болуы мүмкін. Әрқашан бірдей тозу дәрежесі бар 4 бірдей шинаны (бір өндіруші мен құрылымды) қолданыңыз. Егер дөңгелектер қатты сырғып кетсе, механикалық түйіндердің қызып кетуі ықтимал. Егер бұл орын алса:

- біріншіден, **4WD LOCK** сигнал шамы аспаптар қалқаншасында жанады және автокөліктің жинақталымына байланысты «Перегрев системы полного привода» хабары пайда болады. 4WD Lock режимі әлі де қосұлы, бірақ жүйені салқындату үшін мүмкіндігінше тезірек тоқтау ұсынылады (сигнал шамы сөнгенше);
- егер дөңгелектердің сырғуы жалғаса берсе, трансмиссияның механикалық тораптарын қорғау үшін жүйе автоматты түрде 2WD режиміне өтеді.

Аспаптар қалқаншасында **2WD** сигнал шамы жанады және автокөліктің жинақталымына байланысты «Перегрев системы полного привода» хабары пайда болады, ал сигнал шамының жыпылықтауы кезінде басқа режимді таңдау мүмкін емес.

ТРАНСМИССИЯ: 4 жетекші дөңгелектер (4WD) (3/4)

Бұл жағдайда мүмкіндігінше тезірек тоқтап, жүйені салқындату ұсынылады (шам жыпылықтауды тоқтатқанға дейін).. Салқындату үшін шамамен 5 минут кетуі мүмкін.

Жүйе алдыңғы дөңгелектердің тым қатты сырғуын анықтаған кезде, ол тайғанауды азайту үшін қозғалтқыштың жұмыс режимін өзгертеді.

LOCK режиміндегі бұғаттауға қарсы жүйенің жұмысы (ABS бар автокөліктер)

4WD Lock режимі белсенді болған кезде ABS режимі жолдан тыс қозғалыс үшін қосылады. Бұл жағдайда дөңгелектердің циклдік бұғатталуына жол беріледі, сондықтан олар топырақты жақсы басып, борпылдақ топырақтардағы тежеу жолын қысқартады. Бұл режим қосулы болса:

- маневренность автомобиля в режиме тежеу режимінде автокөліктің маневрлігі шектеулі.. Бұл жұмыс режимі өте әлсіз ілінісу жағдайында ұсынылмайды (мысалы, мұз үстінде);
- кейбір шу болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және жұмыстың бұзылуы емес.

Траекторияны тұрақтандыру жүйесінің (ESC) және жолдан тыс қозғалыс кезіндегі сырғуға қарсы жүйенің (ESC бар автомобильдер) жұмысы

Борпылдақ топырақта (құм, кір, терең қар) қозғалу кезінде «ESC» ажыратқышын басу арқылы ESC-ті өшіру ұсынылады..

Бұл жағдайда тек дөңгелектерді бөлек тежеу жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе білікшені немесе дөңгелектерді тежеп, жолмен үлкен ілінісуі бар дөңгелектерге айналу сәтін беруді қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе толық жетекті қосқан кезде пайдалы.

ESC жүйесінің барлық функциялары қозғалтқышты қайта іске қосқаннан кейін немесе «ESC» ажыратып-қосқышын қайта басқаннан кейін 50 км/сағ (4WD Lock режимінде 60 км/сағ) асып кеткен кезде қайтадан қосылады.

Ақаулар

Егер жүйе ақаулықты анықтаса, ол автоматты түрде 2WD режиміне ауысады,  сигнал шамы жанады және автокөліктің жинақталымына байланысты аспаптар қалқаншасында «Проверьте сист. полного привода» деген хабарлама пайда болады.

Орташа жылдамдықпен жүруді жалғастырыңыз және мүмкіндігінше тезірек өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Кейбір ақаулар болған жағдайда жүйе 2WD немесе 4WD Lock режиміне ауыспауы мүмкін. AUTO режимі қосулы күйінде қалады.

Өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына шұғыл хабарласыңыз.

ТРАНСМИССИЯ: 4 жетекші дөңгелектер (4WD) (4/4)



4 Жетекші дөңгелектер жүйесі

- Қандай режим таңдалмаса да, егер барлық 4 дөңгелектер жерге сүйенбесе, мысалы, көтергіш немесе жылжымалы тіректі пайдалану кезінде қозғалтқышты іске қоспаңыз
- Бұрылыстар кезінде, кері жүріс немесе дөңгелектер қатты сырғанаған кезде режимдер ажыратып-қосқышын бұрмаңыз. 2WD, AUTO немесе 4WD Lock режимін автокөлік түзу сызықта қозғалғанда ғана қосыңыз.
- Тек қажетті сипаттамалары бар шиналарды пайдаланыңыз.
4WD lock режимі арнайы жолдан тыс жүруге арналған. Бұл режимді кез-келген басқа жағдайда пайдалану автокөліктің маневрлігін шектеп, автокөліктің механикалық түйіндерінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Әрқашан автокөліктің барлық 4 дөңгелектеріне бірдей сипаттамалары бар шиналарды орнатыңыз (маркасы, өлшемі, түрі, тозуы және т.б.).
Алдыңғы, артқы және/немесе оң және сол дөңгелектерде әртүрлі өлшемдегі шиналарды пайдалану шиналардың өздері үшін де, беріліс қорабы, үлестіруші қорап, артқы дифференциал тегершіктері және басқа трансмиссия бөлшектері үшін де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ БАСҚАРУДЫ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ КӨМЕК ЖҮЙЕЛЕРІ (1/4)

Автокөліктің жинақталымына байланысты, оларға мыналар жатады:

- **AvS (тежеуіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі);**
- **шұғыл тежеу кезінде көмек көрсету жүйесі;**
- **бұрылыстағы басқаруды бақылау жүйесі және сырғуға қарсы жүйесі бар ESc траекториясын тұрақтандыру жүйесі;**
- **өрге орнынан қозғалғанда көмек көрсету жүйесі.**



Басқаруды түзету жүйелері жүргізушінің басқару әрекеттерін нақты жол жағдайларына бейімдей отырып, төтенше қозғалыс жағдайларында автокөлікті жақсы басқаруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл жүйелер жүргізушіні алмастырмайды.

Олар автокөліктің мүмкіндіктерін кеңейтпейді және жүргізушіні жоғары жылдамдықпен жүруге итермелемеуі керек. Бұл жүйелердің болуы ешқандай жағдайда жүргізушінің жеке жауапкершілігі мен қырағылығын жоймайды (ол қозғалыс кезінде туындауы мүмкін кез келген қауіптер мен кедергілер кезінде әрекет етуге үнемі дайын болуы керек).

ABS (тежеуіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі)

Қарқынды тежеу кезінде ABS дөңгелектердің бұғатталуын болдырмайды және осылайша тежеу жолын оңтайландыруға және автокөліктің басқарылуын сақтауға мүмкіндік береді.

ABS шұғыл тежеу процесінде туындаған кедергіні онымен соқтығыспай айналып өтуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл жүйе тежеу жолын көбейте алады, атап айтқанда, дөңгелектердің жолмен төмен ілінісуі (дымқыл және тайғақ жолда және т.б.).

Жүйенің әрбір қосылуы тежегіш басқышының дірілімен бірге жүреді. Қалай болғанда да, ABS дөңгелектердің жолмен ілінісу сипаттамаларын жақсартпайды. Сондықтан автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін **міндетті түрде** сақтау керек, мысалы, алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтау керек.

Толық жетекті автокөліктердің ерекшелігі

4WD режимінде Lock өте әлсіз топырақта (қар, балшық, құм және т.б.) тежеу жолын оңтайландыру үшін дөңгелектерді қысқа уақытқа бұғаттауға мүмкіндік береді.

Сондықтан төтенше тежеу жағдайында тежегіш басқышты **қатты және ұзақ** басыңыз. Басқышты кідірмелі басудың қажеті жоқ. ABS тежегіш жүйесінде қолданылатын күшті реттейді.

ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ БАСҚАРУДЫ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ КӨМЕК ЖҮЙЕЛЕРІ (2/4)

Жұмыстың бұзылуы:

- егер аспаптар қалқаншасында «Проверьте АБС», «Проверьте тормоза» және «Проверьте сист. стабилизации» хабарламаларымен

сүйемелденетін  және  жарық белгішелері жанса, бұл ABS, ESC және төтенше тежеу жүйесі өшірілгенін білдіреді. **Төжегіш жүйесінің қалыпты жұмысы әрдайым сақталады;**

- егер аспаптар қалқаншасында ,  және  белгішелері жанса, және «Тормоза неисправны» хабарламасы көрсетілсе, **бұл төжегіш жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді.**

Екі жағдайда да өндірушінің ресми дилерінің қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Сигнал шамы **STOP** сізге қауіпсіздік мақсатында автомобильді қозғалыс жағдайлары мүмкіндік берген кезде дереу тоқтатуға кеңес береді.

Қозғалтқышты тоқтатыңыз және оны іске қоспаңыз. Дереву кокомпанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

Төжегіш күштердің электрондық үлестіргішімен шұғыл тежеу кезінде көмек көрсету жүйесі (автокөлік жинақталымына байланысты)

Жедел тежеу жүйесі ABS жүйесін толықтырады және автокөліктің тежеу жолын қысқартуға мүмкіндік береді.

Әрекет ету қағидаты

Жүйе шұғыл тежеу орындалатын жағдайларды анықтайды. Бұл жағдайда жедел тежеу жүйесі ABS жүйесін іске қосуға мүмкіндік беретін максималды тежеу күшін бірден дамытады.


ABS көмегімен тежеу режимі төжегіш басқышы басылған кезде сақталады.



Бұл жағдайда автомобильдің төжегіш жүйесі ішінара жұмыс істейді.

Алайда, **күрт тежеу өте қауіпті**, сондықтан қозғалыс жағдайлары мүмкіндік бергеннен кейін дереу тоқтау керек. Өндіруші компанияның қызмет көрсету станция

ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ БАСҚАРУДЫ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ КӨМЕК ЖҮЙЕЛЕРІ (3/4)



Бұрылыстағы басқаруды бақылау жүйесі және сырғуға қарсы жүйесі бар ESC траекториясын тұрақтандыру жүйесі

Траекторияны тұрақтандыру жүйесі (ESC) төтенше жағдайларда автокөліктің басқарылуын қамтамасыз етеді (кедергімен соқтығысудан жалтару, бұрылыс кезінде жолмен ілінісудің жоғалуы және т.б.).

Бұрылыста басқаруды бақылау

Бұл жүйе жеткіліксіз бұрылу кезінде ESC әрекетін оңтайландырады (алдыңғы дөңгелектер ілінісуді жоғалтқанда).

Сырғуға қарсы жүйе

Сырғуға қарсы жүйе жетекші дөңгелектердің сырғуын азайтады және кенеттен жылдамдату немесе тежеу кезінде орнынан қозғалғанда автокөліктің басқарылуын жақсартады.

ESC функциясын өшіру

Кейбір жағдайларда (өте әлсіз топырақта жүру кезінде: қар, балшық, құм және т.б. немесе дөңгелектерге сырғанауға қарсы тізбектермен) жүйе дөңгелектердің сырғып кетуін азайту үшін қозғалтқыштың қуатын шектей алады. Егер жүйені пайдалану қажет болмаса, оны **1** ажыратқышын басу арқылы өшіруге болады.



сигнал шамы аспаптар қалқаншасында жанады және автомобильдің жинақталымына байланысты «Отключена сист. стабилизации» деген хабарлама пайда болады.

Осы функция өшірілген кезде, сырғуға қарсы жүйе өшіріледі.

Бұрылысты басқаруды бақылау жүйесі және сырғуға қарсы жүйесі бар ESC траекториясын тұрақтандыру жүйесі қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, сондықтан қозғалыс кезінде бұл жүйелерді өшіру ұсынылмайды. Бірінші мүмкіндікте бұрынғы қалпына оралу үшін **1** ажыратқышын қайта басыңыз..

Ескерту: жүйе тұтану қосылған кезде немесе AUTO және 2WD режимдерінде шамамен 50 км/сағ және 4WD Lock режимінде шамамен 60 км/сағ жылдамдығынан асқан кезде автоматты түрде қосылады.

Әрекет ету қағидаты

Рөл дөңгелегіндегі белгіше жүргізуші белгілеген қозғалыс траекториясын бақылайды. Автокөлікке орнатылған басқа белгішелер нақты қозғалыс траекториясын бақылайды. Жүйе жүргізушінің басқару әсерін автокөліктің нақты траекториясымен салыстырады және қажет болған жағдайда дөңгелектердің тежегіш механизмдеріне әсер ету және/немесе қозғалтқыштың қуатын өзгерту арқылы траекторияны



түзетеді. Жүйе қосылған кезде сигнал шамы аспаптар қалқаншасында жыпылықтай бастайды.

Ақаулар

Егер жүйе ақаулықты анықтаса,  және  сигнал шамдары жанады, автокөліктің жинақталымына байланысты, аспаптар қалқаншасында «Проверьте сист. стабилизации» деген хабарлама пайда болады. Бұл жағдайда бұрылыста басқаруды бақылау жүйесі және сырғуға қарсы жүйесі бар ESC траекториясын тұрақтандыру жүйесі ажыратылады.

Егер бұл индикаторлар өшірулі және тұтану қосулы болған жағдайда бақылау тақтасында көрсетіле берсе, өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Өрге көтерілгенде орыннан қозғалғанда көмек көрсету жүйесі

Көлбеу мөлшеріне байланысты бұл жүйе жүргізушіге көтерілуге көмектеседі. Бұл жүргізуші аяғын акселератор басқышына ауыстыру үшін тежегіш басқышынан алып тастаған сәтте автокөлікті автоматты түрде тежеуді қамтамасыз ете отырып, автокөліктің артқа тартылуына жол бермейді.

Жүйе жұмысы

Жүйе механикалық беріліс иінтірегі бейтараптан өзгеше жағдайда (автоматты беріліс қорабының режимдер іріктегіші – N немесе P-ден өзгеше жағдайда) және автокөлік қозғалмайтын (тежегіш басқышы басылған) жағдайда әрекет етеді.

Жүйе автокөлікті шамамен **2 секунд** ұстап тұрады. Содан кейін тежегіштер босатылады (көлбеуге байланысты қозғалады).



Өрге көтерілгенде орыннан қозғалу кезінде көмек жүйесі әрдайым көліктің кері кетуіне жол бермейді (өте тік өрлерде және т.б.).

Барлық жағдайларда жүргізуші тежегіш басқышты басу арқылы көліктің кері кетуіне жол бермейді.


Өрге көтерілгенде орыннан қозғалған кезде көмек жүйесін ұзақ тоқтау үшін қолдануға болмайды: тежегіш басқышты қолданыңыз. Бұл жүйе автокөлікті ұзақ уақыт қозғалыссыз ұстауға арналмаған

Қажет болса, автокөлікті тоқтату үшін тежегіш басқышты қолданыңыз.


Жүргізуші тайғақ жолмен немесе дөңгелектердің жол бетімен ілінуі төмен учаскелермен жүру кезінде ерекше назар аударуы керек.

Ауыр жарақат алу қаупі бар.

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН ШЕКТЕГІШ (1/3)



Жылдамдықты шектегіш-бұл жылдамдықты шектеу деп аталатын қозғалыс жылдамдығынан асып кетпеуге мүмкіндік беретін құрылғы.



Басқару органдары


- 1 Басты ажыратқыш «Қосу / Өшіру».
- 2 Жылдамдықты шектеудің сақталған мәні туралы ескерту және жылдамдықты шектеудің қадамдық жоғарылауы (RES/+).
- 3 Іске қосу, жадқа енгізу және жылдамдықты шектеу мәнін біртіндеп төмендету (SET/-).
- 4 Жүйені күту режиміне ауыстыру (жылдамдықты шектеу мәнін есте сақтай отырып) (0).



Қосу

 жағынан 1 ажыратқышты басыңыз, 5 сигнал шамы қызғылт сары жарықпен жанады және автокөлікке байланысты аспаптар қалқаншасында «Огран. скорости ВКЛ» немесе «Огран. скорости XX км/ч» сызықша хабарламасы пайда болады. Бұл жылдамдық шектегіші қосұлы және жылдамдықты шектеу мәнін енгізу және сақтау үшін күту режимінде екенін білдіреді. Ағымдағы жылдамдық мәнін берілген жылдамдық шегі ретінде сақтау үшін 3 (SET/-) ажыратып-қосқышын басыңыз: сызықша белгілерінің орнына жылдамдық шегі пайда болады. Жадқа енгізуге болатын минималды мән-30 км/сағ.

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН ШЕКТЕГІШ (2/3)



Автокөлік жүргізу

Жылдамдық мәні жадқа енгізілген кезде, автокөлік жылдамдығы жылдамдықтың берілген мәніне тең болғанша, жылдамдықты шектеу жүйесі жоқ автокөлікті басқару сияқты жүреді.

Қозғалыс жылдамдығы жадқа енгізілген жылдамдық мәніне жеткеннен кейін, акселератордың басқышына кез-келген әсер төтенше жағдайларды қоспағанда, бағдарламаланған қозғалыс жылдамдығынан асып кетуге мүмкіндік бермейді («Жылдамдықты шектеу мәнінен асып кету» бөлімін қараңыз).

Жылдамдықты шектеу шамасының өзгеруі

Орнатылған шектегіш жылдамдығын кезекпен басу арқылы өзгертуге болады:

- жылдамдықты арттыру үшін **2 (RES/+)** түймесі,
- жылдамдықты азайту үшін **3 (SET/-)** түймесі.



Жылдамдықты шектеу функциясы автокөліктің тежеу жүйесіне әсер етпейді.



Егер қозғалыс жылдамдығын шектегіш қосылмаса (бірнеше қосу әрекетінен кейін), ресми дилерге хабарласыңыз.

Жылдамдықты шектеу мәнінен асып кету

Кез-келген уақытта жылдамдықты шектеу мәнінен асып кетуге болады, ол үшін акселератор басқышын **күрт және тірелгенге** дейін басыңыз (оның «кедергісін» еңсере отырып).


Жылдамдықты арттыру кезінде автокөлік жылдамдығын шектеудің белгіленген мәні аспаптар қалқаншасында жыпылықтап тұрады.

Содан кейін акселератор басқышын босатыңыз: бұрын таңдалған жылдамдық режимі автокөліктің жылдамдығы бұрын белгіленген жылдамдық мәніне жеткенде бірден қалпына келеді.

Шектегіш берілген жылдамдық шегін қолдай алмайтын жағдайлар

Тік өрде екпіндеп келе жатқан автокөліктің қозғалысы кезінде жүйе жылдамдықты белгіленген шектеу деңгейінде ұстап тұра алмайды: жылдамдық асып кеткен кезде, аспаптар қалқаншасында жылдамдықты шектеудің белгіленген мәні жыпылықтайды және автокөліктің жинақталымына байланысты, дыбыстық сигнал үнемі естіліп, осы жағдай туралы хабардар ете отырып тұрады.

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН ШЕКТЕГІШ (3/3)




Жүйені күту режиміне ауыстыру

4 (0) ажыратқышын басқан кезде жылдамдық шектегішінің әрекеті тоқтатылады. Бұл жағдайда жылдамдықты шектеу мәні жадта сақталады және автокөліктің жинақталымына байланысты аспаптар қалқаншасында сақталған жылдамдық мәнінің бейнесімен бірге «В памяти XX км/ч» хабарлама пайда болады.

Сақталған жылдамдықты шектеу мәнін шақыру

Егер жылдамдықты шектеу мәні жадқа енгізілсе, оны **2** (RES/+) ажыратқышына бір рет басу арқылы шақыруға болады.




Жүйені өшіру

Егер сіз **1** ажыратқышын бассаңыз, жылдамдықты шектеу режимі жылдамдықты шектеу мәнін сақтамай жойылады. Аспаптар қалқаншасындағы қызғылт сары  сигнал шамы сөніп, жүйенің өшірілгенін растайды.

Жылдамдық шектегіші күту режимінде болғанда, **3** (SET/-) ауыстырып-қосқышын басқан кезде жылдамдық шектегіші қайта қосылады, бірақ бұрын сақталған жылдамдықты шектеу мәні ескерілмейді: жүйе жылдамдықты шектеудің жаңа мәні ретінде автокөліктің ағымдағы қозғалыс жылдамдығын қабылдайды.

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕГІШ (1/4)



Жылдамдықты реттеу жүйесі - бұл автокөліктің сіз орнатқан жылдамдықпен қозғалуын қамтамасыз ететін функция; бұл **жылдамдық реттелетін жылдамдық** деп аталады.

Жылдамдық реттегіші қолдайтын автокөлік жылдамдығының берілген мәні 30 км/сағ-тан жоғары болуы керек.



Жылдамдықты реттеу функциясы автокөліктің тежеу жүйесіне әсер етпейді.



Бұл жүйе автокөлікті басқаруды жеңілдететін қосымша құрал болып табылады. Алайда ол жүргізушіні алмастырмайды.

Оның болуы жүргізушінің жылдамдық шектеулерін сақтап, абай болу (жүргізуші әрдайым баяулауға дайын болуы керек) және жолда жауапты болу қажеттілігін жоя алмайды.

Жылдамдықты реттегішті тығыз жол қозғалысы жағдайларында, бұралаң немесе тайғақ жолда (көктайғақ кезінде, су басқан жолда, қиыршық тас жамылғысында) және қолайсыз ауа райы жағдайларында (тұман, жаңбыр, бұйырдегі жел және т.б.) пайдалануға болмайды.


Жол-көлік оқиғаларының қаупі бар.



Басқару органдары

- 1 Басты ажыратқыш «Қосу / Өшіру».
- 2 Сақталған жылдамдық мәні туралы ескерту және жылдамдықты берілген мәнге дейін арттыру (RES/+).
- 3 Берілген жылдамдықты қосуға, есте сақтауға және азайтуға арналған ажыратып-қосқыш (SET/-).
- 4 Жүйені құту режиміне ауыстыру (берілген жылдамдықтың мәнін есте сақтай отырып) (0).

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕГІШ (2/4)



Қосу

 жағынан **1** ажыратқышын басыңыз.


6 сигнал шамы жасыл түспен жанады және (автомобильдің жинақталымына байланысты) аспаптар қалқаншасында сызықша белгілерімен бірге «Cruise control ON» немесе «Круиз бақылау қосылуы» хабарламасы пайда болады. Бұл жылдамдық реттегішінің жұмыс істейтінін және берілген жылдамдықтың мәнін енгізуге дайын екенін көрсетеді.



Жылдамдық реттегішін қосу

Автокөліктің ағымдағы жылдамдығы орнатылған кезде (30 км/сағ жоғары) **3** ажыратып-қосқышын (SET/+) басыңыз: функция іске қосылады және ағымдағы жылдамдықтың мәні жадқа енгізіледі.

Сызықша белгілерінің орнына берілген реттелетін жылдамдық бейнеленеді және жылдамдық реттегішінің қосылуы «Круиз control XX км/ч» немесе «Круиз контроль XX км/ч» хабарламасының пайда болуымен (автокөлікке байланысты), сондай-ақ **5**  жасыл сигнал шамының және **6**  сигнал шамының қосылуымен расталады.



Автокөлікті жүргізу

Берілген жылдамдық мәнін жадқа енгізіп, жылдамдық реттегішін қосқаннан кейін акселератор басқышын босатуға болады.



Автокөлік жүргізу кезінде қауіпті жағдайда тез әрекет ету үшін аяқтарыңыз басқыштардың жанында болуы керек.

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН ШЕКТЕГІШ (3/4)



Автокөлік жылдамдығының белгіленген мәнін өзгерту

- Орнатылған жылдамдықты кезекпен басу арқылы өзгертуге болады:
- жылдамдықты арттыру үшін 2 (RES/+) түймесі,
- жылдамдықты азайту үшін 3 (SET/-) түймесі.



Жылдамдықты реттеу функциясы автокөліктің тежеу жүйесіне әсер етпейді.

Жылдамдық реттегіші қолдайтын жылдамдықты арттыру

Берілген жылдамдық акселератор басқышын басу арқылы кез келген уақытта артуы мүмкін.

Жылдамдық асып кеткен болғанша, жылдамдық реттегіш жүйесі үшін орнатылған автокөліктің жылдамдық шамасының көрсеткіші аспаптар қалқаншасында жыпылықтайды.

Акселератор басқышын босатыңыз: бірнеше секундтан кейін автокөлік автоматты түрде бастапқы белгіленген жылдамдыққа оралады.

Реттегіш берілген жылдамдық шегін қолдай алмайтын жағдайлар

Жүйе автокөліктің тік құламадан немесе өрге қозғалысы кезінде жылдамдықты реттеуді қолдамайды: бұл жағдайда берілген жылдамдық мәні сізді хабардар ете отырып, аспаптар қалқаншасында жыпылықтайды.



Егер жылдамдық реттегіші жұмыс істемесе (бірнеше рет қосқаннан кейін), ресми дилерге хабарласыңыз.

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН ШЕКТЕГІШ (4/4)



Жүйені күту режиміне ауыстыру

Функция күту режиміне өтеді:

- **4 (0) ажыратқышын басқанда;**
- тежегіш басқышын басқанда;
- ілінісу басқышын немесе автоматты беріліс қорабы бар автокөлік үшін иінтіректі бейтарап күйге орнатқан кезде.

Осы 3 жағдайда және автокөліктің жинақталымына байланысты реттелетін жылдамдықтың берілген мәні жадта сақталады және аспаптар қалқаншасында «В памяти XX км/ч» хабарлама пайда болады. Жылдамдықты реттегіш функциясын күту режиміне ауыстыру  сигнал шамының сөндірілуімен расталады.


Автокөліктің белгіленген жылдамдығын жадтан шақыру

Егер жол жағдайлары тұрақты жылдамдықпен жүруге қолайлы болса, жүйенің жадында сақталған реттелетін жылдамдықтың мәнін жүйені іске қосу арқылы шақыруға болады (қозғалыс тығыздығын, жолдың күйін, ауа-райы жағдайларын және т.б. ескере отырып). Егер автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ-тан жоғары болса, 2 (RES/+) ажыратып-қосқышын басыңыз.

Жадтан жылдамдық мәнін шақыру кезінде реттегішті қосу  сигнал шамының қосылуымен расталады.

Ескерту: егер бұрын жазылған жылдамдық ағымдағы жылдамдықтан едәуір асып кетсе, автокөлік берілген мәнге жеткенше күрт екпіндей бастайды.

Қозғалыс жылдамдығын реттегіш күту режимінде болған кезде, 3 (SET/-) түймесін басқан кезде, функция қайтадан қосылады, бірақ бұрын берілген жылдамдық мәнін сақтамай: реттелетін жылдамдық ретінде автомобильдің ағымдағы жылдамдығы есептеледі



Дүйені өшіру


 1 ажыратып-қосқышын басқан кезде қозғалыс жылдамдығын реттегіш өшіріледі. Бұл жағдайда жылдамдық мәні енді жадта сақталмайды.

Аспаптар қалқаншасында  және  2 сигнал шамының өшірілуі функцияның ажыратылғанын растайды.



Жылдамдықты реттегіш функциясын күту режиміне ауыстыру немесе оны ажырату қозғалыс жылдамдығының тез төмендеуіне әкелмейді: тежеу үшін тежегіш педальды басу керек.

АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (1/4)



Іріктегіш 1

P : тұрақ

R : кері жүріс

N : бейтарап қалып

D : автоматты режимде қозғалыс


M: қол режимі

+: жоғары беріліске ауысу

-: төменгі беріліске ауысу

3: Қолмен ауыстыру режимінде қосылған берілісті индикациялау.

Ескерту. **D** немесе **N** қалпынан **R** немесе **P** қалпына ауысу үшін **2** түймесін басыңыз.




Жүйе жұмысы

1 Беріліс қорабының иінірегін **P** қалпына орнатып, қозғалтқышты іске қосыңыз.

Иініректі **P** қалпынан ауыстыру үшін тежегіш басқышын, содан кейін **2** бұғаттан шығару түймесін басу керек.

Тежегіш басқышын басыңыз (дисплейдегі **4** сигнал шамы сөнеді) және тұтқаны **P** қалпынан жылжытыңыз.

3-Дисплей сізге таңдалған режим немесе қосылған беріліс туралы хабарлайды.



Иініректі **D** немесе **R** қалпына ауыстыруға тек тоқтап тұрған автокөлікте, тежегіш басқышы басылғанда, акселератор басқышы босатылғанда және қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана рұқсат етіледі.



Қауіпсіздік мақсатында ешқандай жағдайда тұтануды өшірмеңіз және автокөлік толық тоқтағанға дейін қозғалыс кезінде тұтану құлпынан кілтті шығармаңыз.

АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (2/4)

Автоматты режимде жүргізу

Іріктегіш иінтірегін **D** қалпына орнатыңыз.

Көп жағдайда жол қозғалысының қалыпты жағдайында беріліс қорабының иінтірегін бұдан былай пайдаланудың қажеті жоқ: беріліс автоматты түрде, қажет уақытта, қозғалтқыштың тиісті айналымымен ауысады, автоматика автокөліктің жүктелуін, жолдың профилін және жүргізу стилін ескереді.

Үнемді жүргізу

Автокөліктің қалыпты жағдайда қозғалысы кезінде иінтірегі үнемі **D** қалпында болуы тиіс, бұл ретте қозғалтқыштың аз айналымында автоматты түрде берілістерді ауыстыру акселератор басқышын сәл басып тұрыңыз.

Екпіндеу және басып озу

Акселератор басқышын күшпен басыңыз (басқыштың жылжуына кедергіні еңсергенге дейін).

Бұл қозғалтқыш үшін оңтайлы төмен беріліске көшуге мүмкіндік береді.




Кері жүріс кезінде автокөлік түбінің жиек тастарына, тротуарға және т.б. соғылуы автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін (мысалы, жүріс бөлігінің бөлшектерінің деформациясы).

Егер бұл орын алса, апаттың алдын алу үшін автокөліктің күйін тексеру үшін ресми дилерлік желінің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (3/4)

40574



Автоматты емес режимде жүргізу

Беріліс иінтірегін **D** күйіне жылжытыңыз, содан кейін иінтіректі сол жаққа **M** қалпына келтіріңіз.

Іріктегіш иінтірегін кезекпен басу арқылы берілістерді қолмен ауыстыруға болады:

- төмен беріліске ауысу үшін ауысу иінтірегін алға жылжытыңыз;
- жоғары беріліске ауысу үшін ауысу иінтірегін артқа қарай жылжытыңыз.

Қосылған беріліс дисплейде аспаптар қалқаншасында көрсетіледі.

Ерекше жағдайлар

Кейбір жағдайларда қозғалыс режиміне байланысты (қозғалтқыштың қорғанысын қосу және ESC траекториясын тұрақтандыру жүйесін қосу қажет болған кезде) басқару жүйесі қажетті берілісті автоматты түрде таңдай алады. Сонымен қатар, қажетсіз және шамадан тыс ауысуларды жасамау үшін автоматика берілістерді қайта қабылдаудан бас тартуы мүмкін; бұл жағдайда сізге ескерту үшін беріліс көрсеткіші бірнеше секунд ішінде жыпылықтайды.

Өте суық ауа-райында жүйе беріліс қорабы жұмыс температурасына дейін жылынғанша қолмен ауысуды бұғаттай алады.

Өрше көтерілу барысында тоқтаған кезде аяқты акселератор басқышында ұстамау керек.

Автоматты беріліс қорабының қызып кету қаупі.

Қозғалыстың ерекше шарттары

- **Егер жолдың профилі және оның иірімділігі** автоматты режимде қозғалуға мүмкіндік бермесе (мысалы, тауларда), қол режиміне ауысуды ұсынамыз.

Бұл өрге көтерілу кезінде автоматика орнатқан берілістердің дәйекті ауысуын болдырмау және қозғалтқыштың ұзақ түсу кезінде тежелуін қамтамасыз ету үшін қажет.

- **Тайғақ жолдарда** немесе ілінісу коэффициенті төмен жолдарда орнынан қозғалған кезде тайғанаудың алдын алу үшін **M** берілістерді ауыстырып қосудың қолмен режиміне көшу және қозғалыс басталар алдында екінші берілісті қосу қажет.
- **Өте суық ауа райында** (-20 °C-тан төмен температурада) қозғалтқыштың тоқтап қалуын болдырмау үшін тұтқаны **P** күйінен **D** немесе **R** күйіне ауыстыру алдында біраз күту керек. Қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минут ішінде күрт екпіндеуден аулақ болу керек.

АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (4/4)

Автокөлік тұрағы

Автокөлік толығымен тоқтағаннан кейін, тежегіш басқышта аяғыңызды ұстап тұрып, іріктегіш иінтірегін **Р** қалпына ауыстырыңыз, беріліс қорабы бейтарап күйге ауысады, ал жетекші дөңгелектер беріліс тежеуішімен механикалық түрде бұғатталады. **Тұрақ тежегішін қосыңыз.**

Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі


Автоматты беріліс қорабына жоспарлы техникалық қызмет көрсету қажеттілігін анықтау үшін автокөлікке техникалық қызмет көрсету туралы құжаттаманы қарап шығыңыз немесе ресми дилерге хабарласыңыз.

Егер беріліс қорабына қызмет көрсету өндірушімен қамтамасыз етілсе, сізге май құюдың қажеті жоқ.



Автокөліктен шығар алдында аспаптар қалқаншасындағы **Р** сигнал шамының жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Автокөліктің ездігінен қозғалу қаупі.



Ақаулар

Егер іріктегіш иінтірегінің **Р** күйіне бұғатталуына байланысты алдыңғы немесе артқы жүрісті беруді қосу мүмкін болмаса, тежегіш басқышын басыңыз. Иінтіректі қолмен босатуға болады.

Мұны істеу үшін иінтіректің түбіндегі қорғаныс қабын орнықсыздандырыңыз (және көтеріңіз, **5** тесігіне сәйкес құралды қатты істікшені) салыңыз да, иінтіректі бұғаттан шығару үшін **2** түймесін бір уақытта басыңыз.

Өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына шұғыл хабарласыңыз.

Автоматты беріліс қорабы бар автомобильді тіркеп сүйреу ➡ 5.32.



Қауіпсіздік мақсатында ешқандай жағдайда тұтануды өшірмеңіз және автокөлік толық тоқтағанға дейін қозғалыс кезінде тұтану құлпынан кілтті шығармаңыз.

ТҰРАҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (1/2)

Әрекет ету қағидаты

Автокөліктің артқы бамперіне салынған ультрадыбыстық белгіштер кері жүріс кезінде автокөлік пен артқы жағындағы кедергі арасындағы қашықтықты «өлшейді».

Өлшеу дыбыстық сигналдармен сүйемелденеді, олардың жиілігі автокөлік кедергіге жақындаған сайын артады. Автокөлік пен кедергі арасындағы қашықтық шамамен 40 см болған кезде сигнал үздіксіз естіледі. Автокөлікті дереу тоқтатыңыз.

Артқы беріліс қосылған кезде дыбыстық сигнал беріледі. Егер сигнал ұзақ естілсе (шамамен 3 секунд), бұл ақаулықты көрсетеді.

Тұрақ кезінде қашықтықты бақылау жүйесі тартқыш-тіркеуіш құрылғыға және жүктерді тасымалдауға арналған құрылғыларға және т. б. жауап бермейді.

Ескерту: ультрадыбыстық белгіштер жабық емес екеніне көз жеткізіңіз (балшық, қар және т. б.).



Кері жүріс кезінде автокөлік түбінің жиек тастарына, тротуарға және т.б. соғылуы автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін (мысалы, жүріс бөлігінің бөлшектерінің деформациясы).

Егер бұл орын алса, апаттың алдын алу үшін автокөліктің күйін тексеру үшін қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.



Бұл жүйе дыбыстық сигналдардың көмегімен сіздің көлігіңізді кедергіден бөліп тұрған қашықтық туралы хабарлайтын қосымша құрылғы болып табылады.

Жүйе жүргізушіге артқы маневр жасау кезінде мұқият және абай болу қажеттілігін жоймайды.

Жүргізуші әрдайым автокөлік жүргізу кезінде туындауы мүмкін кез-келген тосын жағдайларға дайын болуы керек. Маневр жасау кезінде жолда балалардың, жануарлардың, арбаның, велосипедшінің пайда болуына немесе кішкентай кедергілердің болуына (мысалы, орташа тастар, баған және т.б.) мұқият болу керек.

ТҰРАҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (2/2)



Жүйені өшіру

1 ажыратқышты басу арқылы жүйені өшіруге болады.

1 ажыратып-қосқыштың үстіндегі сигнал шамы тұрақты жарықпен жанады.

Осылайша ажыратылған жүйені ажыратып-қосқышты қайта басу арқылы қайта қосуға болады.

Ақаулар

Жүйе ақаулықты анықтаған кезде 3 секунд ішінде ескерту дыбыстық сигналы беріледі. Ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.


АРТҚЫ КӨРІНІС КАМЕРАСЫ (1/2)



Әрекет ету қағидаты

Кері жүріспен қозғалу кезінде жүксалғыш бөлімшесінің есігіндегі **1**-камера **2** мультимедиялық жүйенің экранына **3** және **4** (қозғалмайтын және жылжымалы) екі ауқымды дәліздердің бейнесімен бірге автокөліктің артындағы аймақтың бейнесін береді.

Бұл жүйеде рөл дөңгелегінің жағдайына сәйкес автокөліктің траекториясын көрсету үшін жылжымалы сызықтар және автокөліктің маневр аймағындағы кедергілерге дейінгі қашықтықты бағалау үшін қозғалмайтын сызықтар қолданылады. Кедергінің бейнесі қызыл аймаққа жақындаған кезде, белгіленген жерде тоқтау үшін бампердің суретін бақылаңыз.




Қозғалмайтын ауқымды дәліз 3

Бекітілген ауқымды ау дәлізде автокөліктің артындағы кедергілерге дейінгі қашықтықты бақылауға мүмкіндік беретін **A**, **B** және **C** түрлі-түсті белгілер бар:

- **A** (қызыл) көліктен шамамен 30 см қашықтықта;
- **B** (сары) көліктен шамамен 70 см қашықтықта;
- **C** (жасыл) көліктен шамамен 150 см қашықтықта.

Бұл ауқымды дәліз қозғалыссыз қалады және егер дөңгелектер түзу сызық бойынша қозғалыс жағдайында болса, автокөліктің қозғалыс траекториясын көрсетеді.




Жылжымалы ауқымды дәліз 4 (жинақталымға байланысты)

Ол **2** мультимедиялық жүйесінің экранында көк түспен көрсетіледі. Рөл дөңгелегінің қалпына байланысты автокөліктің қозғалыс траекториясын көрсетеді.

Ерекшелік

Камераның тазалығын және ондағы кірдің, қардың, конденсаттың және т. б. болмауын қадағалаңыз.

АРТҚЫ КӨРІНІС КАМЕРАСЫ (2/2)



Мультимедиялық жүйенің 2 экранында кескінді камерада да реттеуге болады (жарықтық, кереғарлық және т.б.).

Экранда кері (айна) кескін көрсетіледі.

Ауқымды дәліздер бұл тегіс бетке жобаланған кескіндер. Бұл кескіндер тік объектіге немесе жолда жатқан затқа салынған кезде ескерілмеуі керек.

Экранның шетінде пайда болатын нысандар кескіні бұрмалануы мүмкін.

Тым көп жарық болған жағдайда (қар, тікелей түсетін күн сәулесі астындағы автокөлік және т. б.) камераның көрінісі бұзылуы мүмкін.


Жүксалғыш бөлімшесінің есігі (қақпағы) ашық немесе тығыз жабылмаған жағдайда дисплейде «Багажник открыт» деген хабарлама пайда болады, ал камерада алынған кескін жоғалып кетеді.



Бұл жүйе автокөлік жүргізуді жеңілдететін қосымша құрал болып табылады. Ешқандай жағдайда ол жүргізушінің ұқыптылығы мен жауапкершілігін алмастыра алмайды.

Жүргізуші қозғалыс кезінде кез-келген күтепегендіктерге үнемі дайын болуы керек: маневр жасау кезінде соқыр аймақтарда кішкентай және жылжымалы заттардың (мысалы, балалар, жануарлар, мүгедектер арбасы, велосипедтер, тастар, бағандар және т.б.) жоқтығына әрдайым көз жеткізу керек.


СОҚЫР АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (1/6)



Бұл жүйе жүргізушіге оған көрінбейтін (соқыр) **A** аймағында басқа автокөліктердің болуы туралы ескертеді.

Жүйе автомобильдің қозғалыс жылдамдығы диапазонында шамамен 30-дан 140 км/сағ дейін іске қосылады.

Жүйе алдыңғы және артқы бамперлердің екі жағына орнатылған **1** белгіштерімен жабдықталған.




Ерекшелік

Белгіштердің жабылмағанына көз жеткізіңіз (балшық, қар және т.б.). Егер белгіш жабық болса, аспаптар қалқаншасында «Конт. слеп. зоны очистить датчик» деген хабарлама пайда болады. Белгіштерді тазалаңыз.



Бұл жүйе автокөлік жүргізуде қосымша құрал болып табылады. Ешқандай жағдайда ол жүргізушінің ұқыптылығы мен жауапкершілігін алмастыра алмайды.

СОҚЫР АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (2/6)



Қосу және өшіру

2 ажыратқышты басқан кезде жүйе іске қосылады және аспаптар қалқаншасында «Контроль слепой зоны включен» деген хабарлама пайда болады.

Ажыратқышты қайта басқан кезде жүйе өшіп, «Контроль слепой зоны включен» деген хабарлама пайда болады.




Жүйенің жұмысы

Бұл функция ескерту береді:

- автокөліктің жылдамдығы шамамен 30-дан 140 км/сағ - қа дейін болғанда;
- соқыр аймақта сол бағытта қозғалатын басқа автокөлік болған кезде.

3 индикаторы басқа автокөлікті басып озған кезде басып озылатын автокөлік соқыр аймақта 1 секундтан артық болған жағдайда ғана қосылады.



Қозғалтқыш іске қосылған кезде, жүйе өзінің соңғы тұтану өшірілген кездегі күйіне оралады. Функция қосылған кезде дисплейдегі **B** индикаторы **3** рет жыпылықтайды


СОҚЫР АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (3/6)



3 индикаторы

3 сигнал шамы 4 артқы көріністің екі айнасында орналасқан.

Ескерту: 3 сигнал шамдары әрдайым көрініп тұруы үшін артқы 4 айналарын үнемі тазалап отырыңыз.



В Дисплейі

Функция қосылған және автокөліктерді анықтамайды

С Дисплейі


3 сигнал шамының қосылуы соқыр аймақта автокөлік табылғанын білдіреді.

Д Дисплейі

Бұрылыс көрсеткіші қосылған кезде 3 сигнал шамы Сіз автокөлік бағыттағыңыз келетін жақтан соқыр аймақта автокөлік анықталған кезде жыпылықтай бастайды. Егер сіз бұрылыс көрсеткішін өшірсеңіз, жүйе алдын-ала ескерту режиміне оралады (С көрсетіледі).

Жүйенің әрекет ету аймағы қозғалыс жолағының стандартты енін ескере отырып анықталған. Тар жолдармен жүру кезінде жүйе басқа жолақтармен жүретін автокөліктерге жауап қайтаруы мүмкін.

СОҚЫР АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (4/6)



Жүйе келесі және басқа ұқсас жағдайларда жұмыс істемейді:

- объект қозғалмаған жағдайда;
- тығыз қалалық қозғалыс жағдайында;
- жол бұралаң болған кезде;
- егер алдыңғы және артқы белгіштер алдыңғы және артқы белгіштер объектіні бір уақытта анықтаған жағдайда (мысалы, тіркемесі бар жүк автокөлігін басып озған кезде)

Ақаулар

Егер жүйе ақаулықты анықтаса, аспаптар қалқаншасында «Проверьте сист. конт. слеп. зон» деген хабарлама пайда болады. Ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Ескерту: қозғалтқышты іске қосқан кезде экран (B), 3 сигнал шамы 3 рет жыпылықтайды. Бұл жүйенің қалыпты жұмысын көрсетеді.

Тіркеме автокөлікке тіркелген кезде жүйені 2 ажыратқышпен өшіру керек. Аспаптар қалқаншасында «Прицеп: контроль слеп. зон откл.» деген хабарлама пайда болады.

Бамперде белгіштер орнатылғандықтан, бампермен жұмыс (жөндеу, ауыстыру, бояу және т.б.) ресми дилерлік желінің білікті қызметкерлері орындауы керек.



- 3 Жүйенің әрекет ету аймағы қозғалыс жолағының стандартты енін ескере отырып анықталған. Кең жолақты жолмен жүру кезінде жүйе соқыр аймақта орналасқан автокөлікті танымауы мүмкін.
- Жүйенің жұмысы күшті электромагниттік кедергілер жағдайында (мысалы, жоғары вольтты электр желілерінің астында) немесе қолайсыз ауа-райында (қатты жаңбыр, қар және т.б.) бұзылуы мүмкін. Көлік жүргізу кезінде әрқашан жол жағдайын ескеріңіз.

Жазатайым оқиғалар қаупі бар.

СОҚЫР АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (5/6)



Бұл жүйе автомобильді басқаруды жеңілдететін қосымша құрал болып табылады. Бұл функция жүргізушіні алмастыруға арналмаған, ол үнемі мұқият болуы керек және қозғалыс кезінде әрқашан автокөлікті бақылауда ұстауы керек.

Жүргізуші әрқашан жүйеден алынған ақпаратқа қарамастан, жол жағдайларына сәйкес жылдамдықты таңдауы керек.

Бұл жүйе ешқандай жағдайда кедергілерді анықтау және соқтығысуды болдырмау жүйесі болып саналмайды.

Жүйені жөндеу және қызмет көрсету

- Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда белгіштерді реттеу және тиісінше олардың жұмысының дұрыстығы бұзылуы мүмкін. Функцияны өшіріп, ресми дилерге хабарласыңыз.
- Белгіштер аймағындағы барлық жұмыстарды (жөндеу, ауыстыру және т.б.) ресми дилерлік желінің білікті қызметкерлері орындауы керек.

Тек ресми дилерлік желі осы жүйеге қызмет көрсетуге құқылы.

Жүйенің жұмысына кедергі

Кейбір жағдайларда жүйенің бұзылуы орын алуы мүмкін:

- күрделі қоршаған орта жағдайлары (күшті электромагниттік кедергілер және т. б.);
- қолайсыз ауа райы жағдайлары (жаңбыр, қар, бұршақ, көктайғақ және т.б.).

Жалған ескертулер қаупі немесе ескертулердің болмауы

Егер жүйе дұрыс жұмыс істемесе, оны деактивациялаңыз және өндіруші компанияның ресми дилеріне хабарласыңыз.

СОҚЫР АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (6/6)



Жүйенің жұмысындағы шектеулер


- Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін белгіштер аймағында үнемі тазалықты сақтау керек және осы аймақтағы кез-келген құрылымдық өзгерістерді болдырмау керек.
- Жүйе автомобильге жақын орналасқан шағын объектілерді (Мотоциклдер, велосипедтер, жаяу жүргіншілер және т.б.) танымауы мүмкін.
- Автокөлік бұрылысының басында белгіштер көрші жолақтардағы автокөліктерді уақытша танымауы мүмкін
- Жылдамдық айырмашылығы айтарлықтай болған жағдайда жүйе қозғалатын заттарға жауап қайтармауы мүмкін..

Функцияны деактивациялау

Функцияны келесі жағдайларда деактивациялау керек:


- белгіш аймағындағы зақымданулар (артқы бамперде);
- автокөлікте тартқыш-тіркеуіш құрылғы орнатылған.

АЙНАЛА ШОЛУ ЖҮЙЕСІ (1/4)



Автокөліктің тиісті жинақталымында **4, 1, 2** және **3** камералар алдыңғы бамперде, артқы көріністің сыртқы айналарында және жүксалғыш бөлімшесінің есіктерінде орнатылған және күрделі жағдайда маневр жасауды жеңілдетеді.

Камералар мультимедиялық жүйенің экранына төрт бағытта түрлердің **4** суретін жібереді, бұл автокөліктердің айналасындағы қоршаған ортаға айнала шолу жасайды.



Ескерту: камералар жабылмағанына көз жеткізіңіз (балшық, қар және т.б.).

Жүйені қосу

Тұтану қосылған кезде жүйені келесідей қосуға болады:


– автоматты режимде, кері жүрісті қосқан кезде: жүйе іске қосылады және жүксалғыш бөлігінің есігінде орналасқан камера автокөліктің артындағы жағдайдың бейнесін мультимедиялық жүйенің **4** экранына жібереді;

– қол режимінде, **5** ажыратып-қосқышты басқан кезде: жүйе іске қосылады және алдыңғы бамперде орналасқан камера автокөліктің алдындағы ортаның бейнесін **4** мультимедиялық жүйенің экранына жібереді.

Ескерту: автокөліктің жинақталымына байланысты кейбір баптауларды **4** мультимедиялық жүйесінің экранында орнатуға болады. Мультимедиялық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.



Бұл жүйе көлік жүргізуді жеңілдететін қосымша құрал болып табылады. Оның болуына қарамастан, жүргізуші әрдайым мұқият және абай болуы керек. Жүргізуші кез-келген күтпеген жағдайларға үнемі дайын болуы керек: маневр жасау кезінде автокөлік жолындағы соқыр аймақтарда кішкентай және жылжымалы кедергілердің (мысалы, балалар, жануарлар, арбалар, велосипедтер, тастар, тіректер және т.б.) жоқтығына көз жеткізу керек.



Автоматты режим

Автоматты режим кері жүріс берілісі қосылған кезде іске қосылады, ал 4 мультимедиялық жүйенің экранында артқы көрініс камерасынан кескін пайда болады. Кері жүріс берілісінен алдыңғы жүріс берілісіне 4 мультимедиялық жүйе экранына жылдам ауысқан кезде алдыңғы камерадан кескін шығады.

Автоматты режим өшіріледі:

- 4 мультимедиялық жүйені көрсету үшін басқа камерадан суретті таңдағанда;
- автоматты түрде, 20 км/сағ жылдамдыққа жеткенде;
- жүйенің өзін өшірген кезде «Жүйені өшіру» бөлімін қараңыз

Қол режимі

Бұл режимді қосу үшін 4 мультимедиялық жүйенің экранындағы мәзірден қажетті камераның көрінісін таңдаңыз.

4 мультимедиялық жүйесінің экранында 5 секунд ішінде қол режимінің қосылғанын растайтын хабарлама пайда болады:

- автоматты түрде, 20 км/сағ жылдамдыққа жеткенде;
- жүйенің өзін өшірген кезде «Жүйені өшіру» бөлімін қараңыз.



Көлбеуде маневр жасаған кезде, мультимедиялық жүйенің экранында көрінетін заттар автокөліктің алдыңғы және артқы жағындағы жағдайды іс жүзінде көрінгеннен жақын немесе алыс болуы мүмкін.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маневр жасау кезінде кедергілерге дейінгі қашықтықты дұрыс бағалау үшін әрқашан осыны ескеріңіз.

АЙНАЛА ШОЛУ ЖҮЙЕСІ (3/4)




45126

Артқы көрініс камерасы 3

Егер артқы көрініс камерасы автоматты түрде немесе қолмен қосылса, онда сурет 4 мультимедиялық жүйенің экранына шығады.

4 мультимедиялық жүйесінің экранында 3 автокөліктің артындағы аймақтың кері бейнесі (артқы көрініс айнасындағыдай) көрсетіледі.



43555

Бекітілген ауқым 6

Бекітілген ауқымды дәліздің бейнесінде **A**, **B** және **C** түсті белгілері бар, бұл автокөліктердің артындағы кедергілерге дейінгі қашықтықты бақылауға мүмкіндік береді:

- **A** (қызыл) - автокөліктен шамамен 30 см қашықтық;
- **B** (сары) - автокөліктен шамамен 70 см қашықтық;
- **C** (жасыл) - автокөліктен шамамен 150 см қашықтық.

Мультимедиялық жүйенің экранында бейнеленген объектінің қозғалысы шындыққа қарағанда тезірек көрінуі мүмкін.



45141

Алдыңғы камера 1


Егер алдыңғы камера автоматты түрде немесе қолмен қосылса, онда кескін 4 мультимедиялық жүйенің экранына шығады.



Автокөліктің алдындағы 50 см-ден жақын аймақты жүйе көрмейді және ондағы объектілер мультимедиялық жүйенің экранында көрінбейді.. Бұл аймақты есіңізде сақтаңыз!

Көліктің зақымдану қаупі.


АЙНАЛА ШОЛУ ЖҮЙЕСІ (4/4)



Бүйірлік камералар 2

Артқы көріністің сыртқы айналарына орнатылған **2** камералары бүйірлік аймақтардың бейнесін мультимедиялық жүйенің **4** экранына жібереді.

Кескінді белгілі бір камерадан көрсету үшін оны **4** мультимедиялық жүйе экранынан таңдаңыз : қосымша ақпарат алу үшін мультимедиялық жүйелерді пайдалану нұсқаулығын қараңыз.



Жүйені өшіру

Жүйе өшірілуі мүмкін жағдайлар:

- 20 км/сағ жоғары жылдамдықпен қозғалу кезінде;
- автокөліктің жинақталымына байланысты, беріліс қорабының иінтірегін **P** немесе **N** күйіне автоматты режимде ауыстыру кезінде;
- **5** ажыратып-қосқышын басқан кезде.

ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ ШАҚЫРУ (1/3)

Егер бұл жүйе автокөліктің жинақталымына кіретін болса, ол тиісті қызметтердің келуін жеделдету үшін (автокөлік орналасқан елде тиісті инфрақұрылымның болуына байланысты) жол апаты немесе денсаулыққа қауіп төнген жағдайда автоматты түрде немесе қолмен шұғыл көмек шақыруға мүмкіндік береді.

Егер сіз өзіңіз куә болып отырған жол оқиғасы туралы хабарлау үшін шұғыл шақыру функциясын пайдаланатын болсаңыз, Сізге автокөлік ағынының шарттары мүмкіндік берген бойда, шұғыл қызметтер сіздің орналасқан жеріңіз бойынша жол оқиғасының орнын анықтай алуы үшін, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, оқиға орнына жақын жерде өзіңіздің автокөлігіңізді тоқтату қажет. Қалай болғанда да, жергілікті заңнаманың талаптарын сақтаңыз.


Шұғыл шақыру жүйесін жол-көлік оқиғасына немесе ол туралы куәлікке қатысқан жағдайда, сондай-ақ шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда ғана пайдаланыңыз.



Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, егер жол қозғалысының орны мен шарттары мүмкіндік берсе, қажет болған жағдайда жедел жәрдем қызметінің операторына тез жауап беру үшін автокөлікке мүмкіндігінше жақын болыңыз.



- 1 жүйенің жарық индикаторының күйі:
 - жасыл жарық: жүйе қосылған (желі қол жетімді);
 - жанбайды: жүйе өшірілген (желі қол жетімді емес);
 - қызыл жарық: жұмыстың бұзылуы;
 - жыпылықтайтын жасыл жарық: қоңырау шалуды орындау.
- 2 Автоматты режимдегі сигнал шамы.
- 3 SOS батырмасы.
- 4 Микрофон.
- 5 Дауыс зорайтқыш.



Жедел жәрдем шақыру әрқашан келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- шұғыл қызметтердің шақыру сигналы қосылады;
- жол-көлік оқиғасына байланысты деректер жіберіледі (автокөліктің мемлекеттік нөмірі, шақырудың жергілікті уақыты, оқиға алдында автокөліктің орналасуы мен бағыты);
- шұғыл қызмет операторымен дауыстық байланыс жүзеге асырылады;
- қажет болған жағдайда шұғыл көмек сұралады.

Шұғыл көмек шақыру функциясы үшін 2 режим қарастырылған:

- автоматты режим;
- қол режимі.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ШАҚЫРУ (2/3)



Автоматты режим

Индикатордың жасыл жарығы жүйенің 2 автоматты режимінің іске қосылғаны туралы хабарлайды.

Егер жол-көлік оқиғасы кезінде автокөліктің пассивті қауіпсіздік жүйесінің элементтері (қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала кергіштері, қауіпсіздік көпшіктері және т.б.) іске қосылса, шұғыл қоңырау шалу автоматты түрде жасалады.

Қол режимі

Жедел қоңырау шалу үшін:

– 3 түймесін кем дегенде 3 секунд басып тұрыңыз;

немесе

– 10 секунд бойы 3 түймесін 5 рет басыңыз.

Байқаусыз қосылыс кезінде телефон орталығына қосылым орнатылмас бұрын Z түймесін 2 секунд басып тұрып, қоңырауды болдырмауға болады.

Қосылу орнатылғаннан кейін қоңырау тек телефон орталығы тарапынан тоқтатылуы мүмкін.

Тест режимі

(жергілікті заңнамаға байланысты)

Тест режимі жедел жәрдем шақыру функциясының жұмысын тексеру үшін өндіруші компанияның ресми өкілдері мен дилерлері үшін сақталған.


Тест режимін қосу:

– 3 түймесін үш рет аз уақытқа басыңыз;

– шамамен 15 секунд күтіңіз;

– 3 түймесін үш рет аз уақытқа басыңыз.

Тест режимінен шығу автоматты түрде орындалады.



Ақаулар

Кейбір жағдайларда жедел қоңырау шалу функциясы жұмыс істемеуі мүмкін (мысалы, қуат элементінің заряды аз болғандықтан).

Егер жүйе ақаулықты анықтаса, Қызыл 1 индикаторы 30 минуттан астам уақыт бойы жанып тұрады. Мәселе туындаған кезде шұғыл түрде өндірушінің ресми дилеріне хабарласыңыз.

Жүйе арнайы қуат көзінен жұмыс істейді. Қуат элементінің қызмет ету мерзімі шамамен 4 жыл (ауыстыру қажет болса, қызыл индикатор **1** жанады).

Ресми дилерге хабарласыңыз.



Сіздің қауіпсіздігіңізді және жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін кез-келген электрмен жабдықтау операцияларын (алып тастау, өшіру және т.б.) білікті маман жүргізуі керек.

Ауыр жарақат пен күйік қаупі бар.

Техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттамаға сәйкес ауыстыру мерзімділігін (көрсетілген мерзімдерден асырмай) қатаң сақтау қажет.

Пайдаланылған қуат элементі арнайы құрылымға ие. Оны тек ұқсас типтегі элементпен ауыстыру керек.

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.



3-тарау. Жайлылық

«Multi-Sense» автомобильді баптау жүйесі.....	3.2
Ауа ағындарының дефлекторлары, жылыту және желдету жүйесінің ауа беру шүмектері.....	3.3
Салонды жылыту, желдету және ауаны баптау	3.5
Автоматты ауа баптау жүйесі.....	3.9
Ауаны баптау: ақпарат және пайдалану бойынша ұсыныстар	3.13
Әйнек көтергіштер	3.15
Салон жарықтандыруы	3.18
Күнге қарсы күнқағар, тұтқа	3.20
Электр аксессуарларының қуат розеткасы.....	3.21
Заттарға арналған бөлімшелер, салон жабдығы	3.22
Артқы орындықтардың бас тірегіштері.....	3.26
Артқы көп орынды орындық	3.27
Жүксалғыш бөлімшесі.....	3.29
Заттарды жүксалғыш бөлімшесінде тасымалдау	3.30
Жүктерді тасымалдау: тіркемені тіркеп сүйрет, тарту-тіркеу құрылғысы.....	3.31
Артқы сөре	3.32
Жүксалғышты шатырда бекіту тіректері.....	3.33
Мультимедиялық жабдық	3.34

«MULTI-SENSE» АВТОМОБИЛЬДІ БАПТАУ ЖҮЙЕСІ

«Multi-Sense» жүйесінің көмегімен баптаулар аумағының бірін таңдауға болады (автокөліктің жинақталымына байланысты): жүрістің тегістігі және автокөлік динамикасы, салонның жарықтандырылуы және жайлылық.

- «Eco», «Sport» және «My Sense» режимдері алдын-ала орнатылған және теңшелетін шарттармен байланысты.
- «My Sense» режимі толығымен реттеледі

Тарту динамикасы мен тегіс жүріс баптаулары әсер етеді:

- Рөлдік басқару күшейткішіне;
- траекторияны тұрақтандыру жүйесіне;
- қозғалтқыш пен беріліс қорабының жауап қайтару уақытына;
- жылыту жүйесіне.

Қосымша әсер:

- салонның жарықтандырылуына;
- аспаптар қалқаншасында және мультимедиялық жүйе экранында ақпараттың көрсетілуіне.

Қозғалтқыш тоқтап, оны қайта іске қосқаннан кейін «My Sense» режимі әрқашан белсенді болады.

«Eco» режимі


«Eco» режимі жанармайды үнемдеуге арналған. Оған рөлдік басқарудың бірқалыпты жұмысы және жанармай шығынын азайтуды қамтамасыз ететін қозғалтқыш пен беріліс қорабының жұмыс істеу баптаулары тән. Ауаны баптау және жылыту жүйелері қажет болған жағдайда ғана қосылады. ➡2.11

«Sport» режимі

Бұл режимде қозғалтқыш пен беріліс қорабы жүргізушінің әрекетіне тезірек жауап береді. Рөл дөңгелегінің әрекетіне автокөліктің жауап қатуы дәлірек және кенет болады.

«My Sense» режимі

Бұл режимде сіз салондағы жайлылықты, жарықтандыруды және қозғалыс режимін қолмен реттей аласыз.



Мәзірге өту


«Multi-Sense» баптау жүйесіне (автокөліктің жинақталымына байланысты) қол жеткізуге болатын жолдар:

- 1 мультимедиялық жүйе экранында. «Настройки» мәзірін таңдаңыз, «Автокөлік» қойындысын ашып, «MULTI-SENSE» таңдаңыз;
- 2 ажыратып-қосқышының көмегімен.

Мультимедиялық жүйені пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы толық ақпаратты қараңыз.

Барлық режимдерде салон жарықтандырылуының түсін өзгертуге болады. Сонымен қатар, әрқашан зауыттық баптауға оралуға болады.

Ауа ағындарының дефлекторлары, жылыту және желдету жүйесінің ауа беру шүмектері (1/2)



Ауа ағындарының дефлекторлары, жылыту және желдету жүйесінің ауа беру шүмектері (2/2)



Орталық және бүйірлік дефлекторлар


Ауа беру

Жабу үшін көдергіні еңсеріп, **10** тілшігін оңға қарай жылжытыңыз.

Ашу үшін: **10** тілшігін солға қарай жылжытыңыз.

Дефлекторларға ешқандай заттарды бекітпеңіз (мысалы, телефон бекітпелері).


Бұл зақымдануларды болдырмауға мүмкіндік береді.



Ауа ағынының бағыты

10 тілшегін жоғары немесе төмен қарай қажетті қалыпқа жылжытыңыз.

Автокөліктегі жағымсыз иістерді кетіру үшін тек осы мақсатқа арналған құралдарды қолданыңыз. Өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.



Артқы орындар

(автокөліктің жинақталымына байланысты)


11 Жолаушылардың аяқтарын үрлеу шүмегі.



Автокөліктің желдету жүйесіне ешқандай сұйықтық енгізбеңіз (мысалы, жағымсыз иіс пайда болған кезде және т.б.).

Зақымдану немесе өрт қаупі бар.

ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУАНЫ БАПТАУ (1/4)



Басқару органдары

Басқару түймелерінің болуы автокөлік жабдықтарына байланысты.

- 1 Ауаның таралуы.
- 2 Артқы әйнекті және автокөліктің жинақталымына байланысты артқы көрініс айнасы мен жел әйнегін жылыту.
- 3 Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу.
- 4 Ауа баптағышты қосу немесе өшіру.
- 5 Ауа температурасын реттеу.
- 6 Ауаның қайта айналу режимін қосу (салонды сыртқы ауадан оқшаулау режимі).

Пайдалану туралы ақпарат және кеңестер ➔ 3.13.

Ауа температурасын реттеу

5 тұтқасымен қажетті ауа температурасына орнатыңыз. Тұтқа қызыл аймаққа қарай неғұрлым көп ауысса, температура соғұрлым жоғары болады.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын реттеу




3 реттегішін 0 қалпынан дейін жылжытыңыз. Реттегішті оңға жылжытқан кезде салонға ауа беру артады. Ауа ағынын толығымен жабу және желдету жүйесін өшіру үшін 3 реттегішті 0 күйіне орнатыңыз.

Жүйе өшірілген кезде автокөлік салонында ауаны желдету болмайды (автокөлік қозғалыссыз болғанда), бірақ автокөлік қозғалғанда ауаның әлсіз ағынын сезе аласыз.

«0» режимін ұзақ уақыт пайдалану әйнек пен бүйір әйнектердің тұманына, сондай-ақ жағымсыз иістердің пайда болуына әкелуі мүмкін, өйткені автокөлік салонындағы ауа жаңартылмайды.

ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУАНЫ БАПТАУ (2/4)



Ауаны қайта айналдыру режимін қосу (салонды сыртқы ауадан оқшаулау)

6 реттеушісін  қалпына ауыстырыңыз.

Бұл режимде ауа салоннан алынады және сыртқы ауаға қол жеткізбестен қайта айналады.

Ауаны қайта айналдыру режимі мүмкіндік береді:

- салонды сыртқы ауадан оқшаулау (атмосферасы ластанған учаскелерде қозғалу кезінде және т. б.);
- автокөлік салонында қажетті ауа температурасына жетуді жеделдету.

Ауаны қайта айналдыру режимін ұзақ уақыт қолдану әйнек пен бүйір әйнектердің тұманына, сондай-ақ жағымсыз иістердің пайда болуына әкелуі мүмкін, өйткені автокөлік салонындағы ауа жаңартылмайды. Ауаны қайта айналдыру қажеттілігі жойылғаннан кейін, 6 реттегішін бұру арқылы жүйенің қалыпты жұмыс режиміне оралуды ұсынамыз (сыртқы ауа ағынымен).

Жылдам үрлеу

1, 3 және 6 тұтқаларын қалпына келтіріңіз



- сыртқы ауаны алу;
- ауа ағынының максималды жылдамдығы;
- әйнектерді үрлеу.

Ауа баптағышты пайдалану әйнектің булануын жоюды жылдамдатуға мүмкіндік береді.



Электр жылытқышы бар артқы әйнек


Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде 2 ажыратып-қосқышын басыңыз. Сигнал шамы жанады.

Автокөліктің жинақталымына байланысты, бұл функция артқы әйнектің және сыртқы артқы айналардың еруі мен терлеуін қамтамасыз етеді.

Автокөліктің жинақталымына байланысты, жұмыс келесі жағдайда тоқтайды:

- жүйеде орнатылған уақыт өткеннен кейін (сигнал шамы автоматты түрде сөнеді);
- 2 түймесін қайта басқан кезде (сигнал шамы сөнеді).

ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУАНЫ БАПТАУ (3/4)



43550



Бұл қалып бүкіл ауа ағынын алдыңғы әйнек пен бүйір әйнектерді үрлеуге бағыттауға мүмкіндік береді .

Ауа баптағышты қосу немесе өшіру

4 ажыратқышымен ауа баптағышты қосуға (сигнал шамы жанады) немесе өшіруге болады (сигнал шамы жанбайды).

Егер **3** тұтқасы **0** қалпында болса, ауа баптау жүйесі қосылмайды.

Салонға түсетін ауаны тарату

Қажетті нұсқаны таңдау үшін 1 реттеуішін бұраңыз.



Ауа салонға тек аспаптар қалқаншасында орналасқан дефлекторлар арқылы түседі.



Ауа жолаушылардың аяқтарына және аспаптар панелінде орналасқан дефлекторларға бағытталады.



Ауа жолаушылардың аяқтарына және аспаптар панелінде орналасқан дефлекторларға бағытталады. Ауа тек жолаушылардың аяқтарына бағытталуы үшін, аспаптар панелінде орналасқан дефлекторларды жабыңыз.



Салонға ауа барлық дефлекторлар, алдыңғы бүйір әйнектерін үрлеу торлары және жел әйнегі және жолаушылардың аяқтарын жылытуға арналған тесіктер арқылы түседі.


Ауа баптағыш жұмыс істеп тұрған кезде жанармай шығыны артады (қажет болмаған кезде ауа баптағышты өшіріңіз).

ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУАНЫ БАПТАУ (4/4)

Ауаны баптау жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- салондағы ауа температурасының төмендеуі;
- әйнектердің жылдам терлеуі.

Ауа баптағыш сыртқы ауаның төмен температурасында жұмыс істемейді.



Жел әйнектің электр жылытқышы

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде
7 ажыратып-қосқышын басыңыз (кіріктірілген сигнал шамы жанады).

Бұл функция жел әйнегінің жібуіне және терлеуіне арналған (осы функциясы бар автокөліктерде).

Бұл функцияны өшіру үшін 7
ажыратқышын тағы бір рет басыңыз.

АВТОМАТТЫ КЛИМАТТЫҚ ЖҮЙЕ (1/4)



Басқару органдары

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

0 Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу.

1 «Шолуды қамтамасыз ету» функциясы.

2 Ауа температурасын реттеу.

3 Ауа баптағышты қосу немесе өшіру.

4 Салондағы ауаның таралуын реттеу.

5 Ауа ағындарының таралуын көрсету.

6 Ауаны қайта айналдыру режимін қосу (салонды сыртқы ауадан оқшаулау режимі).

7 Автоматты режим.

8 Температураны көрсету.

9 Артқы әйнекті және автокөліктің жинақталымына байланысты артқы көріністің сыртқы айналарын жылыту.

10 Желдету жүйесінің жұмыс жылдамдығын көрсету.

Автоматты режим

Автоматты ауа баптау жүйесі (ерекше ауа-райы жағдайларын қоспағанда) жанармайдың оңтайлы жұмсалуды кезінде автокөлік салонында жақсы көрінуді және қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді. Жүйе желдету жылдамдығын, ауаның таралуын, ауа айналымын, ауа баптау жүйесін қосу немесе өшіруді және ауа температурасын реттейді.

AUTO: сыртқы жағдайларға байланысты таңдалған жайлылық деңгейіне жетудің оңтайлы режимі. **8** түймесін басыңыз. **8** батырмасына орнатылған сигнал шамы жанады.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын реттеу

Автоматты режимде ауа баптау жүйесі ыңғайлы жағдайларға қол жеткізу және қолдау үшін оңтайлы желдеткіш жылдамдығын орнатады.

Сондай-ақ, желдету жылдамдығын арттыру немесе азайту үшін **1** реттегішті бұру арқылы жеткізілетін ауа ағынының жылдамдығын қолмен реттеуге болады.

АВТОМАТТЫ КЛИМАТТЫҚ ЖҮЙЕ (2/4)



Ауа температурасын реттеу

3 реттегішін айналдыру арқылы қажетті ауа температурасын орнатыңыз.

Ескерту: реттегіштің шеткі қалыптарында барынша қыздыру немесе салқындату режимі («Lo» және «Hi») қосылады.

Ауа баптағышты қосу немесе өшіру

Автоматты режимде жүйе сыртқы климаттық жағдайларға байланысты ауа баптағышты қосуды немесе өшіруді жүзеге асырады.

Ауа баптағышты мәжбүрлеп қосу үшін (орнатылған сигнал шамы жанады) немесе өшіру үшін (орнатылған сигнал шамы сөнеді) 4 ажыратып-қосқышын басыңыз.

Кейбір түймелер жүйенің күйін көрсететін жарық индикаторларымен жабдықталған.

Дисплейде көрсетілген температура мәндері жайлылық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін бірден берілген температураның көрсетілген мәнін жоғарылату немесе төмендету оған тезірек жетуді білдірмейді. Жүйе температураның төмендеуін немесе жоғарылауын өздігінен оңтайландырады (желдету жүйесі бірден ауа ағынының максималды жылдамдығына енбейді: жылдамдық біртіндеп артады). Бұл процедура бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін созылуы мүмкін.

Әдетте, кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда, аспаптар панелінің дефлекторлары тұрақты түрде ашық болуы керек.

АВТОМАТТЫ КЛИМАТТЫҚ ЖҮЙЕ (3/4)



«Шолуды қамтамасыз ету»

функциясы

2 түймесін басыңыз: кіріктірілген сигнал шамы жанады.

Бұл функция жел әйнегін, артқы әйнекті, алдыңғы бүйірлік әйнектерді және сыртқы артқы айналарды (автокөліктің жинақталымына байланысты) терлеу және жібіту үшін жылдам үрлеу мен жылытуды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда ауа баптағыш және артқы әйнекті жылыту мәжбүрлі түрде қосылады. Артқы әйнекті жылытуды өшіру үшін **2** түймесін басыңыз. Кіріктірілген сигнал шамы сөнеді.

Бұл функцияны өшіру үшін 2 немесе **8** түймесін басыңыз немесе **1** реттегішін бұрау арқылы берілетін ауа жылдамдығын реттеңіз.

Артқы әйнекті жылыту/үрлеу



10 түймесін басыңыз: кіріктірілген сигнал шамы жанады. Бұл функция артқы әйнектің (оны жылыту және үрлеу арқылы) және артқы көріністің сыртқы айналарының (егер автомобиль көлігі жылытылатын айналармен жабдықталған болса) тез терлеуін немесе жібуін қамтамасыз етеді.

Бұл функцияны өшіру үшін 10 түймесін тағы бір рет басыңыз. Өдепкі бойынша, жылдам терлеу режимі автоматты түрде өшеді.

Салондағы ауа ағындарының таралуын өзгерту

Ауа ағынының таралуын реттеу үшін **5** ажыратып-қосқышын бұраңыз. Түйменің кіріктірілген сигнал шамы жанады.

Бір уақытта **2** қалыпты пайдалануға болады.



Бұл бүкіл ауа ағынын жел әйнегі мен алдыңғы бүйірлік әйнектерді үрлеуге бағыттауға мүмкіндік береді.



Салонға ауа алдыңғы бүйір әйнектерін үрлеу торлары, жел әйнегі және жолаушылардың аяқтарындағы желдеткіш тесіктер арқылы түседі.



Ауа негізінен жолаушылардың аяғына қарай бағытталады.



Ауа аспап панелінің дефлекторларына және жүргізуші мен жолаушылардың аяқтарына бағытталады.



Ауа салонға тек аспап панелінің дефлекторлары арқылы түседі.

АВТОМАТТЫ КЛИМАТТЫҚ ЖҮЙЕ (4/4)



Ауаны қайта айналдыру режимін қосу (салонды сыртқы ауадан оқшаулау)



Бұл функция автоматты түрде басқарылады, бірақ оны қолмен қосуға болады. Бұл жағдайда қосу 7 батырманың үстіндегі сигнал шамының жануымен расталады.

Үрлеу / жылыту әрдайым ауаны қайта айналдыруға қатысты басымдыққа ие

Ескерту

- Қайта айналдыру режимінде ауа салоннан шығарылады және сыртқы ауамен араласпай салонға қайта кіреді;
- қайта айналдыру режимі сыртқы ауаның кіруін болдырмауға мүмкіндік береді (ластанған ауасы бар жерлерде қозғалу кезінде және т. б.);
- Бұл режимде автокөлік салонында белгіленген ауа температурасына қол жеткізу жеделдетіледі;

Қол режимінде пайдалану

7 түймесін басыңыз: кіріктірілген сигнал шамы жанады.

Ауаны қайта айналдыру режимін ұзақ уақыт пайдалану таза сыртқы ауа ағынының болмауына байланысты иістердің пайда болуына және әйнектердің булануына әкелуі мүмкін.

Сондықтан, ауаны қайта айналдыру қажеттілігі жойылғаннан кейін 7 түймесін қайта басып, жүйенің автоматты жұмыс режиміне оралу ұсынылады.

Режимді өшіру үшін 7 түймесін қайтадан басыңыз.

Жүйені өшіру

Жүйені өшіру үшін 1 ажыратып-қосқышын OFF күйіне бұраңыз. Жүйені іске қосу үшін желдету жылдамдығын таңдау үшін 1 ажыратып-қосқышын қайтадан бұраңыз және 8 түймесін басыңыз.

Ауа баптағыш жұмыс істеп тұрған кезде жанармай шығыны артады (қажет болмаған кезде ауа баптағышты өшіріңіз).

АУАНЫ БАПТАУ ЖҮЙЕСІ: ақпарат және пайдалану бойынша ұсыныстар (1/2)

Пайдалану бойынша кеңестер

Кейбір жағдайларда (ауа баптау жүйесі өшірілген, ауа айналымы қосулы, желдету жылдамдығы нөлдік немесе төмен және т.б.) автокөліктің әйнектерінде конденсаттың пайда болуын көруге болады.

Булануды жою үшін «шолуды қамтамасыз ету» функциясын қолданыңыз. Болашақта булануды болдырмау үшін автоматты режимде ауаны баптау жүйесін пайдалану ұсынылады.

«ЕСО» режимі бар автокөліктер

«ЕСО» режимін қосқаннан кейін ауа баптау тиімділігі төмендеуі мүмкін. ➡ 2.11



Автокөліктің желдету жүйесіне ешқандай сұйықтық енгізбеңіз (мысалы, жағымсыз иіс пайда болған кезде және т.б.).

Зақымдану немесе өрт қаупі бар.

Жанармай шығыны

Ауаны баптау жүйесінің жұмысы, әсіресе тығыз қалалық көлік ағыны жағдайында қозғалыс кезінде жанармай шығынын арттырады.

Автоматты режимсіз ауа баптағышымен жабдықталған автокөліктерде қажет болмаған кезде ауа баптағышын өшіріңіз.

Жанармай шығынын азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға көмектесетін кеңестер

Ашық желдету жүйесінің дефлекторларымен және жабық терезелермен жүріңіз. Егер автокөлік ұзақ уақыт күн сәулесінде тұрған болса, қозғалтқышты іске қоспас бұрын салоннан жылы ауаны шығару үшін есікті бірнеше минутқа ашыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Тексеру кезеңділігі-сервистік бағдарламаны қараңыз.

Ауаны баптау жүйесін (тіпті суық ауа райында да) айына кемінде бір рет қосыңыз және оны кем дегенде 5 минутқа қосыңыз.

Жұмыстың бұзылуы

Көп жағдайда ақаулар анықталған кезде өндіруші компанияның сервистік станциясына хабарласу керек.

- Әйнектерді жылыту және үрлеу жүйесінің немесе ауа баптағыш жұмысының тиімділігін төмендету.

Мұның себебі ішкі желдету жүйесі сүзгісінің ластануы болуы мүмкін.

- Ауаны салқындату жүйесі жұмыс істемейді.

Басқару органдарының жағдайын және сақтандырғыштардың күйін тексеріңіз. Егер жағдай өзгермесе, жүйені өшіріңіз.

Көлік астындағы судың болуы


Ауа баптағыш ұзақ уақыт жұмыс істегеннен кейін автокөліктің астында су жиналуы мүмкін - бұл қалыпты жағдай.



Ауабаптағыштың тоңазытқыш контурын ашаңыз.

Тоңазытқыш агенттің теріге және көзге түсуі қауіпті.

АУАНЫ БАПТАУ ЖҮЙЕСІ: ақпарат және пайдалану бойынша ұсыныстар (2/2)



Салқындату жүйесінде құрамында фтор бар парниктік газдар бар тоңазытқыш агентін қолдануға болады

Автокөліктің жинақталымына байланысты, **A** тақтайшасында мотор бөлігінде келесі мәліметтер көрсетілетін болады.

A ақпараттық тақтасының болуы және орналасуы автокөліктің жинақталымына байланысты.



Тоңазытқыш контурын ашпаңыз.

Тоңазытқыш агенттің теріге және көзге түсуі қауіпті.



Мотор бөлімінде кез-келген жұмысты бастамас бұрын, тұтануды өшіріңіз. ➔ 2.3 немесе ➔ 2.5.

 Тоңазытқыш агентінің түрі

 Ауаны баптау жүйесіндегі майдың түрі

 Өртенгіш зат

 Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз

 Техникалық қызмет көрсету

x,xxx кг

Автокөлік жүйелеріндегі тоңазытқыш агенттің саны.


GWP xxxxx

Ғаламдық жылыну шамасы (GWR) (CO2 баламасы).

CO2 экв.
x,xx т

CO2 салмағы мен баламасы бойынша саны

ӘЙНЕК КӨТЕРГІШТЕР (1/3)




Электр әйнек көтергіштер

Тұтану қосылған кезде және автокөліктің жинақталымына байланысты, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, әйнекті қажетті деңгейге дейін түсіру үшін ажыратып-қосқышты басыңыз.

Әйнекті қажетті биіктікке көтеру үшін ажыратып-қосқышты көтеріңіз.

Жүйе алдыңғы есіктердің бірі ашылғанға дейін (бірақ 3 минуттан аспай) от өшірілген кезде де жұмыс істейді.



Жүргізуші орнынан электр әйнек көтергіштерін басқару


Ажыратып-қосқыштарды қолданыңыз:

- 1, жүргізуші есігінің әйнек көтергішін қосу үшін;
- 2 алдыңғы жолаушы жағынан;
- 3 немесе 4 артқы жолаушылар үшін.

Алдыңғы жолаушы орнынан басқару

5 ажыратып-қосқышты пайдаланыңыз.

Ашық терезеге ешқандай заттарды тіреп қоймаңыз: әйнек көтергіштің зақымдану қаупі бар.




Артқы орындық жақтан әйнек көтергіштерді басқару

6 ажыратып-қосқышты пайдаланыңыз.



Терезелерді жапқан кезде дененің қандай да бір мүшелері (қол, алақан және т. б.) автокөліктен шығып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Ауыр жарақат алу қаупі бар.



Импульстік режим

Егер автокөлік осы жүйемен жабдықталған болса, импульстік режим жоғарыда сипатталған электр әйнек көтергіштердің жұмысын толықтырады.

Бұл режим тек жүргізуші есігіне арналған.

- Тиісті ажыратып-қосқыштың тұтқышына тірелгенше басыңыз және оны босатыңыз: әйнек толығымен төмендейді.
- Тиісті ажыратып-қосқыштың тұтқышын күрт және тірелгенше көтеріп, босатыңыз – әйнек толығымен көтеріледі.

Әйнек көтергіштің жұмысы кезінде қосқышты қайта басу әйнектің тоқтап қалуына әкеледі.

Ескерту

Егер жабу кезінде әйнек кедеріге тап болса (мысалы, бұтақ кесірінен және т.б.), әйнек көтергіш тоқтайды, содан кейін әйнекті бірнеше сантиметрге түсіреді.

Әйнектің қозғалысы кезінде ажыратқышты басу оның тоқтап қалуына әкеледі.



Артқы орындықтарда жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
Автокөліктің жинақталымына байланысты жүргізуші 7 ажыратып-қосқышты басу арқылы артқы есіктердің электр әйнек көтергіштерін бұғаттай алады.

Автокөлікті қою немесе тоқтату кезіндегі жүргізушінің жауапкершілігі

Автокөліктен шыққан кезде, егер автокөлікте бала, мүгедек ересек адам немесе үй жануарлары болса, тіпті қысқа уақыт ішінде де салонда кілт қалдырмаңыз. Олар қозғалтқышты өздігінен іске қосу немесе автокөлік жабдықтарын іске қосу арқылы өздерін және басқа адамдарды қауіп-қатерге душар етуі мүмкін (мысалы, берілісті ауыстру иінтірегінің орнын өзгерту немесе әйнек көтергіштерді қосу арқылы). Дененің кез-келген бөлігі қысылған жағдайда, тиісті ажыратқышты басып, әйнекті дереу түсіріңіз.

Ауыр жарақат алу қаупі бар.

ӘЙНЕК КӨТЕРГІШТЕР (3/3)

Ақаулар

Егер импульстік режимде әйнектердің біреуін көтеруге кедергі немесе ақаулық болса, жүйе импульсті режимнен аналогтық жұмыс режиміне оралады. Әйнекті толығымен көтеру үшін ажыратып-қосқышты қанша рет қажет болса, сонша рет басыңыз, содан кейін ажыратқышты 3 секундтан артық басып тұрыңыз (көтеру үшін). Содан кейін әйнекті төмендетіп, ажыратып-қосқышты шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Әйнек толығымен көтеріліп, жүйе қайтадан іске қосылады.

Қажет болса, өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.


Терезенің сәл ашылған әйнегіне қандай да бір заттарды тіреп қоймаңыз: әйнек көтергішке зақым келтіру қаупі.



Терезелерді жапқан кезде дененің ешқандай бөлігі (қол, алақан және т.б.) автокөліктен шықпайтынына көз жеткізіңіз.

Ауыр жарақат алу қаупі бар.


САЛОН ЖАРЫҚТАНДЫРУЫ (1/2)



Бағытталған жарықтандыру шамы

1 ажыратып-қосқыштың қалпы келесіні қамтамасыз етеді:

- тұрақты жарықтандыру;
- автокөлікті ашу немесе есіктердің бірін ашу кезінде жарықтандыруды қосу. Жарықтандыру тиісті есіктер толығымен жабылған кезде және белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана сөнеді;
- дереу өшіру.



Плафон

1 ажыратып-қосқыштың қалпы келесіні қамтамасыз етеді:


- тұрақты жарықтандыру;
- автокөлікті ашу немесе есіктердің бірін ашу кезінде жарықтандыруды қосу. Жарықтандыру тиісті есіктер толығымен жабылған кезде және белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана сөнеді;
- дереу өшіру.

Салонды жарықтандыру аспаптарының автоматты жұмыс істеуі

(автокөліктің жинақталымына байланысты)


- Есіктерді қашықтықтан басқару пультінің көмегімен ашу кезінде салонды жарықтандыру шамамен 30 секундқа қосылады;
- егер есік ашық қалса (немесе тығыз жабылмаса), салондағы жарық 3-тен 30 минутқа дейін жануды жалғастырады;
- егер барлық есіктер жабық болса, онда тұтану қосылған кезде салонның жарығы біртіндеп сөнеді.

САЛОН ЖАРЫҚТАНДЫРУУ (2/2)



Қолғап жәшігін жарықтандыру


Қақпақ ашылған кезде 3 шамы қосылады.



Жүксалғыш бөлімшесінің жарықтандыру шамы 4


4 шамы жүксалғыш бөлімшесінің есігі ашылған кезде жанады.

КҮНГЕ ҚАРСЫ КҮНҚАҒАР, ТҰТҚА



1 және 3 күнге қарсы күнқағар

1 немесе 3 күнқағарды жел әйнегіне түсіріңіз немесе ажыратыңыз да, бүйір әйнекке бұрыңыз.



Жеке айналар 2

5 қақпағын көтеріңіз.

Автокөліктің жинақталымына байланысты, 4 жарықтандыру автоматты түрде қосылады.



Тұтқа 6

Тұтқалар қозғалыс кезінде қолдау ретінде қызмет етеді.

Автокөлікке кіргенде немесе одан шыққан кезде оны пайдаланбаңыз.


Киімге арналған ілмектер 7



Қозғалыс кезінде жеке айна қақпағының жабылғанына көз жеткізіңіз.

Жарақат алу қаупі бар.

ЭЛЕКТР АКСЕССУАРЛАРЫНЫҢ ҚҰАТ РОЗЕТКАСЫ



Электр аксессуарларының қуат розеткасы 1

Розетка автокөлік өндірушісінің техникалық талаптарына сәйкес келетін электр аксессуарларын қосуға арналған.

Егер сіздің автокөлігіңізде тұтатқыш пен құлсалғыш орнатылмаған болса, оларды өндіруші компанияның дилерінен сатып алуға болады.




Максималды қуаты 120 Вт (12 В) асатын электр аксессуарларын қосуға тыйым салынады.


Бірнеше құрылғыны бір уақытта пайдалану кезінде қосылған электр аксессуарларының жалпы қуаты 180 Вт-тан аспауы керек.

Жану қаупі бар.

ЗАТТАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕР, САЛОН ЖАБДЫҒЫ (1/4)



Алдыңғы есіктердегі зат қалталар 1



Орталық консольдегі ұсақ заттарға арналған бөлімше 2



Стақан қойғыштар 3

Оларды алынбалы күлсалғышты, әртүрлі ыдыстарды және т. б. орнату үшін пайдалануға болады.




Еденде (жүргізушінің алдында) ешқандай заттар болмауы керек, өйткені күрт тежеу жағдайында олар басқыштардың астына түсіп, олардың қозғалуына кедергі келтіруі мүмкін.





Қатты, ауыр немесе өткір заттар ашық зат бөлімшелерінде болмайтынына және олардан шығып тұрмағанына көз жеткізіңіз, өйткені бұрылыс, күрт тежеу немесе соққы кезінде олар шашылып, жүргізуші мен жолаушыларға зиян келтіруі мүмкін.

ЗАТТАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕР, САЛОН ЖАБДЫҒЫ (2/4)



Орталық консольдегі ұсақ заттарға арналған бөлімше 5

4 шынтақшаны артқа қарай сырғытыңыз және көтеріңіз.



Алдыңғы орындықтардың арқалығындағы 6 қалтасы



Еденде (жүргізушінің алдында) ешқандай заттар болмауы керек, өйткені күрт тежеу жағдайында олар басқыштардың астына түсіп, олардың қозғалуына кедергі келтіруі мүмкін.




Қатты, ауыр немесе өткір заттар ашық зат бөлімшелерінде болмайтынына және олардан шығып тұрмағанына көз жеткізіңіз, өйткені бұрылыс, күрт тежеу немесе соққы кезінде олар шашылып, жүргізуші мен жолаушыларға зиян келтіруі мүмкін.

ЗАТТАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕР, САЛОН ЖАБДЫҒЫ (3/4)



Қолғап жәшігі

Ашу үшін 7 тұтқасын тартыңыз.




Бұл зат жәшігінде А4 форматындағы құжаттар және т. б. сақталуы мүмкін. Қапқақтың ішінде автоқаламдар, карталар және т. б. үшін 8 орны қарастырылған.



Еденде (жүргізушінің алдында) ешқандай заттар болмауы керек, өйткені күрт тежеу жағдайында олар басқыштардың астына түсіп, олардың қозғалуына кедергі келтіруі мүмкін.

ЗАТТАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕР, САЛОН ЖАБДЫҒЫ (4/4)




**Артқы есіктердегі қалталар
9**



**10 немесе 11 артқы
орындықтың орталық
шынтақшасы**

10 шынтақшасы төменгі қалыпта. Кейбір автокөліктер стақан ұстағышпен жабдықталған.



Автокөліктің жинақталымына байланысты **(11)** шынтақшаны **12** тілшенің көмегімен түсіруге болады




Қатты, ауыр немесе өткір заттар ашық зат бөлімшелерінде болмайтынына және олардан шығып тұрмағанына көз жеткізіңіз, өйткені бұрылыс, күрт тежеу немесе соққы кезінде олар шашылып, жүргізуші мен жолаушыларға зиян келтіруі мүмкін.



Бұрылыстар кезінде, үдеу немесе тежеу кезінде стақандардағы сұйықтық төгілуі мүмкін.

Ыстық сұйықтық төгілгенде күйіп қалу қаупі бар.

АРТҚЫ ОРЫНДЫҚТАРДЫҢ БАС ТІРЕГІШТЕРІ




A бас тірегішінің жұмыс қалпы
(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Бас тірегішті тірелгенше көтеріңіз, содан кейін оны бекітілгенге дейін төмендетіңіз.

A бас тірегішінің алып тастау

Бас тірегішті мүмкіндігінше жоғары көтеріңіз, **1** түймесін басып, оны алыңыз.




A ба тірегішін орнату

Бас тірегіштердің өзектерін бағыттаушы төлкелерге салыңыз, **1** түймесін басыңыз, бас тірегішті төмен түсіріп, оның бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

A бас тірегішінің жұмыстық емес қалпы


1 түймесін басыңыз, бас тірегішті толығымен төмен түсіріңіз.

Бас тірегіштің ең төменгі қалпы (B) - жұмыстық емес. Ол орындықта жолаушы болған кезде пайдаланылмауы тиіс.



Бас тірегіш қауіпсіздік элементі болып табылады. Оның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз: бас тірегіштің жоғарғы шеті бастың жоғарғы деңгейінде болуы керек.

АРТҚЫ КӨП ОРЫНДЫ ОРЫНДЫҚ (1/2)




А немесе В арқалығын бұктеу

- Артқы қауіпсіздік белдігінің құлпын **1** ойыққа салыңыз;
- Бас тірегіштерді алып тастаңыз немесе толығымен төмендетіңіз
➔ 3.26;
- **2** түймесін басыңыз;
- Арқалықты төмен түсіріңіз.



Қауіпсіздік мақсатында барлық реттеулерді тоқтап тұрған автокөлікте жасаңыз.



А немесе В арқалығының орнына орнату үшін

- Арқалықты көтеріңіз;
- Арқалықтың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



Артқы көп орынды орындықты әр жылжытқан сайын артқы қауіпсіздік белдіктерінің дұрыс орнатылуын және жұмыс істеуін тексеріңіз.




Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына келтіргеннен кейін, оның жоғарғы бөлігінің бекітілу сенімділігін тексеріңіз.

Егер қаптар болса, олар орындықтың арқалығының бекітілуіне кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік белдіктерінің дұрыс орналасуын қадағалаңыз. Бас тірегіштерді орнына қойыңыз.



Артқы орындықты жылжытқан кезде бекіту аймағында (жолаушылар, жануарлар денесінің бөліктері, қиыршықтас, мата бөліктері, ойыншықтар және т.б.) кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.

АРТҚЫ КӨП ОРИНДЫ ОРИНДЫҚ (2/2)



Жылытқышы бар орындықтар

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Тек бүйірлік орындықтар.

Тұтану қосылған кезде:

- тиісті орындықтың **3** ажыратып-қосқышын бірінші рет басқан кезде жылыту жүйесі қосылады. Ажыратып-қосқышқа орнатылған сигнал шамы жанады;
- **3** ажыратып-қосқышын қайта басқан кезде жылыту жүйесі өшіріледі. Ажыратқышқа кіріктірілген сигнал шамы сөнеді.


Температураны реттейтін жүйе жылытудың қажет немесе қажет еместігін анықтайды.

Ақаулар

Егер ақаулық анықталса, тиісті орындықтың 3 ажыратып-қосқышында сигнал шамы жыпылықтай бастайды.

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

ЖҮКСАЛҒЫШ БӨЛІМШЕ



Ашу үшін

1 түймесін басып, жүксалғыш бөлімшесінің есігін көтеріңіз.

Жабу үшін

Жүксалғыш бөлімшесіндегі **2** тұтқасының көмегімен жүксалғыш бөлімшесінің есігін (қақпағын) түсіріңіз.



Орталық құлып

Жүксалғыш бөлімше есігінің құлпы басқа есіктердің құлыптарымен бір мезгілде ашылады және жабылады.

Жүксалғыш бөлімшесінің есігі сіздің иығыңыздың биіктігінде болған кезде, ішкі тұтқаны босатып, есікті сыртынан басу арқылы жабыңыз.



Жүксалғыш бөлімшесінің қақпағына жүк пен заттарды (велосипедтерге арналған жүксалғыш, киім жәшігі және т.б.) тасымалдауға арналған кез келген құрылғыны орнатуға тыйым салынады. Автокөлікпен жүктерді және заттарды тасымалдауға арналған құрылғыларды орнату үшін ресми дилерлік желінің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

ЗАТТАРДЫ ЖҮКСАЛҒЫШ БӨЛІМШЕСІНДЕ ТАСЫМАЛДАУ


Заттарды тасымалдау кезінде оларды әрқашан ең үлкен жағымен келесідей сүйенетіндей етіп орналастырыңыз:

- автокөліктің қалыпты жүктемесі бар артқы көп орынды орындықтың арқалығына (**A** мысалы);
- автокөліктің максималды жүктелуі кезінде алдыңғы орындықтардың арқалықтарына, артқы орындықтардың арқалықтарына (**B** мысалы).



Ең ауыр заттарды еденге орналастырыңыз.


Егер заттарды бүктелген орындықтың арқалығына орналастыру қажет болса, арқалықты бүктемес бұрын бас тірегіштерді алып тастауды ұмытпаңыз (ол орындықтың жастығына мүмкіндігінше тығыз орналасатындай етіп).




Ең ауыр заттарды еденге орналастырыңыз. Егер автокөлік олармен жабдықталған болса, жүксалғыш бөлімшесінің еденінде орналасқан жүкті бекітуге арналған **1** құрылғыны пайдаланыңыз.

Тасымалданатын заттар бір де бір зат алға шығып кетпейтіндей және кенеттен тежеу жағдайында жолаушыларға жарақат әкелмейтіндей орналастырылуы тиіс. Жолаушылар болмаса да, артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерін бекітіңіз.

ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ: тіркемені тіркеп сүйреу, тарту-тіркеу құрылғысы



$A = 1095$ мм максималды



Тарту-тіркеу құрылғысына
максималды рұқсат етілген
жүктеме, тежеуіш жүйесі бар және
жоқ сүйретілетін тіркеменің
максималды рұқсат етілген
массасы. ➔ 6.7.

**Тарту-тіркеу құрылғысын таңдау
және орнату**


Тарту-тіркеу құрылғысының
максималды салмағы: 25 кг.

Тарту-тіркеу құрылғысын орнату және
оны пайдалану шарттары құрылғыны
орнату бойынша дайындаушының
нұсқаулықтарында сипатталған.

Біз осы нұсқауларды басқа автокөлік
құжаттамасымен бірге сақтауды
ұсынамыз.

Егер ілінісу шары нөмірлік белгіні
немесе артқы шамды жауып тұрса,
оны тасымалдау аяқталғаннан кейін
бірден алып тастау керек.
Әрқашан жергілікті заңнама
талаптарын сақтаңыз

АРТҚЫ СӨРЕ




Алып тастау

Екі **1** сымын жүксалғыш бөлімшесінің есігінен ажыратыңыз.



Жарақат пен зақымдануды болдырмас үшін сөреге ауыр заттарды, сондай-ақ өткір жиектері бар қатты заттарды қоймаңыз.

Кенеттен тежеу немесе апат кезінде олар автокөлік жолаушылары үшін қауіп көзі болуы мүмкін.




Сөренің екі жағында орналасқан **3** бекіткіштерді ажырату үшін **2** сөресін орташа биіктікке көтеріңіз.

2 сөресін сәл көтеріп, шеттерін ұстап, өзіңізге қарай тартыңыз.

Сөрені орнына қою оны алып тастау ретіне кереғарлықпен жүзеге асырылады.

ЖҮКСАЛҒЫШТЫ ШАТЫРДА БЕКІТУ ТІРЕКТЕРІ



Бекіту ұяларына қол жеткізу

1 бекіту нүктелеріне қол жеткізу үшін есіктерді ашыңыз.



Егер өндірушінің техникалық талаптарына сәйкес келетін түпнұсқа шатыр тіректері болттармен бірге болса, тек осы болттарды жүксалғыш тіректерін автокөлікке бекіту үшін пайдаланыңыз.

Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

Жүк бөлімшесінің есігін басқару

Жүксалғыш бөлімшесінің есігін ашпас бұрын, шатыр тіректеріне бекітілген заттарды және/немесе қосымша жабдықты (велосипед ұстағыштары, шатырдағы жүксалғыш бөлімшесі және т.б.) тексеріңіз: олар дұрыс орналастырылып, бекітілуі керек және жүксалғыш бөлімшесінің есігінің қозғалуына кедергі келтірмеуі керек.

Сіздің автокөлігіңізге бейімделген жабдықты таңдау кезінде сізге өндіруші компанияның сервистік станциясынан кеңес алуды ұсынамыз.

Жүксалғыш тіректерін орнату және шатырдағы жүксалғышты пайдалану шарттары жүксалғыш дайындаушының нұсқаулықтарында сипатталған. Осы нұсқауларды басқа автокөлік құжаттамасымен бірге сақтауды ұсынамыз.

Шатырдағы жүксалғышқа рұқсат етілген жүктеме ➡ 6.7.




A Спойлері



Жүксалғыш бөлімшесінің спойлеріне жүк пен заттарды (велосипедтерге арналған жүксалғыш, киім жәшігі және т.б.) тасымалдауға арналған кез келген құрылғыны орнатуға тыйым салынады. Автокөлікпен жүктерді және заттарды тасымалдауға арналған құрылғыларды орнату үшін ресми дилерлік желінің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР (1/2)



Бұл жабдықтың болуы және орналасуы автокөліктің жинақталымына байланысты.

- 1 Мультимедиялық экран.
- 2 Мультимедийный разъем.
- 3 Мультимедиялық жалғағыштар.
- 4 Рөл асты басқару органдары.
- 5 Микрофон.

Мультимедиялық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оның жұмысы туралы толық ақпарат алу үшін қараңыз.



«Бос қолдар» режимінде телефонды басқарудың кіріктірілген жүйесі

5 микрофонды және 4 рөл дөңгелегіндегі ажыратып-қосқышты қолданыңыз.



Телефонды пайдалану

Осы құралдарды пайдалануға қатысты бөлігінде сіздің елде қолданыстағы заңнаманы сақтау қажеттілігі туралы еске саламыз.

2 мультимедиялық жалғағыштар

Сыртқы құрылғылардың мультимедиялық контентіне қол жеткізу үшін оларды USB жалғағышына қосуға болады.

Мультимедиялық жүйенің экраны мен рөл дөңгелегіндегі басқару органдарын қолдана отырып, сіз әртүрлі дерек көздерді таңдай аласыз.

3 мультимедиялық жалғағыштар


Сыртқы құрылғылардың мультимедиялық контентіне қол жеткізу үшін оларды USB жалғағыштарына қосуға болады.

Мультимедиялық жүйенің экраны мен рөл дөңгелегіндегі басқару органдарын қолдана отырып, сіз әртүрлі көздерді таңдай аласыз.

USB жалғағыштарын өндірушінің талаптарына сәйкес келетін аксессуарларды әр жалғағышқа максималды қуаты 12 Вт (5 В кернеуде) зарядтау үшін де пайдалануға болады.

ЖАСС ұясының арқасында сыртқы дыбыстық құрылғыны тиісті сым арқылы аудио жүйеге қосуға болады.

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР (2/2)



Артқы жалғағыштар 6

USB жалғағыштарын өндірушінің талаптарына сәйкес келетін аксессуарларды әр жалғағышқа максималды қуаты 12 Вт (5 В кернеуде) зарядтау үшін ғана пайдалануға болады.



USB жалғағыштарын өндірушінің талаптарына сәйкес келетін аксессуарларды әр жалғағышқа максималды қуаты 12 Вт (5 В кернеуде) зарядтау үшін ғана пайдалануға болады.

Жану қаупі бар.



4-тарау. Автокөлікке күтім жасау

Капот	4.2
Қозғалтқыштағы май деңгейі: жалпы мәліметтер	4.4
Қозғалтқыштағы май деңгейі: толықтыру / құю	4.6
Деңгейлері:	4.9
тежегіш сұйықтық	4.9
қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы	4.10
әйнек жууға арналған сұйықтық	4.11
Сүзгілер	4.12
Шиналардағы ауа қысымы	4.13
Аккумулятор батареясы	4.15
Автокөлік шанағына күтім жасау	4.17
Автокөлік салонына күтім жасау	4.20

КАПОТ (1/2)




Капот құлпын ашу

Капотты ашу үшін **1** тұтқасын тартыңыз. Капотты бұғаттан шығару үшін, капотты сәл көтеріп, **4** тілшігін көтеріп, **2** ілгегін босатыңыз.



Мотор бөлімінде кез-келген жұмысты бастамас бұрын, тұтануды өшіріңіз. ➔ 2.3 немесе ➔ 2.5.



Капотты ашу

Капотты көтеріп, оны **3** тіректермен бекітілгенге дейін жоғары қарай бағыттаңыз.

Капотты жабу

Мотор бөлімінде бөгде заттарды ұмытпағаныңызға көз жеткізіңіз.

Жабу үшін капотты алдыңғы жиектің ортасынан алыңыз, оны жабық қалыптан 25 см-ге дейін жеткізіңіз, содан кейін босатыңыз. Капот өз салмағымен жабылады.



Қозғалтқышқа жақын жерде жұмыс істеу кезінде оның ыстық болуы мүмкін екеніне назар аударыңыз. Сондай-ақ, салқындату жүйесінің желдеткіші кез келген уақытта қосылуы мүмкін екенін ұмытпаңыз. Бұл туралы қозғалтқыш



бөліміндегі сигнал шамы еске түсіреді.

Жарақат алу қаупі бар

КАПОТ (2/2)



Қозғалтқышты қашықтықтан іске қосу функциясын қосуға немесе капотты ашпас бұрын немесе капот ашық болғанда оны бағдарламалауды орындауға тыйым салынады.

Күйік немесе ауыр жарақат алу қаупі бар.



Капоттың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Құлыпты құлыптауға ештеңе кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз (қиыршық тас, шүберек және т.б.).



Мотор бөлімінде жұмыс істегеннен кейін, онда ештеңені (шүберек, құралдар және т.б.) ұмытпағаныңызға көз жеткізіңіз.

Қалдырылған заттар қозғалтқышты зақымдауы немесе тұтануға себеп болуы мүмкін.



Капот астындағы кеңістікте жұмыс жасамас бұрын, әйнек тазартқыштың ажыратып - қосқышы «өшірулі» күйде екеніне көз жеткізіңіз.

Жарақат алу қаупі бар



Ашық капотқа сүйенбеңіз: ол кенеттен жабылуы мүмкін.



Радиатор қаптамасына немесе капотқа қатты соққы жасағаннан кейін де, өндіруші компанияның қызмет көрсету орталығында капоттың құлпын мүмкіндігінше тез тексеріңіз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ МАЙ ДЕҢГЕЙІ: жалпы мәліметтер (1/2)

Қозғалтқыштарда май жылжымалы бөлшектерді майлау және салқындату үшін қолданылады. Пайдалану кезінде кейде майды ауыстыру арасындағы уақыт аралығында оны толықтыру қажет болады.

Егер автокөлікті сынағаннан кейін май шығыны 1 000 км - ге 0,5 л-ден асса, өндіруші компанияның сервистік станциясына жүгіну қажет.

Ескерту: 1000 км-ге 0,5 л шамасы май шығынының шекті шамасы немесе «рұқсат етілген нормасы» болып табылмайды. Пайдалану процесінде май шығысының шамасы қозғалтқыштың жұмыс режиміне (айналымдар мен жүктемелерге), сыртқы атмосфералық жағдайларға, майдың сапасы мен тұтқырлық сипаттамаларына, автокөліктің жай - күйіне (оның ішінде қозғалтқыш бөлшектерінің тозу дәрежесіне) және басқа да фактілерге байланысты болады және көрсетілген шамадан асып кетуі мүмкін.

Мерзімділігі: кем дегенде әр ұзақ сапар алдында қозғалтқыштың бүлінуіне жол бермеу үшін қозғалтқыштағы май деңгейін мезгіл - мезгіл тексеріп отырыңыз.



Мотор бөлімінде кез-келген жұмысты бастамас бұрын, тұтануды өшіріңіз. ➡ 2.3 немесе ➡ 2.5.




Мотор майын толықтыру

Мотор майының қозғалтқыш бөлігіндегі ыстық беттерге немесе оңай зақымдалатын бөлшектерге (мысалы, электр жабдықтары) түсіп кетпеуі үшін құйғышты қолданыңыз немесе құю қылтасының айналасындағы аймақты мықтап оқшаулаңыз.

Тұтану қаупі бар.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ МАЙ ДЕҢГЕЙІ: жалпы мәліметтер (2/2)



Май деңгейін тексеру

Май деңгейін дәл анықтау үшін автокөлікті тегіс көлденең алаңда орнату және қозғалтқышты ұзақ уақытқа өшіру қажет.

Майдың нақты деңгейін анықтау үшін, сондай-ақ майдың рұқсат етілген ең жоғары деңгейінің аспағанына көз жеткізу үшін (май деңгейінің артуы қозғалтқыштың бұзылуына әкеледі) май өлшеу сүңгішін қолдануды ұмытпаңыз. Қозғалтқышты маймен толтыру туралы келесі беттерді қараңыз.

Май деңгейінің тез немесе қайталанатын төмендеуі кезінде өндіруші компанияның ресми дилерінің сервистік станциясына хабарласыңыз.

- Сүңгішті алып тастаңыз және оны талшықсыз шүберекпен сүртіңіз;
- сүңгішті тоқтағанша салыңыз (C «тығын-сүңгішпен» жабдықталған автокөліктер үшін тығынды толығымен ораңыз);
- сүңгішті қайтадан алыңыз;
- май деңгейін тексеріңіз: деңгей «mini» A белгісінен төмен немесе «maxi» B белгісінен жоғары болмауы керек.

Деңгейді тексергеннен кейін, май өлшегіш сүңгішті тірелгенге дейін салыңыз немесе тығын-сүңгішті тірелгенге дейін тартыңыз.




Қозғалтқыштағы майдың максималды деңгейінен асып кету

Ешқандай жағдайда B максималды деңгейінен асып кетпеу керек: оның асып кетуі қозғалтқыш пен каталитикалық бейтараптандырығыштың зақымдалуына әкеледі.

Егер максималды деңгейден асып кетсе, **қозғалтқышты іске қоспаңыз** және өндіруші компанияның қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ МАЙ ДЕҢГЕЙІ: толықтыру, құю 1/3



Майды толықтыру/құю

Жұмыс істемейтін суық қозғалтқышы бар автокөлік (мысалы, күні ішінде қозғалтқышты бірінші рет іске қосқанға дейін) көлденең алаңда болуы тиіс.



Құю: майды толықтыра отырып, оның қозғалтқыш бөлшектеріне түспейтініне көз жеткізіңіз – бұл тұтануға әкелуі мүмкін. Тығынды дұрыс орауды ұмытпаңыз, әйтпесе май қозғалтқыштың ыстық бөліктеріне тиген кезде тұтану пайда болуы мүмкін.

- **1** тығынды бұрап алыңыз;
- майды толықтырыңыз (анықтама үшін: **2** сұңгішінің «**min**» және «**max**» белгілері арасындағы аралық қозғалтқыш моделіне байланысты 1,5-тен 2 л-ге дейін көлемге сәйкес келеді);
- май толығымен ағып кетуі үшін шамамен 10 минут күтіңіз;
- май деңгейін **2** сұңгішімен тексеріңіз (жоғарыда көрсетілгендей).

Деңгейді тексергеннен кейін, май өлшегіш сұңгішті тірелгенге дейін салыңыз немесе тығын-сұңгішті тірелгенге дейін тартыңыз.



Қозғалтқышқа жақын жерде жұмыс істеу кезінде оның ыстық болуы мүмкін екеніне назар аударыңыз. Сондай-ақ, салқындату жүйесінің желдеткіші кез келген уақытта қосылуы мүмкін екенін ұмытпаңыз. Бұл туралы қозғалтқыш

бөліміндегі сигнал шамы еске түсіреді.



Жарақат алу қаупі бар

Не превышайте уровень «**max**» и не забудьте установить на место щуп **2** и пробку **1**.



Мотор бөлімінде кез-келген жұмысты бастамас бұрын, тұтануды өшіріңіз. ➔ 2.3 немесе © 2.5




Қозғалтқыштағы майдың максималды деңгейінен асып кету

Ешқандай жағдайда **В** максималды деңгейінен асып кетпеу керек: оның асып кетуі қозғалтқыш пен катализаторлық бейтараптандырғыштың зақымдалуына әкеледі.

Егер максималды деңгейден асып кетсе, **қозғалтқышты іске қоспаңыз** және өндіруші компанияның қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқыштағы май деңгейі: толықтыру, құю (2/3)



Май деңгейінің тез немесе қайталанатын төмендеуі кезінде өндіруші компанияның ресми дилерінің сервистік станциясына хабарласыңыз.



Капот астындағы кеңістікте жұмыс жасамас бұрын, әйнек тазартқыштың ажыратып - қосқышы «өшірулі» күйде екеніне көз жеткізіңіз.

Жарақат алу қаупі бар.



Майды ауыстыру:

егер сіз майды ауыстыратын болсаңыз, ыстық қозғалтқыштан төгілген маймен күйіп қалмас үшін абай болыңыз.



Мотор майын толықтыру

Мотор майының қозғалтқыш бөлігіндегі ыстық беттерге немесе оңай зақымдалатын бөлшектерге (мысалы, электр жабдықтары) түсіп кетпеуі үшін құйғышты қолданыңыз немесе құю қылтасының айналасындағы аймақты мықтап оқшаулаңыз.

Тұтану қаупі бар.

Қозғалтқыштағы май деңгейі: толықтыру, құю (3/3)

Қозғалтқыштағы майды ауыстыру

Ауыстыру мерзімділігі: техникалық қызмет көрсету бағдарламасын қараңыз.

Қозғалтқыштағы май көлемі

Техникалық қызмет көрсету құжатын қараңыз немесе өндіруші компанияның қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Әрқашан қозғалтқыштағы май деңгейін жоғарыда сипатталған әдіспен тексеріңіз (май деңгейі сүңгіштегі «mini» белгісінен төмен және «maxi» белгісінен жоғары болмауы керек).

Мотор майының түрі

Автокөліктің техникалық қызмет көрсету бағдарламасын қараңыз.

Майды ауыстыру мерзімі туралы ескерту жүйесін қайта инициализациялау

(автокөліктің жинақталымына байланысты)

Қозғалтқыштағы майды ауыстырғаннан кейін майды ауыстыру мерзімі туралы ескерту жүйесін қайта іске қосу қажет. Ол үшін тұтану қосылғаннан кейін 10 секунд ішінде:

- Акселератор басқышына тірелгенше басыңыз;
- акселератор басқышын басып тұрып, тежегіш басқышын қатарынан үш рет басыңыз.

Қайта инициализация  сигнал шамы сөнген кезде аяқталады. Олай болмаған жағдайда, осы әрекетті қайталаңыз.

Ескерту. Ескертуді нөлдеуді кезекті май ауыстыру мерзімі басталғанға дейін май ауыстырылған жағдайда да орындау қажет. Бұл жағдайда нөлдеуді растау

үшін  сигнал шамы шамамен 5 секунд жанып тұрады.



Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышты жабық бөлмеде қалдыруға тыйым салынады, өйткені пайдаланылған газдар улы болып табылады.



